



**«ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ БАСЫМ
БАҒЫТТАРЫ»**

халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
17-18 қараша 2025

PROCEEDINGS
of the international scientific conference
**«PRIORITY DIRECTIONS OF SCIENCE AND EDUCATION
DEVELOPMENT»**
17-18 November 2025

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научной конференции
**«ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ»**
17-18 ноября 2025

Алматы, 2025

ӘОЖ 001+37
КБЖ 72+74
Ғ 96

Редакция алқасы:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

A.A. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Ғ 96 Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары: халықаралық ғылыми конф. мат. = Приоритетные направления развития науки и образования: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Priority directions of science and education development. – Алматы: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2025. – 348 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-12-5919-4

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001+37
КБЖ 72+74

ISBN 978-601-12-5919-4



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 16.21.33

АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ МӘДЕНИ РЕАЛИЙЛЕРДІҢ АУДАРМА АСПЕКТІСІ (ҚЫТАЙ ТІЛІ НЕГІЗІНДЕ)

Ершат Ардақ

PhD-докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының біріншіден төртінші қара сөздеріндегі мәдени реалийлердің қытай тіліне аударылу ерекшеліктері мен тәілдері талданады. Зерттеу барысында Әкбар Мәжиттің аудармасы негізге алынады. Оның аудармаларындағы сөздердің семантикалық мағыналары мен аударма кезіндегі мәдени баламалалық деңгейі қарастырылады. Мақаланың негізгі мақсаты – ұттық-мәдени мазмұны терең лексемаларды қытай тіліне тасымалдау жолдарын айқындау және лингвомәдени тұрғыдан сипаттау. Зерттеу нәтижесінде аудармашының мәдени сөздерді қытай тілінде жеткізу үшін қолданылған түрлі стратегиялары – түсіндірмелі аударма және мағыналық сәйкестендіру әдістері анықталады. Мақала Абай шығармаларының интермәдени аударма кеңістігін кеңейтуге және қазақ әдебиетінің қытай тілді ортада тереңірек түсінуге үлесін қосады.

Түйін сөздер: Абай Құнанбайұлы, қара сөздер, шығармалар, мәдени реалийлер, аударма әдістері, қытай тілі, мәдени баламалылық.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: *«Абайдың «толық адам» концепциясы – бүгінгі Қазақстан қоғамы үшін де аса өзекті»*, – деген болатын. Бұл ой Абай мұрасының тек өткен дәуір үшін ғана емес, қазіргі заманда да құндылығын жоғалтпағанын дәлелдейді. Сондықтан да Абай шығармаларын басқа тілдерге, оның ішінде қытай тіліне аудару – «кемел адам» идеясының әлемдік деңгейде таралуына ықпал етеді. Ал енді аударма мәселесіне келсек, аударма теорияларын жетік меңгермей тұрып жасалған аударма сәтті болмайды. Аударматану ғылымы өзінің даму барысында тілдік эквиваленттілікке негізделген көзқарастан функционалдық, мәдени және когнитивтік қырларды біріктіретін көпқырлы зерттеу саласына айналды. Алғашқы міндеттердің бірі аударманың түпнұсқа мәтінге адалдығын басты қағида ретінде қарастырған болса, кейінгі дескриптивтік және постструктуралистік бағыттар назарды мақсатты мәтіннің коммуникативтік қызметіне және аудармашының дербес тұлғалық рөліне аударды.

Функционалистік теориялар – әсіресе Скопос теориясы, К. Райс ұсынған мәтін типтері моделі және К. Нордтың функционализмі – аударманың мақсатын шешуші фактор ретінде қарастырып, мақсатты аудиторияның қажеттіліктері мен социомәдени контекстіні ескерудің маңызын баса көрсетеді [1, p. 1243]. Соңғы зерттеулерде бұл функционалдық ұстаным аударма үдерісін басқару саласына да кеңейтіліп, жобалық процестерді функционалдық мақсаттармен сәйкестендіру тиімділік пен сапаны арттыратыны дәлелденіп отыр [2, p. 16]. Қазіргі аударматану ғылымында «аударма мәдениеті» (*translation culture* немесе *Translationskultur*) ұғымы ерекше мәнге ие болып, аударма үдерісі аудармашы, автор және оқырман арасындағы билік пен ықпал қатынастарын реттейтін әлеуметтік жүйе ретінде қарастырылады [3, p. 253]. Корпусқа негізделген зерттеулер мәтіндік, аудармашылық және социомәдени айнымалыларды қамтитын көпфакторлы үлгілерді қолдану арқылы эмпирикалық талдаудың дәлдігі мен объективтілігін арттыруға бағытталған [4]. Ал когнитивтік бағыттағы зерттеулер метафораларды аудару мен ұғыну үдерістерін кеңірек когнитивтік механизмдермен байланыстырып, аударманы мән-мағынаны құрастыруға бағытталған когнитивтік әрекет ретінде түсіндіреді [5, p. 83].

Жалпы алғанда, қазіргі аударматану ғылымы жүйелік-функционалдық лингвистикадан бастап әрекет теориясына дейінгі пәнаралық әдістерді кеңінен қолдану арқылы мәтін құрылымы, аудармашының когнитивтік әрекеті және мақсатты қауымдастықтың мәдени-коммуникативтік күтілімдері арасындағы күрделі өзара байланыстарды модельдеуге ұмтылады. Бұл бағыт оның мәдени тұрғыдан тамырланған, үнемі дамып отыратын динамикалық ғылыми сала ретіндегі мәртебесін айқындайды. Мәдениеттанымдық және интердисциплинарлық мектеп өкілдерінің идеялары Абай шығармаларының аудармасын мәдени код, семантикалық реңк және ұлттық таным тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді.

Аталған теорияларды басшылыққа ала отырып, біз Абай қара сөздеріндегі мәдени сөздерді қытай тіліне аударылуын жан-жақты қарастырамыз. Аударма үдерісіндегі ең күрделі әрі жауапты міндеттердің бірі – мәдени мазмұнды, ұлттық ерекшеліктерді, реалийлер мен дәстүрлі ұғымдарды дәл әрі табиғи түрде жеткізу болып табылады.

Абай шығармаларын қытай тіліне аудару процесінде аудармашылар көбіне **мағыналық (семантикалық)** аударма тәсіліне сүйенеді. Бұл әдістің басым қолданылуының себебі – Абай тілінің бейнелілігі мен ұлттық-мәдени мазмұнын дәл сөзбе-сөз тәсілмен жеткізу мүмкін еместігі. Ақын шығармаларының философиялық тереңдігі, ұлттық дүниетанымы және мәдени кодтары түпнұсқаға тән контекст арқылы ашылады. **Сөзбе-сөз аударма** Абай мәтіндерінің сыртқы құрылымын сақтағанымен, оның ішкі мағынасы мен эмоциялық реңкін жоғалтады. Мысалы, «құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен тәтті күй» деген жолдарды тура аударғанда ұлттық дәм мен поэтикалық әсер әлсірейді. Сондықтан **мағыналық аударма** арқылы аудармашы мәтіннің рухын, идеялық мазмұнын, көркем әсерін жеткізуге міндетті. Дегенмен, **мәдени сөздер мен ұғымдар** (реалийлер) – аударманың ең күрделі бөлігі. Абай шығармаларында

жиі кездесетін «жыр», «домбыра», «аруақ», «кұран», «иман», «той», «қымыз», «жез киік» сияқты сөздердің барлығы қазақ мәдени кеңістігіне тән. Мұндай бірліктерді аударуда аудармашы негізінен үш түрлі тәсілді қолданады. Олар **транслитерация, түсіндірмелі аударма және бейімдеу**. Осы үш тәсілді ұтымды үйлестіре отырып, аудармашы **сөзбе-сөз және мағыналық аударма арасындағы тепе-теңдікті** сақтайды. Егер мәтіннің ұлттық бояуы тым жеңілдетілсе, түпнұсқаның рухы жоғалады; ал сөзбе-сөздік басым болса, қытай оқырманына түсініксіздік туындайды. Сондықтан аудармашының басты міндеті – осы екі тәсілдің арасындағы **динамикалық тепе-теңдікті** ұстау.

Негізгі дерек көзі ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ортылық музейінің «Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорынан)» атты ғылыми–инвентарлық каталогының 1-кітабын негізге ала отырып, сондағы түпнұсқа қара сөздермен жұмыс жасалды [6, 36, 443, 446, 448 б]. Ал қытай тіліндегі аудармасын Қытай елінде жарық көрген Әкбар **Мәжиттің кітабы негізге алына отырып** анализ жасалады [7, 1, 3, 5, 9 б]. Барлық берілген мысалдар осы екі кітаптың төңірегінде берілген. Аудармашы тек тілдік емес, **мәдениетаралық коммуникация қағидатын** ұстанып, Абайдың философиялық ойларын қытай оқырманының қабылдау ерекшелігіне бейімдеп берген. Төменде Абайдың біріншіден төртіншіге дейінгі қара сөзіндегі мәдени лексемалардың семантикалық мағыналары мен қытай тіліне аударылуы тәсілдері талданды.

Абайдың бірінші қара сөзіндегі мәдени сөздерді талдау және қытай тіліне тасымалдануы. Ел бағу – дәстүрлі қазақ қоғамында ел басқару, халыққа басшылық ету ұғымы. Аудармасы «去治理民众吗? / 不,民众是治理不了的.» (қытайша: 去治理民众 – адамдарды басқару/халықты басқару). Мәдени адаптация / түсіндірме аударма. Мал бағу – көшпелі өмір салтындағы негізгі тіршілік көзі. Қытай тілінде «去放牧吗? / 不,犯不着去干这种事.» (қытайша: 去放牧 – мал өсіру, қой-ешкі-жануарды бағу), тура мағыналық аударма. Ғылым бағу – білім іздеу, ғылымға ден қою (қазақ мәдениетінде XIX ғ. жаңа қалыптасып келе жатқан құндылық). Аудармада «去研究学问吗? / ...研究了又去向谁传授...» деп берілген, (қытайша: 去研究学问 – білімге, ғылымға кірісу, зерттеу жасаймын деп). Мәдени сәйкестікке жақындату. Софылық қылып, дін бағу – Софылық қылу, дін бағу – ислам мәдениетіне тән ұғымдар, діни жол ұстану, сопылық ілім. «要不去当一名神职人员? / 干这种行当要求心静.» (қытайша: 当一名神职人员 – діни қызметкер болу; сондай-ақ контекстте «修行/从事宗教事务» мағынасы бар). Мәдени алмастыру. Балаларды бағу – ұрпақ тәрбиесі, қазақ қоғамындағы әкелік, отбасылық жауапкершілік, ал қытай тілінде «去教育孩子? / ...原本是可为的...不知道教给他们什么实质性的东西.» (қытайша: 去教育孩子 – бала тәрбиелеу, оқыту). Мағыналық аударма. Ақ қағаз бен қара сия (қағаз, қара сия) – жазу

мәдениеті, қазақ қоғамында жаңа құбылыс (дәстүрлі ауызша мәдениеттен жазбаға көшу нышаны) қытай тіліне «拿起纸和笔来消磨时间, 把自己的所思所想都写下来.» деп тасымалданған. Жер ортасы жас / қажыдық, жалықтық – қазақ дүниетанымындағы өмір жасының өлшемі (елу жастан өткенді меңзейді). «已经精疲力尽, 心灰意冷; 度过了大半生». Функционалды алмастыру әдісі.

Екінші қара сөзіндегі мәдени сөздерге келсек, «Сарт» – қазақ халқының тілдік санасында Орталық Азиядағы өзге түркі халықтарын, көбінесе Бұхара, Ташкент, Самарқанд аймақтарының саудагерлерін білдіретін атау. Тарихи тұрғыдан бейтарап этноним болса да, Абай заманында ол белгілі бір **әлеуметтік-мәдени ирониямен**, яғни «саудагер, пысық, бірақ сенімсіз» адам бейнесінде қолданылған. 粟特人 [古代民族, 在哈萨克语中泛指中亚细亚一带商人] аударма **тәсілі: мәдени түсіндірмелі аударма**, себебі «сарт» сөзінің тура баламасы жоқ, ал оның мәдени мағынасын сақтау үшін қытай тілінде тарихи-этнографиялық түсіндірме берілген. Қазақ мәтіндегі мысқыл, ирония реңкі қытай тілінде бейтарапталған. Мұнда **мәдени контекстен гөрі тарихи дәлдікке басымдық берілген**, бұл – шетелдік оқырманға түсініктілік тұрғысынан дұрыс шешім. «Кен қолтық» – киім кию мәдениетінің өзгешелігі, «шүлдіреген» – өзге тілде жылдам, түсініксіз сөйлейтін адамға қатысты сын. Бұл тіркес арқылы қазақтар өзге ұлттың киімін, сөйлеу мәнерін мысқылмен сипаттаған. 穿着宽襟衫子的塔吉克人

· 说起话来没个完 бұл жерде **бейімделген сипаттама аударма** – яғни, сөзбе-сөз аударылмаған, бірақ ұлттық бейне мен иронияның бір бөлігі сақталған. Аудармада бейнелік экспрессия («шүлдіреген») жұмсартылып, **сөйлеу әдетін бейтарап сипаттау** арқылы берілген. Бұл тәсіл мәдени конфликтіні азайтып, мәтінді қазіргі оқырманға қабылдауға жеңілдетеді. «Ноғай» сөзі тарихи тұрғыда татар-түркі халықтарының атауы, бірақ ауызекі тілде кейде «жалқау», «ебедейсіз» бейнеде айтылған. Абай бұл сөз арқылы өз халқының басқа түркі тектес халықтарға деген сыншыл көзқарасын көрсетеді. 诺盖人 [哈萨克人对鞑鞑人的称呼] “与其叫他们诺盖人, 还不如叫诺开 [哈萨克语音译, 其义为‘没头脑’] яғни **түсіндірмелі аударма және функционалды алмастыру** – этноним сақталып, оның қазақ мәдениетінде қолданылу ерекшелігі қосымша ескерілген. «Сасыр бас» – қызыл шаш, өзгеше түр-әлпет белгісі арқылы бөтендік сезімін білдіреді. 臭红头发的俄罗斯人”只要看到阿吾勒, 就纵马驰骋过去”。 Бұл жердегі аударма тәсілі **семантикалық эквивалент + мәдени бейімдеу** – бейнелік сөздер нақты сипаттау арқылы жеткізілген. Аудармашы ұлттық юморды бейтарап етіп, физикалық сипатқа айналдырған («红头发»). Бірақ бұл жердегі бір қателік «жаман сасыр бас» деген сөзді 臭红头发的俄罗斯人 деп тасымалдаған. Бұл ғылыми аударма этикасына сай келмейді. «Ауыл» – тек елді мекен емес, туыстық, рулық байланыс, мәдени және әлеуметтік орталық ұғымы.

Қытай тілінде 阿吾勒 [哈萨克语音译:村庄] деп берген, аударма әдісі транслитерация + мәдени түсіндірме – яғни, қазақша атауы сақталған, қытайша түсініктеме арқылы ұғым нақтылаған. Бұл тәсіл қазақ мәдениетіндегі «ауыл» концептісін сақтап қана қоймай, оны мәдени символ ретінде таныстырады.

Абайдың үшінші қара сөзіндегі мәдени лексемалардың семантикалық және аударматанымдық сипатына тоқталайық. «Қыстау» – қазақ халқының көшпелі өмірінде қыс мезгілінде мал қыстататын тұрақты қоныс. Қытай тіліне 冬牧场 деп аударылып, тура эквивалент тәсілі қолданылған. «Болыс» ұғымы патшалық дәуірдегі жергілікті әкімшілік басшыны білдіреді. Қытайша 乡官 немесе 地方官 员 түрінде беріліп, түсіндірмелі (экспликативті) тәсілмен аударылған. «Би» – дәстүрлі құқық пен әділеттілікті жүзеге асырушы тұлға, аудармада 执法官 немесе 仲裁者 деп беріліп, функционалды балама тәсілі қолданылған. «Партия», «партияласу» сөздері қазақ қоғамындағы рулық және топтық бөлінушілікті сипаттайды; қытай тілінде 拉帮结伙, 结党营私 түрінде аударылып, мәдени бейімдеу тәсілі пайдаланылған. «Қымыз» – биенің сүтінен дайындалатын ұлттық сусын, қытай тілінде 马奶酒 деп тура баламамен берілген. «Момын» сөзі бейбіт, адал, қарапайым адамды білдіреді, ол 老实人, 善良的人 деп мағыналық сәйкестік тәсілімен аударылған. «Арыз», «тергеу» сияқты сөздер құқықтық термин ретінде 投诉, 告状, 审讯, 调查 деп беріліп, контекстік және тура аударма тәсілдері қолданылған. Ал тарихи заң атаулары – «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» – 卡西姆汗法典, 叶西姆汗法典, 七部大法 түрінде транслитерация мен түсіндірмелі аударма арқылы берілген. «Жеребе» ұғымы қазақ қоғамындағы шешім қабылдау дәстүріне қатысты мәдени элемент, ол қытайша 抽签 деп функционалды тәсілмен аударылған.

Ал енді Абайдың төртінші қара сөзіне келсек, мұндағы мәдени сөздер: Ғафил – Араб тілінен келген мағынасы бейқам. Қазақ дүниетанымында діни-әдеби реңкі бар. «Ғафил болма» – исламдық этикада жиі айтылатын ескерту. Антурғандық – Түркі сөздік қорынан, бірақ Абайда ерекше мәдени-экспрессивті реңкі бар. Құдай қарғаған, сұмдық іс, надандық, түбегейлі жамандық. Ахирет – Қазақтың діни дүниетанымындағы екі әлем: бұл өмір мен о дүниені айқындайтын ұғымдар. Харекет – Ислам философиясында да қолданылған, дәстүрлі мәдениетте «әрекет, іс-қимыл» мағынасында, бірақ моральдық реңкі бар. Ғибрат – Діни-әдеби ұғым: сабақ алу, өнеге көру. Қазақ мәдениетінде исламдық дүниетанымнан енген. Құдай жаратқан – Діни-мәдени тіркес, дүниенің жаратылысын, құдайға сенімді көрсетеді. Көңіл, жүрек, көкірек – Қазақ дүниетанымында рухани-адамгершілік орталықтарды білдіретін мәдени семантикалық концепттер. Адам баласы жылап туады, кейіп өледі– Мақал-

мәтелге ұқсас ұлттық философиялық пайым. Мақтану, мақтан – Қазақ мәдениетінде теріс қылық ретінде жиі айтылатын құндылықтық категория. Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – Қазақ тұрмыс-тіршілігі мен қоғамына тән тіркестер. Әсіресе «адам саумақ» – өзгеге жүк болу, масылдық. Еңбек қылсаң, қара жер де береді – Қазақтың дәстүрлі шаруашылық мәдениетін, еңбекке сенуді білдіретін тіркес. «Қара жер» – халықтық дүниетанымда ырыздық беруші табиғат. Құдайға сыйынып – Ислам мәдениетімен тығыз байланысты діни лексема. Енді олардың аударма тәсілдеріне келсек. Ғафил – 漫不经心、无视后果的人. Аударма тәсілі: Сипаттамалы аударма (концептіні түсіндіріп берген). Ахирет – 后世, аударма тәсілі: Тікелей балама (исламдық терминді Қытай мәдениетінде бар «кейінгі дүние» сөзімен алмастырған). Харекет – 举措 / 行动, аударма тәсілі: Жалпылама эквивалент (қазақ тіліндегі діни-этикалық реңкі бар «харекетті» қытайдың бейтарап «әрекет» сөзіне айналдырған). Антұрғандық – 懦弱的表现, аударма тәсілі: Интерпретациялық аударма (мағынасын «қорқақтық, әлсіздік» деп жұмсартып берген). Ғибрат – 效仿 / 值得效仿的楷模, аударма тәсілі: Мәдени балама + түсіндірме (моральдық тәлім мағынасын үлгі тұту сөзімен жеткізген). Құдай жаратқан – 真主的护佑, аударма тәсілі: мәдени адаптация. Көңіл, жүрек, көкірек – 肺腑 / 真心, аударма тәсілі: Бейнелі алмастыру. Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – 诡计多端, 招摇撞骗, 摇尾乞怜, аударма тәсілі: Эквиваленттік-экспрессивтік аударма (қазақтың тұрақты тіркестерін қытай мақал-мәтелдік стильге жақын тіркестермен берген). Мақтан, мақтану – 炫耀, аударма тәсілі: Мағыналық эквивалент. Еңбек қылсаң, қара жер де береді – 大地决不会辜负...劳动的人, аударма тәсілі: Бейнелі мағыналық аударма. Бай сөзі Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық тап өкілі, яғни мал-мүлкі мол, шаруасы кең, ел ішінде ықпалды билігі бар адам. Сондықтан бұл сөз тек материалдық емес, мәдени және әлеуметтік реңкке ие. Қытай тілінде 巴依 деп аударылады, бұл транслитерациялық мәдени сәйкестендіру әдісі. Аудармашы “бай” сөзін тікелей мағынасымен “富人 (бай адам)” деп аудармай, түркі-мұсылман мәдени кеңістігінде бар “巴依 (bā yī)” сөзін қолданған. Бұл тәсіл түпнұсқаның мәдени реңкін сақтайды.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларын, соның ішінде қара сөздерін қытай тіліне аударылуы бұл тек тілдік қана емес, мәдени және когнитивтік деңгейдегі күрделі үдеріс екені анықталады. Зерттеу барысында мәдени лексемалар мен ұлттық-ерекшелік ұғымдарды жеткізуде аудармашы әртүрлі стратегияларды қолданатыны байқалды: семантикалық және коммуникативтік аударма тәсілдері, функционалды балама және адаптация әдістері жиі қолданылады. Әкбар Мәжит мырзаның аудармаларында аудармашының басты мақсаты – түпнұсқаның мағынасын дәл жеткізу және

қытай оқырманына түсінікті ету арасындағы тепе-теңдікті сақтау болған. Осы тұрғыдан алғанда, Абай мәтіндерін қытай тіліне аудару барысында **мағыналық** үйлесімді қолданылуы басым екені анықталды. Жалпы алғанда, мәдени реалийлерді аудару – ең күрделі сала. Себебі әр мәдениет өзіне тән ұғымдар жүйесіне ие. Сондықтан Абай шығармаларын басқа тілге, соның ішінде қытай тіліне аудару кезінде аудармашының мәдени құзыреті, ұлттық таным ерекшелігін сезінуі шешуші рөл атқарады. Бұл зерттеу нәтижелері қазақ және қытай тілдік-мәдени кеңістігінің өзара байланысын, сондай-ақ Абай мұрасының әлемдік деңгейде қабылдану ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Mohamed Sidi M.S.M. Functionalist Approaches of Translation // International Journal of Research Publication and Reviews. – 2023. – Vol. 4, № 4. – P. 1240-1245.

2 Boaheng I. The Functionalist Approach to Translation and its Application to Translation Management // Journal of Mother-Tongue Biblical Hermeneutics and Theology (MOTBIT). – 2025. – Vol. 7, № 1. – P. 16-31.

3 Blum H., Schögler R. Y. Translating Erich Prunč // John Benjamins e-Platform. – Published online: 06.09.2024. – P. 253-276.

4 Wang G., Xin Y. An Analytical Framework for Corpus-Based Translation Studies // Humanities and Social Sciences Communications. – 2024. – Vol. 11. – Article № 1709. DOI: 10.1057/s41599-024-04250-4.

5 Hong W., Rossi C. The Cognitive Turn in Metaphor Translation Studies: A Critical Overview // Journal of Translation Studies. – 2021. – Vol. 5, № 2. – P. 83-115.

6 Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорынан). Ғылыми-инвентарлық каталог. 1-кітап. – Алматы: Интеллсервис, 2020. – 436, 443, 446, 448 б.

7 阿拜箴言录: 汉、哈对照 / 粟周熊, 艾克拜尔·米吉提 (ауд.). – 北京: 民族出版社, 1995. – 1, 3, 5, 9 页.

ГРНТИ 02.41

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ КАК СУБЪЕКТ МОРАЛИ

Д. Ибраев, А. Байсаров

*Студенты, Казахский агротехнический исследовательский университет имени
С. Сейфуллина, г. Астана*

М.К. Какимжанова

*Преподаватель, Казахский агротехнический исследовательский университет имени
С. Сейфуллина, г. Астана*

Статья посвящена философскому анализу вопроса о том, имеет ли смысл рассматривать искусственный интеллект (ИИ) как субъект морали. Рассматриваются основные критерии морального субъекта – сознание, свобода воли, интенциональность и ответственность. Приводятся аргументы “за” и “против” такого подхода и делается вывод, что современный ИИ следует понимать как инструмент, реализующий этические правила, но не как носителя моральной ответственности.

Ключевые слова: искусственный интеллект, этика, сознания, философия.

Развитие технологий поставило перед философией новую проблему – отношение между моралью и искусственным интеллектом. Если машины способны принимать решения, влияющие на жизни людей, можно ли считать их моральными агентами? Философия традиционно считает субъектом морали того, кто осознаёт значение своих поступков, способен понимать нормы и нести ответственность за их нарушение. Современный ИИ демонстрирует определенную автономность, но не обладает самосознанием и внутренним моральным опытом, что ставит под сомнение его моральный статус.

Понятие морального субъекта.

В этике моральным субъектом считается тот, кто осознанно способен выбирать между добром и злом. Такой субъект должен иметь разум, волю и способность к рефлексии. Именно эти качества позволяют человеку нести ответственность за действия. Для ИИ такие свойства нехарактерны – его решения зависят от заданного алгоритма и обучающих данных, а не от моральных убеждений.

Аргументы в пользу признания ИИ моральным агентом.

Некоторые исследователи считают, что ИИ можно рассматривать как морального агента в функциональном смысле. Он способен действовать по

заданным этическим правилам, принимать решения в рамках определённых ценностей и учитывать последствия своих действий для людей. Например, в автономных транспортных системах или медицинских программах алгоритмы реагируют на моральные ситуации, где важно сохранить жизнь и минимизировать вред. В этом смысле ИИ можно назвать “функциональным моральным агентом”.

Аргументы против.

Отсутствие сознания и эмоций не позволяет приравнять машину к человеку. ИИ не понимает значения добра и зла, не испытывает угрызений совести и не способен на эмпатию. Даже если его решения могут выглядеть моральными, это результат программирования, а не внутреннего выбора. Кроме того, возникает опасность переложить ответственность с разработчиков на технологию, что противоречит принципам этики.

Проблема ответственности.

Современные дискуссии вокруг “разрыва ответственности” указывают, что в сложных системах трудно определить, кто виновен в ошибках ИИ – разработчик, оператор или сама машина. Философы предлагают вводить понятие распределённой ответственности, где участвуют все участники цикла создания и использования технологии. Такой подход позволяет избежать моральных парадоксов и укрепить контроль над технологиями.

Этика в проектировании ИИ.

В современной практике особое внимание уделяется так называемому этичному дизайну. Создатели программ включают в алгоритмы принципы безопасности, справедливости и прозрачности. Таким образом, ИИ выполняет этические функции, но сам не становится моральным существом. Он все еще остается инструментом, который отражает моральные ценности тех, кто его создает.

Философские последствия.

Обсуждение морального статуса ИИ заставляет по-новому взглянуть на само понятие человека. Если машины могут выполнять интеллектуальные задачи, значит ли это, что человеческая уникальность исчезает? Философия указывает, что особенность человека заключается в моральной свободе и способности к духовным переживаниям. Именно это отличает нас от любых искусственных систем.

Заключение.

Искусственный интеллект все же не может быть субъектом морали в полном смысле этого слова. Он может следовать этическим алгоритмам и выполнять моральные действия, но не способен понимать их внутренний смысл и нести ответственность. ИИ следует рассматривать как инструмент, созданный для реализации человеческих ценностей. Моральная ответственность всегда остаётся за человеком – разработчиком, оператором или обществом в целом. Задача философии и этики – сделать так, чтобы развитие технологий служило человеческому благу, а не заменяло человеческую мораль.

Литература

- 1 Сёрл Дж. Умы, мозги и программы. (Перевод статьи 1980 г.; доступна в русских сборниках по философии сознания.)
- 2 Мур Дж.Х. Природа, важность и трудности машинной этики.
- 3 Уоллах В., Аллен К. Моральные машины: как научить роботов отличать добро от зла. (Рус. перевод существует в виде обзоров).
- 4 Флориди Л., Сандерс Дж. О моральности искусственных агентов.
- 5 Бостром Н. Сверхразум: пути, опасности, стратегии.
- 6 Рассел С. Совместимый с человеком. ИИ и проблема управления. (Официальный рус. перевод.).
- 7 Маттиас А. Разрыв ответственности.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 31.15.35

КАЛЬЦИЙ КАРБОНАТЫ НЕГІЗІНДЕГІ БИОСОРБЕНТТІҢ АУЫР МЕТАЛЛ ИОНДАРЫН СУЛЫ ЕРІТІНДІЛЕРДЕН ЖОЮ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

А.С. Хамидуллина, Б.М. Кусаинова

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Ауыр металдар (Pb^{2+} , Cu^{2+} , Ni^{2+} және т.б.) су көздерінің ең қауіпті ластанушылары болып табылады. Суда еріген ауыр металдар адам ағзасына қоректік тізбек арқылы немесе ауыз суын тұтыну арқылы түседі. Әрбір элемент белгілі бір мүшеде (бауыр, бүйрек, сүйек тіндері және т.б.) жиналып, оның қызметін бұзады және уытты әсері ұзақ уақыт бойы сақталады. Сондықтан ағзада ауыр металл иондарының шамадан тыс жиналуын болдырмау өте маңызды. Дәстүрлі тазарту әдістері қымбат реагенттерді қажет етеді және қосымша қалдық түзетіндіктен, арзан әрі экологиялық таза табиғи шикізат көздерінен алынған сорбенттерді пайдалану ерекше маңызға ие. Жұмыртқа қабығы – тұрмыстық қалдықтардың кең таралған түрі, оның құрамы негізінен кальций карбонатынан тұрады (~95%). Бұл оны ауыр металдарды байланыстыруға қабілетті тиімді сорбент етеді. Табиғи және модификацияланған жұмыртқа қабығын пайдалану арзан және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз сорбент жасауға, ауылдық жерлердегі жерасты суларын тазарту үшін оны қолжетімді технология ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: суды тазарту, ауыр металл иондары, сорбция, биосорбент, кальций карбонаты, биоыдырағыш.

Қазіргі әлемдік өнеркәсіптік даму қоршаған ортаға, әсіресе гидросфераға әсер етпей қоймады. Су ресурстары пайдаланылмайтын және су қабаты ластанбаған адам қызметінің бірде-бір саласы жоқ. Су – тіршілік көзі және жер шарындағы ең құнды ресурстардың бірі, әсіресе тұщы су, оның үлесіне дүние жүзіндегі жалпы қордың 2,53 %-ы тиеді. Осы көрсеткіштен тұтынуға жарамды су қоры шектеулі екенін, таза су ресурстарын сақтау және оларды үнемді пайдалану өзекті мәселе екенін көруге болады [1].

Көптеген зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, ауыр металдардың ағзада жиналуы бауыр, бүйрек аурулары, гемолиз, бедеулік және құрысу секілді аурулар тудырады. Дамушы елдерде әйелдер мен сәбилердің ауруларының негізгі себебі ластанған суларды ішумен байланысты [2] еңбекте дүние жүзінде

күн сайын судың ластануынан 14000 өлім болатыны айтылған. Осы себепті суды тазартудың жана әдістерін әзірлеу өте өзекті мәселе саналады. Көптеген тұщы су көздерінен алынатын су адам тұтынуына жарамсыз, өйткені ол су сапасының белгілі бір стандарттарына сәйкес келмесе, ауруларды таратуы немесе денсаулыққа ұзақ мерзімді мәселелерді тудыруы мүмкін. Адам денсаулығына қауіп төндірмейтін және қазіргі сапа стандарттарының талаптарына сәйкес келетін су ауыз су деп аталады. Судың санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сай болуын қамтамасыз ету үшін су тазарту қондырғыларын пайдалана отырып, тазартылады немесе ресми түрде «дайындалады» [3].

Экологиялық қауіпсіздік бүкіләлемдік қауіпсіздік үшін маңызды болғандықтан, Қазақстан үшін де өзекті болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның негізгі су бассейндерінің трансшекаралық ағын сулардан да, өнеркәсіптік, ауылшаруашылық және тұрмыстық сарқынды суларды ағызудан да жалғасып келе жатқан антропогендік ластануы үлкен мәселе туғызады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметтері бойынша 2019 жылы әлем халқының үштен бірі қауіпсіз ауыз суға қол жеткізе алмады. Сондықтан судың химиялық құрамы мен өзендердің сапасын анықтау қоғам үшін де, экожүйе үшін де маңызды. Жаһандық жылынудан туындаған мұздықтардың еруі де судың химиялық құрамына және өзендердегі ауыр металдармен ластану деңгейіне айтарлықтай әсер етті [4-5]. Бірқатар зерттеушілер әдетте, ауыр металдарды пайдаланатын өнеркәсіптік өндіріс табиғи және жасанды су қоймалары мен су жолдарының ластануын арттыратынын атап өтеді. Осыған байланысты өзендер мен су қоймаларын және рұқсат етілген сарқынды су жүктемелерін өздігінен тазарту мәселелері өзекті болып отыр [6].

Ауыр металдар қоршаған ортаға жел эрозиясы, орман өрттері, жанартаулардың атқылауы, биогендік процестер және теңіз тұзының бөлінуі сияқты процестер арқылы табиғи түрде шығарылуы мүмкін. Қоршаған ортаның ауыр металдармен антропогендік ластануы тау-кен жұмыстарын, тыңайтқыштарды, гербицидтерді және пестицидтерді пайдалану, сондай-ақ өнеркәсіптік сумен суару сияқты әртүрлі жолдардың әсерінен болуы мүмкін. Мысалы, сынап қоршаған ортаға хлор және күйдіргіш сода өндірісі, қағаз және целлюлоза консервілері, ауылшаруашылық қызметі және фармацевтикалық өндіріс нәтижесінде түседі, ал кадмий минералды тыңайтқыштар, көмір, топырақ және тау жыныстарында кеңінен таралған. Ол сондай-ақ аккумуляторларды, пигменттерді, тоқыма бұйымдарын және металл жабындарын өндіруде кеңінен қолданылады. Бұл әрекеттер қоршаған ортаның ауыр металдармен ластануына әкеледі [7].

Қазіргі заманғы суды тазарту әдістері суды ластаушы заттар мен микроорганизмдерден тазарту және оны тұтынуға қауіпсіз ету үшін әртүрлі технологиялар мен процестерді пайдаланады. Суды тазартудың ең кең таралған әдістеріне мыналар жатады:

1. Сүзу – ең көп тараған тазалау әдістерінің бірі. Судан әртүрлі ластаушы заттарды кетіретін көміртегі, кері осмос және ультрафилтрация сияқты сүзгілердің әртүрлі түрлері бар.

2. Залалсыздандыру – ультракүлгін сәуле, хлорлау және озондау сияқты әртүрлі дезинфекция әдістері судағы бактерияларды, вирустарды және басқа микроорганизмдерді жою үшін қолданылады.

3. Тұндыру – химиялық реагенттер мен флокулянттарды қолдану арқылы суды ластайтын қатты бөлшектерді ұстайтын тұнба түзілуі мүмкін. Бұл әдіс судағы суспензияны жояды.

4. Дистилляция процесі суды қайнағанша қыздыруды, содан кейін дистилденген суды алу үшін буды конденсациялауды қамтиды. Бұл әдіс судан іс жүзінде барлық ластаушы заттар мен минералдарды жояды.

5. Мембраналық технологиялар – кері осмосты филтрация, ультра – филтрация, микрофилтрация сияқты микроорганизмдерді, вирустарды және судан ластаушы заттарды жою үшін қолданылады [8].

Адсорбция, ион алмасу және мембраналық технология физикалық әдістердің мысалы болып табылады. Ауыр металл иондарын жою үшін электрокинетика, химиялық тұндыру сияқты химиялық әдістер, сондай-ақ фиторемедиация және биокөмір сияқты биологиялық тәсілдер қолданылады. Ауыр металдарды жою үшін электрокоагуляция, электрофлотация сияқты электрохимиялық өңдеу әдістері қолданылады. Дегенмен, бұл әдістердің белгілі бір шектеулері бар екенін атап өткен жөн, мысалы, мембраналық технология қымбат болуы мүмкін, кейбір химиялық әдістер айтарлықтай мөлшерде тұнбаның пайда болуына әкеледі, ал фиторемедиация мұқият бақылауды қажет етеді. Ал адсорбциялық әдіс пен табиғи ион алмастырғыштың қолжетімділігі, тиімділігі және шлам түзілмеуі сияқты артықшылықтары бар [9].

Адсорбция улы металдарды жою үшін ағынды суларды тазартудың ең тиімді және назар аударарлық әдісі болып табылады. Бұл процесте улы металдар/ластағыштар физикалық немесе химиялық жолмен адсорбенттің бетіне тасымалданады. Адсорбция процесі пайдалану құны төмен және дәстүрлі әдістермен салыстырғанда улы металдан тазарту барысында ластану деңгейі төмен. Адсорбциялық әдістерде сорбенттерді қалпына келтіруге және тиімді жою үшін бірнеше рет қайта пайдалануға болады, сондықтан олар экологиялық таза әдіс ретінде қарастырылады. Адсорбенттерді таңдау үшін қажетті негізгі сипаттамаларға экономикалық тиімділік, бетінің жоғары ауданы, кеуектердің көлемі, адсорбция әдістерінің тиімділігін анықтайтын сорбенттің функционалдық тобының және полярлық сипаттамаларының болуы жатады. Адсорбция – екі фазаның шекарасындағы еріген заттың концентрациясының өздігінен жоғарылау процесі. Адсорбция – сорбцияның ерекше жағдайы, адсорбцияның кері процесі – десорбция деп аталады. Адсорбент пен адсорбат арасында екі түрлі күш бар: физикалық және химиялық. Физикалық күштер әлсіз, адсорбцияланған молекулалар адсорбентке кез келген нүктеде қосыла алады; яғни физикалық күштер табиғаты спецификалық емес. Химиялық адсорбцияның табиғаты спецификалық, ал адсорбат адсорбентпен коваленттік

немесе электростатикалық байланыстар арқылы байланысады. Физикалық адсорбция жағдайында ван-дер-Ваальс күштері, дисперсиялық әрекеттесулер және сутегі байланыстары әрекет етеді [10].

Ауыр металл иондарын сулы ерітінділерден жою үшін көптеген табиғи адсорбенттер синтезделген. Табиғи адсорбенттердің адсорбциялық тиімділігі 1-кестеде көрсетілген [11-16].

Кесте 1. Табиғи адсорбенттердің адсорбциялық сыйымдылығы.

№	Адсорбент	Металл ионы / Адсорбция сыйымдылығы
1	Лигнин	$Pb^{2+} = 1865$ мг/г; $Zn^{2+} = 95$ мг/г
2	Хитозан (ұнтақ)	$Cd^{2+} = 420$ мг/г
3	Хитозан (түйіршік)	$Cd^{2+} = 518$ мг/г
4	Қоңыр балдыр (теңіз балдыры)	$Cd^{2+} = 67$ мг/г
5	A. nodosum теңіз балдыры	$Cd^{2+} = 215$ мг/г
6	Формальдегидпен айқасқан A. nodosum теңіз балдыры	$Cd^{2+} = 149$ мг/г
7	Крахмал ксантаты	$Cd^{2+} = 33.3$ мг/г; $Cr^{2+} = 17.6$ мг/г; $Hg^{2+} = 1.15$ мг/г
8	Целлюлоза ксантаты	$Cd^{2+} = 19.9$ мг/г; $Cr^{2+} = 19.7$ мг/г; $Hg^{2+} = 0.64$ мг/г
9	Ксантатталған ағаш үгіндісі	$Cd^{2+} = 21.4$ мг/г; $Hg^{2+} = 30.1 \pm 40.1$ мг/г
10	Цеолиттер	$Pb^{2+} = 155.4$ мг/г; $Cd^{2+} = 84.3$ мг/г; $Cr^{3+} = 26.0$ мг/г; $Hg^{2+} = 150.4$ мг/г

Жұмыртқа қабығы негізінен **кальций карбонатынан ($CaCO_3$)** тұрады, сонымен қатар құрамында **магний, фосфор, ақуыздық матрица** және аз мөлшерде **органикалық заттар** бар. Бұл құрам ауыр металл иондарын байланыстыруға қолайлы реактивті бет түзеді. Жұмыртқа қабығы микрокеуекті, кедір-бұдырлы беті бар, беттік ауданы жоғары (жылумен өңделсе), бұл металл иондары мен органикалық ластағыштардың адсорбциясын күшейтеді. Жұмыртқа қабығының адсорбциялық белсенділігі **ион алмасу, электростатикалық тартылыс** механизмдері арқылы жүзеге асады. Оны сорбент ретінде қолдану артықшылықтары:

- тегін немесе өте арзан шикізат (тұрмыстық қалдықтардан алынады);
- экологиялық таза және биоыдырайтын;
- химиялық тұрақты және қайта қолдануға болады;
- көптеген ауыр металл иондарын (Pb^{2+} , Cd^{2+} , Cu^{2+} , Zn^{2+} , Cr^{3+}) тиімді сіңіреді.

[10, 17, 18, 19] еңбектерінде жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жұмыртқа қабығының сорбент ретіндегі сыйымдылығын төмендегі 2-кестеден көруге болады.

Кесте 2. Жұмыртқа қабығы негізіндегі биосорбенттің сыйымдылығы.

Металл ионы	Адсорбция сыйымдылығы (мг/г)	Шарттар
Pb ²⁺	150–300 мг/г	pH 5–6, 25 °C
Cd ²⁺	100–180 мг/г	pH 6, 30 °C
Cu ²⁺	80–150 мг/г	кальцинацияланған қабық
Cr ⁶⁺	70–120 мг/г	активтелген қабық

Жұмыртқа қабығы ағынды сулардан ауыр металдарды тазарту үшін көптеген зерттеулерде қолданылған [20-22]. Жұмыртқа қабығының сулы ерітінділерден ауыр металдарды жоюдағы тиімділігі концентрация, сорбенттің бөлшектерінің өлшемі және температура сияқты әртүрлі факторларға байланысты [23].

Жоғарыдағы кестелік мәліметтерді салыстыра отырып, жұмыртқа қабығы кейбір табиғи сорбенттерге қарағанда ауыр металл иондарын адсорбциялауда жоғары әлеуеті бар табиғи биосорбент деп айтуға болады. Табиғи, термиялық және химиялық модификацияланған жұмыртқа қабығы басқа дәстүрлі сорбенттерге қарағанда арзан, экологиялық таза, жоғары тиімді және әмбебап адсорбент болып табылады. Жұмыртқа қабығы тек ауыр металл иондарын (Pb²⁺, Cd²⁺, Cu²⁺, Zn²⁺, Cr⁶⁺) ғана емес, сонымен қатар бояғыштар мен фосфаттарды да адсорбциялай алады. Ол ауыр металл иондарын жоюда жоғары адсорбциялық сыйымдылық көрсетеді және бұл оны қазіргі уақытта қалдық суларды тазарту саласында перспективалы биосорбент ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Осылайша зерттеу жұмысының өзектілігі табиғи және модификацияланған кальций карбонаты негізіндегі биосорбенттің сорбциялық қабілетін анықтау және сорбцияға әсер ететін факторларды жүйелеу, су ресурстарын ауыр металл иондарынан тазартуда қолжетімді сорбентті қолдануда практикалық ұсыныстар жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Вертинский А.П. Современные методы очистки сточных вод: особенности применения и проблематика //Иновации и инвестиции. – 2019. – №. 1. – С. 175-182.
- 2 Owa F.W. Water pollution: sources, effects, control and management //International Letters of Natural Sciences. – 2014. – Vol. 8. – P. 1-6.
- 3 Азаматулы Е.М., Алибаевич М.С., Кикучева А.Ж., Толегенов Д.Т., Толегенова Д.Ж. Исследование состава солей тяжелых металлов в питьевой воде //Наука и техника Казахстана. – 2019. – №. 2. – С. 114-125.
- 4 Alimkulov S., Makhmudova L., Talipova E. K., Vaspakova G., Tigkas D., Isakan G. Response of the water level of the Balkash Lake to the distribution of meteorological and hydrological droughts under the conditions of climate change // Journal of Water and Climate Change. – 2024. – Vol. 15. – №. 7. – P. 3395-3408.
- 5 Sayat A., Lyazzat M., Elmira T., Gaukhar B., Gulsara M. Assessment of the impacts of climate change on drought intensity and frequency using SPI and SPEI

in the Southern Pre-Balkash region, Kazakhstan // *Watershed Ecology and Environment*. – 2025. – Vol. 7. – P. 11-22.

6 Mustafaev J., Kozykeeva A., Ryskulbekova L. Geocological assessment of pollutant transpiration in the catchment of the transboundary Ile River basin // *Hydrometeorology and Ecology*. – 2019. – Vol. 1. – P. 109-120.

7 Saxena G., Mulla S. I. Bioremediation of industrial waste for environmental safety. – Singapore: Springer. – 2020. – Vol. 2. – P. 357-387.

8 Аллабердиев А., Ходжанепесов Дж., Акмырадов Т., Аллануров Дж. Современные методы очистки воды // *Ceteris Paribus*. – 2024. – № 2. – С. 25-27.

9 Singh S., Kumar V., Dhanjal D. S., Parihar P., Ramamurthy P. C., Singh J. Phytoremediation technology for the removal of heavy metals and other contaminants from soil and water // In: *Bioremediation for Environmental Sustainability: Toxicity, Mechanisms of Contaminants Degradation, Detoxification and Challenges*. – Elsevier. – 2022. – P. 253-276.

10 Gupta A., Yadav K.K., Kumar V., Sharma G.K., Kumar S., Singh N., Kumar R. A review of adsorbents for heavy metal decontamination: Growing approach to wastewater treatment // *Materials*. – 2021. – Vol. 14. – №. 16. – P. 4702.

11 Srivastava S.K., Singh A.K., Sharma A. Studies on the uptake of lead and zinc by lignin obtained from black liquor – A paper industry waste material // *Environmental Technology*. – 1994. – Vol. 15. – P. 353-361.

12 Rorrer G.L., Hsien T.Y., Way J.D. Synthesis of porous-magnetic chitosan beads for removal of cadmium ions from wastewater // *Industrial & Engineering Chemistry Research*. – 1993. – Vol. 32. – P. 2170-2178.

13 Volesky B., Prasetyo I. Cadmium removal in a biosorption column // *Biotechnology and Bioengineering*. – 1994. – Vol. 43. – P. 1010-1015.

14 Holan Z.R., Volesky B., Prasetyo I. Biosorption of cadmium by biomass of marine algae // *Biotechnology and Bioengineering*. – 1993. – Vol. 41. – P. 819-825.

15 Bricka R.M., Hill D.O. Environmental Aspects of Stabilization and Solidification of Hazardous and Radioactive Wastes. Metal immobilization by solidification of hydroxide and xanthate sludges. – West Conshohocken, PA: ASTM International. – 1989.

16 Flynn C.M., Carnahan T.G., Lindstrom R.E. Adsorption of Heavy Metal Ions by Xanthated Sawdust. – Washington, DC: U.S. Department of the Interior, Bureau of Mines. – 1979. – Vol. 8427.

17 Nguyen T.A., Doan H.D., Tran T.T. Eggshell-derived CaCO₃ adsorbent for cadmium and lead removal from aqueous solution // *Journal of Environmental Chemical Engineering*. – 2022. – Vol. 10. – №. 3. – P. 107-118.

18 Al-Ghouti M.A., Al-Absi R.S., Qiblawey H. Utilization of waste eggshells as low-cost adsorbents for heavy metals removal: A sustainable approach // *Environmental Science and Pollution Research*. – 2023. – Vol. 30. – P. 51245-51258.

19 Zhang Y., Liu X., Wang J. Removal of hexavalent chromium from aqueous solution using thermally treated eggshell powder // *Environmental Technology & Innovation*. – 2020. – Vol. 19. – P. 10094.

20 Park H.J., Jeong S.W., Yang J.K., Kim B.G., Lee S.M. Removal of heavy metals using waste eggshell // *Journal of Environmental Sciences*. – 2007. – Vol. 19. – P. 1436-1441.

21 Flores-Cano J.V., Leyva-Ramos R., Mendoza-Barron J., Guerrero-Coronado R.M., Aragón-Piña A., Labrada-Delgado G.J. Sorption mechanism of Cd(II) from water solution onto chicken eggshell // *Applied Surface Science*. – 2013. – Vol. 276. – P. 682-690.

22 Setiawan B.D., Rizqi O., Brilianti N.F., Wasito H. Nanoporous of waste avian eggshell to reduce heavy metal and acidity in water // *Sustainable Chemistry and Pharmacy*. – 2018. – Vol. 10. – P. 163-167.

23 Makuchowska-Fryc J. Use of the eggshells in removing heavy metals from waste water – the process kinetics and efficiency // *Ecological Chemistry and Engineering S*. – 2019. – Vol. 26. – P. 165-174.

ГРНТИ 34.31.15

ОЦЕНКА АНТИОКСИДАНТНОЙ АКТИВНОСТИ ЭКСТРАКТОВ ИЗ ПИЩЕВЫХ ОТХОДОВ ФРУКТОВ И ОВОЩЕЙ

Ә.Ж. Серік

*Магистрант, Satbayev University (Казахский национальный исследовательский
технический университет имени К. И. Сатпаева), г. Алматы*

Ж.М. Сулейменова

*Ассоц. профессор, НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский
университет», г. Алматы*

Ж.Б. Досимова

*МНС, НАО «Казахский национальный аграрный исследовательский университет»,
г. Алматы*

В статье представлены результаты исследования по получению экстрактов из растительных пищевых отходов – кожуры апельсинов, виноградных выжимок, свекловой и томатной кожуры, и оценке их антиоксидантной активности. Целью являлась разработка простого и экологичного метода экстракции биоактивных соединений с сохранением их активности. Для определения антиоксидантных свойств применён метод DPPH. Показано, что экстракты из цитрусовых, томатов, и винограда обладают высокой антиоксидантной активностью, что позволяет рассматривать данные отходы как перспективное сырьё для получения натуральных антиоксидантов, используемых в пищевой и фармацевтической промышленности.

Ключевые слова: антиоксиданты, экстракция, кожура апельсинов, виноградные выжимки, кожура красной свекла, кожура томатов, DPPH, биоактивные соединения.

Введение.

В настоящее время в результате роста населения значительно увеличились объемы переработки растительного сырья. В процессе переработки образуется большое количество отходов и побочных продуктов – кожуры, зерна, экстракта, стеблей и других частей фруктов и овощей. Большая часть этих отходов не используется, выбрасывается или превращается в корм для животных. Однако они содержат большое количество биологически активных веществ и антиоксидантов, которые пользуются большим спросом в пищевой, фармацевтической и косметической промышленности. С этой точки зрения

рациональное использование пищевых отходов, их переработка и получение ценных продуктов является одним из актуальных направлений современной биотехнологии [1, 2].

Антиоксиданты – это соединения, которые поддерживают окислительно-восстановительный баланс живого организма и нейтрализуют вредное воздействие свободных радикалов. Они играют важную роль в защите здоровья человека, поскольку подавляют окислительные процессы липидов, белков и ДНК. Введение в пищевые продукты природных антиоксидантов позволяет продлить срок хранения, повысить качество и пищевую ценность продуктов. По этой причине получение антиоксидантов из растительного сырья, включая пищевые отходы, в настоящее время имеет особое значение [3, 4].

Кожура фруктов и овощей является богатым источником фенольных соединений, флавоноидов, каротиноидов и органических кислот. Кожура цитрусовых богата гесперидином, нарингином, а также аскорбиновой кислотой и эфирными маслами. Поскольку эти соединения обладают высокой антиоксидантной и антимикробной активностью, возможность их использования в качестве натуральных добавок к пищевым и фармацевтическим продуктам широко изучается [5, 6].

Для выделения антиоксидантных соединений используются различные методы: традиционная водная или спиртовая мацерация; ультразвуковая и микроволновая экстракция; ферментативный гидролиз; экстракция разбавленным углекислым газом и др.

Однако их эффективность зависит от используемого растворителя, температуры, времени и конструктивных особенностей сырья. Многочисленные исследования показали, что 70% этиловый спирт является универсальным растворителем, который хорошо растворяет полярные и неполярные соединения [7, 8].

Одним из наиболее часто используемых методов для определения антиоксидантной активности является метод DPPH (2,2 – дифенил-1-пикрилгидразил). Его принцип основан на изменении фиолетового цвета раствора DPPH на светло-желтый из-за антиоксидантного действия. Степень уменьшения оптической плотности характеризует антиоксидантную способность образца [9, 10].

Актуальность работы определяется по нескольким направлениям. Во – первых, это шаг к решению экологической проблемы, так как за счет переработки пищевых отходов уменьшается объем мусора и снижается нагрузка на окружающую среду. Во-вторых, повторное использование отходов экономически выгодно, поскольку снижает производственные затраты и создает дополнительный источник дохода. В-третьих, натуральные антиоксиданты заменяют синтетические добавки, повышают безопасность пищевых продуктов и положительно влияют на здоровье потребителей [11, 12].

Цель исследования – разработка методов получения экстрактов из кожуры цитрусовых, виноградных выжимок, свеклы и томатов, а также оценка их антиоксидантной активности.

Задачи:

1. Отобрать оптимальный метод экстракции, обеспечивающий сохранность биоактивных соединений.
2. Получить экстракты и определить их антиоксидантную активность методом DPPH.
3. Сравнить активность экстрактов, полученных из различных видов растительного сырья.

Объекты исследования. В качестве объектов исследования использовались растительные остатки пищевого производства – кожура цитрусовых (апельсин), экстракты винограда, кожура свеклы и томата.

Апельсиновая цедра является побочным продуктом производства сока, содержит флавоноиды (гесперидин, нарингин), фенольные кислоты, пектин и витамин С.

Экстракты винограда – это остатки семян и кожуры, которые остаются после процесса производства вина и сока, являются источником ресвератрола, катехина и проантоцианидинов.

Свекольная шелуха – это отходы сахарной и овощерерабатывающей промышленности. Свекольные пигменты (беталаины и антоцианы) отличаются антиоксидантной активностью.


Томатная кожура – отходы, образующиеся при производстве томатной пасты и соков, содержит ликопин, β -каротин, токоферол и органические кислоты, что делает его особенно ценным как природный источник антиоксидантов.

Все исследованные отходы получены в свежесобранном виде от предприятий общественного питания и пищевой промышленности г. Алматы. Каждый вид сырья обрабатывался отдельно и готовился к исследованию.

Предварительная подготовка сырья.

Подготовительный этап перед экстракцией растительного сырья состоял из трех основных этапов: промывка, сушка и измельчение (показано на схеме 1).

Схема 1. Предварительная подготовка образцов.



Метод экстракции.

Для выделения антиоксидантов использовался метод этанольной мацерации. Этот метод является экологически безопасным и не требует специального оборудования и поэтому считается эффективным в лабораторных условиях.

Основные параметры экстракции:

- Количество сырья: 10 г. (в порошкообразном виде);
- Растворитель: 70% этиловый спирт (водно-спиртовая смесь увеличивает растворение антиоксидантов);
- Объем растворителя: 100 мл;
- Время экстракции: 24 часа;
- Температура: комнатная температура (25 ± 2 °С);
- Перемешивание: слегка взбивал каждые 2-3 часа.

Процесс экстракции проводился в темном месте, потому что под воздействием света некоторые антиоксиданты (особенно каротиноиды и флавоноиды) могут расщепляться.

Через 24 часа полученную суспензию фильтровали через фильтровальную бумагу и использовали для анализа в виде прозрачного экстракта.

При необходимости экстракты хранили в холодильнике при температуре +4 °С.

Метод определения антиоксидантной активности (метод DPPH).

Антиоксидантная активность экстрактов определялась по способности нейтрализовать радикал DPPH (2,2-дифенил-1-пикрилгидразил). Этот метод позволяет количественно оценить, насколько эффективно антиоксиданты удаляют свободные радикалы.

Принцип метода. DPPH – это стабильный фиолетовый радикал азота. Если на него действует антиоксидант, он отдает электрон или атом водорода, превращая радикал в нейтральное соединение, в результате чего цвет раствора меняется на светло-желтый. Степень уменьшения оптической плотности указывает на величину антиоксидантной активности.

Порядок проведения анализа:

1. раствор DPPH готовили в 96% этаноле в концентрации 0,1 мМ (0,0394 г DPPH растворяют в 100 мл растворителя).
2. к каждому образцу добавляли 1 мл экстракта и 3 мл раствора DPPH и инкубировали при комнатной температуре в темном месте в течение 30 минут.
3. через 30 минут оптическую плотность растворов измеряли на спектрофотометре на длине волны 517 нм.
4. антиоксидантная активность (%) рассчитывалась по формуле:

$$I(\%) = (A_0 - A_s) / A_0 * 100,$$

здесь:

A_0 – оптическая плотность контрольного образца (без экстракции) раствора DPPH,

A_s – оптическая плотность исследуемого экстракта.

Все измерения были повторены три раза, и было получено среднее значение. Стандартное отклонение было в пределах $\pm 2-4\%$. Преимуществом этого метода является его простота, высокая чувствительность и отсутствие необходимости в сложных реагентах и оборудовании.

Обработка данных и оценка результатов.

XXI ғасырда жаһандану ұғымы адамзат дамуының негізгі бағыттарының біріне айналды [6]. Ол – экономикалық, саяси, мәдени және әлеуметтік салаларда жүріп жатқан кең ауқымды өзара ықпалдастық пен бірігу үдерісін білдіреді. Қазіргі таңда кез келген елдің дамуы мен халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны жаһандану факторларымен тығыз байланысты. Сондықтан бүгінде «халықаралық», «ғаламдық», «әлемдік» деген анықтамалар экономикада, саясатта және әлеуметтік өмірде жиі қолданылуда.


Жаһандану – әлемнің біртұтас экономикалық, ақпараттық және мәдени кеңістікке айналу процесі. Бұл құбылыс мемлекеттердің өзара тәуелділігін арттырып, жаңа технологиялар мен ақпараттық-коммуникациялық жүйелердің жедел дамуына жол ашты. Сонымен қатар, ол қоғамның өмір салтына,

құндылықтарына және дәстүрлі қатынастарына, соның ішінде отбасы институтына да тікелей әсер етуде. Заманның, өмір салты мен әдет-ғұрыптың өзгеруіне, ғылыми-техникалық прогрестің үдей түсуіне қарамастан, отбасы – адам өміріндегі ең тұрақты әрі қасиетті құндылық болып қала береді. Өйткені отбасы – тұлғаның алғашқы әлеуметтену ордасы, рухани және моральдық құндылықтардың қалыптасу негізі. Уақыт талабымен көптеген қоғамдық қатынастар өзгеріске ұшырағанымен, отбасының адам өміріндегі орны мен маңызы ешқашан өзектілігін жоймайды.

Өкінішке орай, 2024 жылғы мәліметтер бойынша, Қазақстанда ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 21 387 бала бар, олардың басым көпшілігі (82%) отбасыларда тәрбиеленеді [7]. 18 жасқа дейінгі балалардың жалпы саны 6 841 527 адамды құрайды, бұл халықтың 34,1% құрайды (1-сурет). Бала туудың төмендеу тенденциясы да байқалады, 2024 жылы 365,9 мың бала дүниеге келді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда (388,4 мың) аз. 2024 жылы туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 18,15 құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен төмен (2 сурет).



Сурет 1. 2024 жылдың басындағы балалардың жыныс-жас құрылымы.



Сурет 2. Жылдар бойынша туу динамикасы.

Қазіргі таңда отбасы институтының жағдайын зерттеу, оның даму ерекшеліктерін айқындау және туындайтын мәселелерді шешу – мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты [8]. Әсіресе, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас, отбасы құндылықтарын дәріптеу, ажырасу деңгейінің өсуі, монородительдік (толық емес) отбасылардың көбеюі және алимент төлеу проблемалары ерекше назарды қажет етеді. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелері қазақстандықтардың басым бөлігі үшін отбасы – өмірдің маңызды саласы екенін көрсетеді. «Отбасылық-демографиялық саясат» бойынша жүргізілген сауалнама деректері бойынша (1 диаграмма):

Диаграмма 1. Отбасылық-демографиялық саясат.



- 50,3% ата-ана балаларымен үнемі бірге уақыт өткізеді (1).
- 32,7% ата-ана күн сайын бірге болуға тырысады (2).
- 8,3% ата-ана демалыс және мереке күндерін бірге өткізеді (3).
- тек 0,4% ата-ана ғана балаларына уақыт таппайды (4).
- қалған 8,3 % толыққанды жауап бермеді (5).

2024 жылы АХАТ органдары Қазақстан Республикасында 123,6 мың неке тіркеді, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,2% артық. Некелесудің жалпы коэффициенті 6,13 құрады (1000 адамға). Некелескендердің көпшілігі Астана қаласында, 1000 адамға шаққанда 7,34 неке коэффициенті, сондай-ақ Алматы (6,98) және Ұлытау облыстарында (6,70) байқалды. Некеге тұрудың ең төменгі деңгейі Батыс Қазақстан облысында – 1000 адамға шаққанда 5,58 неке [9].

Отбасын құрғандардың ішінде ерлердің 78% және әйелдердің 79,1% некеге алғаш рет тұрған, ажырасқаннан кейін қайта үйленген ерлердің үлесі – 20,8%, тұрмысқа шыққан әйелдерде –19,4%. Қалалық жерлерде 82,1 мың неке (66,4%), ауылдық жерлерде 41,5 мың неке (33,6%) тіркелген. Алғаш неке құрған


ерлердің орташа жасы 27,9 жас болса, әйелдер үшін – 25,2 жас. 2024 жылы неке жаз айларында ең көп тіркелген: маусым – 11 675, шілде – 13 739, тамыз – 12 936 бірлік. Барлық тіркелген некенің 81,8% моноэтникалық болса, қалған 18,2% – этносаралық. Ажырасуға келетін болсақ, 2024 жылы олардың саны 40,5 мың болды. Қалалық жерлерде 30,1 мың ажырасу (74,4%), ауылдық жерлерде – 10,4 мың ажырасу (25,6%) тіркелген. Ажырасудың жалпы коэффициенті 2,01 құрады (1000 адамға).

Ажырасудың ең жоғары деңгейі ШҚО-да, 1000 адамға шаққанда 3,12 коэффициентімен, сондай-ақ Қарағанды (3, 11) және Павлодар (3,09) облыстарында байқалды. ажырасудың ең төменгі деңгейі Түркістан облысында – 1000 адамға шаққанда 0,90. Зерттеулер көрсеткендей, отбасындағы дағдарыс жағдайлары әрқашан некенің бұзылуына алып келмейді, алайда көптеген отбасыларда ажырасудың өзіндік себептері бар. Ең жиі кездесетін себептерге:

- жұбайлардың опасыздығы немесе екінші отбасының пайда болуы,
- туыстардың отбасы өміріне араласуы,
- жүйелі тұрмыстық зорлық-зомбылық,
- алкогольге салыну, қызғаншақтық,
- материалдық қиындықтар (жұмыссыздық, табыстың жеткіліксіздігі, тұрғын үй мәселесі) жатады.

Статистикаға сүйенсек, ажырасу көбіне ортақ баласы жоқ отбасылар арасында тіркеледі (34,9%). Ал екі және одан да көп баласы бар отбасыларда бұл көрсеткіш 33,3%-ды, бір баласы бар отбасыларда – 31,8%-ды құрайды. Бұл деректер баланың болуы қазақстандықтар үшін ажырасуға кедергі фактор емес екенін көрсетеді. «Қазақстандық отбасылар – 2020» ұлттық баяндамасына сәйкес:

Диаграмма 2. Отбасының ажырасу себептері.



Сауалнамаға қатысқандардың 14,7%-ы ешқандай жағдайда ажырасуды ақтауға болмайды деп есептейді. Ажырасудың негізгі салдары ретінде респонденттердің 75,5%-ы толық емес отбасылар санының өсуін атап өтті.

Қазақстандағы отбасы институты қазіргі таңда бірқатар әлеуметтік-демографиялық қиындықтарға тап болып отыр. Мемлекеттік саясаттың негізгі мақсаты – отбасының қоғамдағы ролін нығайту, ажырасу деңгейін төмендету, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру және толық емес отбасылар мәселесін шешу. Бұл бағыттағы шаралар кешенді сипатта болып, әлеуметтік қолдау, құқықтық қорғау, психологиялық көмек пен тәрбиелік жұмыстарды қамтуы тиіс. Отбасы саясатын жетілдіру – қазақстандық қоғамның әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің және ұлттық құндылықтарды сақтаудың басты кепілі [10].

Жаһандану дәуірінде отбасы институтын нығайту – Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен тұрақты дамуының кепілі. Мемлекеттік саясат осы бағытта заңнамалық, бағдарламалық және аймақтық деңгейде жүйелі жүзеге асырылуда. Алдағы міндет – халықаралық тәжірибені ескере отырып, ұлттық құндылықтарды сақтайтын жаңа механизмдер енгізу.

Жаһандану дәуірінде отбасы институты көптеген сынақтарға ұшырауда. Ақпараттық кеңістіктің ашықтығы, батыстық өмір салтының енуі, әлеуметтік және экономикалық дағдарыстар дәстүрлі құндылықтарға ықпал етіп, олардың әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Осындай жағдайда отбасы мәселесін тек әлеуметтік емес, сонымен қатар саяси, экономикалық және ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қарастыру қажеттігі туындайды.

Қазақстан үшін отбасы – халықтың мәдени коды мен рухани тұтастығын сақтайтын тірек. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – отбасы институтын қорғау және қолдау болып табылады. Жүргізілген талдау көрсеткендей, мемлекет отбасыға жан-жақты қолдау көрсетуде: заңнамалық актілер қабылдау, арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру, қоғамдық бастамаларды қолдау, әлеуметтік жобаларды қаржыландыру сияқты тетіктер тұрақты дамуда.

Осылайша, қазіргі статистикалық мәліметтер отбасы институтындағы шешімін күткен мәселелерді де айқын көрсетеді: ажырасулар санының артуы, бала туу көрсеткішінің төмендеуі, толық емес отбасылардың көбеюі, ата-аналық жауапкершіліктің әлсіреуі. Бұл факторлар мемлекеттің стратегиялық міндеттерін қайта қарастырып, жаңа тәсілдер енгізуді қажет етеді. Алдағы міндет – халықаралық тәжірибені ескеріп, бірақ ұлттық болмысқа сәйкес келетін отбасылық саясат тетіктерін қалыптастыру. Қоғам мен мемлекеттің өзара серіктестігі, азаматтық қоғам институттарының белсенділігі және отбасының өзін-өзі дамыту әлеуетін күшейту – қазақстандық отбасылардың тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі жолдары болып табылады.

Қорытындылай келе, отбасын нығайту, ана мен баланы қорғау – Қазақстанның әлеуметтік тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздігінің кепілі. Отбасылық саясатты жетілдіру арқылы ғана қоғамның тұтастығын сақтап, ұлттың болашағын қамтамасыз етуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Калдыбаева О.В., Калдыбаев М.С. (2018). Традиции vs глобализация: ценностные ориентации населения современного Казахстана. *Society and Security Insights*, 1(2), 113-138.
- 2 Рудавина Т.А., Липич Т.И. Семья в условиях глобализации //ББК 67.400 Н 86. – 2024. – С. 213.
- 3 Вяльшина А. А. Глобализация и семьи с детьми: основные тенденции и факторы влияния // Региональные агросистемы: экономика и социология. – 2020. – №. 4. – С. 90-95.
- 4 Бельгибаева Ж.Ж., Турсынбаева А. А. Государственная семейная политика Казахстана //Доклады НАН РК. – 2016. – Т. 1. – №. 359. – С. 131-136.
- 5 Zhanazarova Z.Z. Социальная защита семьи в современном Казахстане // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2016. – Т. 58. – №. 3.
- 6 Сорокин П.А. Кризис нашего времени. Человек. Цивилизация. Общество. – М., 1992. – с. 429-435.
- 7 Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі.
- 8 Искакова, Ж. (2019). Государственная семейная политика Казахстана: анализ текущего состояния и тенденции развития. *Казахстан-Спектр* № 4.
- 9 Министерство Юстиции Республики Казахстан «Об утверждении Концепции семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года».
- 10 Тұқымов Е. Жаһандық демографиялық сын-қатерлер: қазақстан үшін тәжірибе // Қоғам және дәуір. – 2024. – Т. 83. – №. 3.

ГРНТИ 06.81

CROSS-BORDER TRADE AND FINANCIAL INTEGRATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA: MANAGERIAL AND POLICY PERSPECTIVES

Zhao Jie

Doctor of Business Administration (DBA), Al-Farabi Kazakh National University, Almaty

The strategic partnership between Kazakhstan and China, underpinned by the Belt and Road Initiative and the Middle Corridor, represents a critical axis of Eurasian economic integration. While macro-level policy frameworks and infrastructure projects are well-documented, a significant disconnect persists between these strategic ambitions and the operational realities faced by businesses. This study addresses this gap by analyzing cross-border trade and financial integration from intertwined managerial and policy perspectives. It identifies key managerial challenges including navigating the dual EAEU-BRI regulatory environment, currency volatility, logistical bottlenecks, and cross-cultural barriers and critically evaluates the corresponding policy architecture. The paper's core theoretical contribution is the “Managerial-Policy Feedback Loop” model, which conceptualizes integration as a dynamic, iterative co-evolution process. We argue that institutionalizing a formal channel for business feedback is essential for refining policies and achieving sustainable, effective economic cooperation between Kazakhstan and China.

Key words: Cross-Border Trade, Financial Integration, Kazakhstan-China Relations, Belt and Road Initiative (BRI), Eurasian Economic Union (EAEU).

Introduction.

The strategic partnership between Kazakhstan and China has evolved into a cornerstone of Eurasian economic dynamics, largely catalyzed by China’s Belt and Road Initiative (BRI) and the growing prominence of the Trans-Caspian International Transport Route, or Middle Corridor. These frameworks have elevated bilateral trade and financial cooperation from a peripheral concern to a central component of both nations' foreign economic strategies. Within this context, macroeconomic indicators and geopolitical analyses have dominated academic and policy discourse, often celebrating infrastructure investments and aggregated trade volumes. However, this macro-level focus obscures a more complex and under-examined reality occurring at the operational level [1]. A significant disconnect persists between the strategic policy ambitions championed by governments and the daily managerial challenges confronted

by enterprises engaged in cross-border activities. This gap between policy intent and business execution constitutes a critical void in the current understanding of Kazakhstan-China economic integration.

While intergovernmental agreements successfully outline a vision for connectivity, their translation into efficient business operations remains fraught with difficulties. Existing scholarship frequently details the broad benefits of cooperation but seldom systematically investigates the specific managerial impediments that hinder the realization of these policy goals. Consequently, there is a pressing need for research that bridges this divide, offering a nuanced analysis that connects the implementation of national policy instruments with the strategic responses of corporate management. This study seeks to address this scholarly omission by developing a conceptual framework specifically designed to analyze the interplay between cross-border managerial strategies and national policy architectures. The research is guided by several pivotal questions. It first aims to identify the primary managerial impediments to trade and financial integration from the distinct viewpoint of Kazakhstani firms. Subsequently, it interrogates how existing and proposed policies either alleviate or inadvertently exacerbate these operational challenges. Ultimately, it explores the potential for a constructive feedback loop, wherein insights from business practice actively inform and shape future policy formulation, thereby creating a more synergistic and effective integration process. The strategic and economic partnership between Kazakhstan and China represents a pivotal axis of regional integration, fundamentally reshaped by China's Belt and Road Initiative (BRI) and the concurrent development of the Trans-Caspian International Transport Route, or Middle Corridor. These grand strategic frameworks have transcended mere diplomatic communiqués, materializing into substantial infrastructure projects and institutional agreements that aim to redefine Eurasian connectivity. The prevailing academic and policy-oriented discourse has predominantly celebrated this relationship through a macro-level lens, focusing on aggregate trade flows, sovereign investment volumes, and geopolitical ramifications. This top-down perspective, while valuable, offers an incomplete narrative. It largely overlooks the critical micro-level interface where national policies interact with corporate practice, creating a significant knowledge gap. A palpable disconnect exists between the strategic ambitions articulated in policy frameworks and the operational realities confronted by managers navigating the complex Kazakhstan-China economic landscape. This schism between policy rhetoric and business execution forms the core problematique of this inquiry.

The translation of high-level policy directives into tangible business outcomes is neither automatic nor seamless. The extant literature provides ample analysis of intergovernmental agreements but demonstrates a scarcity of rigorous studies that systematically dissect the managerial challenges inherent in this specific cross-border context. The operationalization of policy how agreements on paper are enacted in corporate boardrooms and supply chain logistics remains an underexplored frontier. This research seeks to fill this void by constructing a conceptual framework designed explicitly to analyze the dynamic interplay between cross-border managerial strategies and national policy instruments. The investigation is propelled by several

interconnected questions. Primarily, it seeks to delineate the fundamental managerial impediments to trade and financial integration as perceived and experienced by Kazakhstani enterprises. Building on this, the research will critically assess the efficacy of existing and proposed policies in addressing or, conversely, perpetuating these operational bottlenecks. The ultimate objective is to theorize the mechanisms of a feedback loop, exploring how ground-level business practices and managerial experiences can be systematically integrated into the policy formulation process to foster a more resilient and mutually beneficial economic integration.

Theoretical Framework: Bridging International Business and Economic Policy.

A robust theoretical foundation for analyzing cross-border trade and financial integration necessitates a dualistic framework that reconciles macro-level policy architectures with micro-level managerial decision-making. The complex interplay between Kazakhstan and China cannot be fully apprehended through a single theoretical lens; rather, it demands a synthesis of perspectives from economic policy and international business theory. At the macro level, the process is guided by theories of economic integration, which delineate a continuum from preferential trade agreements to complete economic unions. The relationship between Kazakhstan, a member of the Eurasian Economic Union (EAEU), and China, the architect of the Belt and Road Initiative (BRI), presents a compelling case of overlapping and occasionally competing integration models. This institutional duality creates a unique policy environment where firms must navigate the EAEU's common external tariff alongside BRI-driven bilateral agreements. Concurrently, financial integration theory provides a lens for examining mechanisms such as capital account liberalization and bilateral currency swap agreements [2]. These policies aim to reduce transaction costs and mitigate exchange rate risks, yet their practical effectiveness is contingent upon their adoption and implementation at the firm level. The supranational nature of both the EAEU and the BRI introduces a layer of institutional complexity that directly influences the regulatory landscape in which businesses operate.

On the micro-managerial dimension, established international business theories elucidate how individual firms perceive and respond to these macro-level opportunities and constraints. The Eclectic Paradigm, or OLI framework, offers a structured approach to understanding foreign direct investment decisions by Kazakhstani enterprises in China and vice versa. It posits that cross-border investment is driven by the confluence of Ownership-specific advantages, Location-specific advantages, and the Internalization incentive. The evolving policy landscape directly shapes these factors, particularly the Locational advantages of Kazakhstan as a gateway within the BRI. Complementing this, Institutional Theory provides critical insights into how firms strategically adapt to the formal and informal institutional pressures inherent in both the Kazakhstani and Chinese contexts. Firms develop strategies ranging from passive compliance to active negotiation to manage the distinct regulatory, normative, and cognitive institutions that characterize the two economies. Furthermore, the concept of cross-cultural management moves beyond purely economic or institutional analysis to address the profound challenges of differing communication styles, negotiation tactics,

and organizational behaviors that can impede effective partnership and operational efficiency, even when favorable policies exist.

The novel contribution of this analysis lies in synthesizing these distinct dimensions into a dynamic “Managerial-Policy Feedback Loop” model. Conventional models often implicitly assume a linear, top-down relationship where policy creates an environment to which business merely reacts. This perspective is insufficient. True integration is a dynamic, iterative process. The proposed model posits that while policy frameworks establish the initial rules of the game, the lived experiences of managers and firms their encountered obstacles, their innovative solutions, and their strategic failures generate a vital stream of feedback. This feedback, when formally or informally channeled back to policymakers, should inform subsequent policy refinements. For instance, persistent managerial difficulties in navigating EAEU and BRI customs procedures at the Khorgos gateway, or the limited uptake of RMB settlement among Kazakhstani SMEs despite available swap agreements, represent critical data points. A functional feedback loop ensures that policy is not static but evolves through learning, becoming more pragmatic and effective. This conceptualization elevates the analysis from a static description of policy and practice to a dynamic theory of co-evolution, where the continuous interaction between managerial action and policy adaptation drives the genuine deepening of cross-border trade and financial integration.

The Managerial Landscape: Strategies and Challenges for Kazakhstani Enterprises.

The operational reality for Kazakhstani enterprises engaging with the Chinese market is defined by a complex tapestry of strategic challenges that test the limits of conventional managerial capability. This landscape requires a sophisticated understanding of multi-layered regulatory regimes, volatile financial mechanisms, physical logistical networks, and profound cultural differences. A primary and defining challenge stems from the necessity to navigate a dual regulatory environment, where the supranational legal framework of the Eurasian Economic Union (EAEU) intersects with a web of bilateral agreements established under the Belt and Road Initiative (BRI). Managers are tasked with reconciling often divergent rules of origin, customs classification procedures, and technical standards between these two systems. This regulatory duality imposes significant administrative burdens and creates legal ambiguities that can paralyze supply chain efficiency [3]. For instance, complying with EAEU standards for a good destined for China may not satisfy Chinese import regulations, forcing companies to maintain parallel production processes or seek costly certifications twice. The managerial response involves developing specialized in-house legal expertise or engaging external consultants, effectively internalizing the cost of institutional misalignment, which diminishes the competitive advantage these trade agreements theoretically provide.

Financially, the landscape is equally fraught with hurdles that constrain strategic flexibility. Currency management presents a persistent problem, as firms face triple exposure to fluctuations in the Tenge, Renminbi (RMB), and often the Russian Rouble.

The limited use of RMB in settlements, despite available bilateral swap agreements, forces a reliance on intermediate convertible currencies like the US Dollar, layering additional transaction costs and exchange rate risks [4]. This financial friction is compounded by differential access to capital. While Chinese policy banks offer financing for projects aligned with BRI objectives, these are often tied to the procurement of Chinese goods and services. Local Kazakh banks, conversely, may lack the international capacity or risk appetite to offer competitive financing for such cross-border ventures. This creates a strategic dilemma for managers, who must weigh the conditional benefits of Chinese capital against the development of local financial partnerships. The management of cross-border payments remains cumbersome, with legacy systems and evolving regulatory requirements leading to delays and increased operational costs, directly impacting profit margins and cash flow stability.

These regulatory and financial challenges manifest most tangibly in the realm of logistics and supply chain management. Critical nodes such as the Khorgos gateway, while symbolically important, often become bottlenecks where infrastructure capacity fails to meet policy ambitions. Managerial strategies must account for chronic congestion, inconsistent cargo handling speeds, and the still-evolving digitalization of customs processes. The gap between the concept of a “digital silk road” and the on-the-ground reality of paper-based documentation at borders creates significant inefficiencies. Consequently, developing a resilient logistics strategy is not merely an operational concern but a core strategic imperative. Managers are forced to build redundancy into their supply chains, exploring alternative routes or modes of transport and holding higher inventory buffers to mitigate the risks of disruption. This operational resilience comes at a direct cost, eroding the economic benefits of geographic proximity.

Underpinning all these tangible challenges is the critical dimension of cross-cultural competence. The successful navigation of regulatory, financial, and operational hurdles is ultimately dependent on the ability to build trust and facilitate effective communication with Chinese partners. Profound differences in negotiation styles from the pace of discussions to the approach to contract terms can derail potential ventures. The management of joint ventures demands an acute understanding of divergent corporate governance models and decision-making hierarchies. Differences in business ethics, communication practices, and concepts of relationship-building (*guanxi*) represent a latent risk that can undermine even the most sound contractual agreements. Therefore, investing in cultural intelligence, language skills, and relationship management is not a soft luxury but a fundamental requirement for de-risking operations and ensuring long-term partnership sustainability in the complex Kazakhstan-China economic corridor.

The Policy Architecture: Instruments, Gaps, and Future Pathways.

The policy architecture governing Kazakhstan-China economic relations is a complex tapestry of bilateral and multilateral agreements, yet a critical examination through a managerial lens reveals significant disjunctures between institutional design and operational efficacy. The foundational framework is built upon the overarching memoranda of the Belt and Road Initiative, which are operationalized through more

specific bilateral trade and investment agreements [5]. This structure is further complicated by Kazakhstan's membership in the Eurasian Economic Union, creating a layered regulatory system. Key financial mechanisms, such as the currency swap agreement between the National Bank of Kazakhstan and the People's Bank of China, alongside the establishment of the Astana International Financial Centre with its English common law basis, represent ambitious institutional innovations aimed at deepening financial integration. However, the mere existence of these instruments does not automatically translate into seamless business facilitation. The central policy challenge lies not in a lack of high-level agreements, but in their implementation and their responsiveness to the ground-level realities faced by enterprises.

When evaluated from the perspective of managerial challenges, discernible gaps emerge within this policy edifice. The persistent logistical bottlenecks at key nodes like the Khorgos land port, for instance, indicate that trade facilitation policies have prioritized physical infrastructure over the synergistic development of streamlined and fully digitalized customs administration. The simultaneous application of EAEU and Chinese customs procedures, without a unified digital interface, creates the very administrative delays that policies purport to eliminate [6]. In the financial domain, while the currency swap agreement provides a macro-level liquidity buffer, its trickle-down effect to small and medium-sized enterprises remains limited. Policies promoting RMB usage have not yet been coupled with sufficient incentives or risk-mitigation tools to make it a pragmatically attractive alternative to the US Dollar for Kazakhstani firms, which continue to face high transaction costs and volatility. A more profound policy gap is the absence of a structured, institutionalized mechanism for incorporating frontline managerial feedback into the policy cycle. The experiences of businesses grappling with regulatory duality and financial hurdles represent an invaluable source of intelligence that currently lacks a formal conduit to policymakers, leading to a perpetuation of operational inefficiencies.

Addressing these disjunctures necessitates a shift towards a more responsive and managerially-informed policy paradigm. A pivotal recommendation involves the development of a digital "single window" system specifically designed to harmonize data requirements for trade crossing the EAEU-China border. This would directly address the administrative burden identified by managers, collapsing multiple procedures into a single submission point. To enhance financial integration, policy should focus on creating tangible incentives for using RMB-denominated instruments within the AIFC ecosystem. This could involve preferential regulatory treatment for RMB-linked sukuk issuances or the development of RMB-denominated hedging products tailored to the needs of Kazakhstani SMEs. Most critically, establishing a permanent public-private dialogue forum, with formal representation from Kazakhstani business associations and major corporate entities, would institutionalize the feedback loop between practice and policy. This body would be tasked with systematically collecting managerial testimony on implementation barriers and presenting evidence-based recommendations for regulatory refinement, thereby ensuring that the policy architecture evolves in tandem with the dynamic realities of cross-border trade.

Conclusion.

This study elucidates the critical disjuncture between the strategic vision of Kazakhstan-China cross-border integration and the operational realities confronting enterprises. The analysis has identified a suite of persistent managerial challenges, including navigating the dual EAEU-BRI regulatory environment, managing currency volatility and limited financing options, overcoming logistical bottlenecks, and bridging significant cross-cultural divides. Correspondingly, the policy architecture, while extensive in its scope, reveals pronounced gaps in its practical implementation, particularly regarding trade facilitation, financial instrument accessibility for SMEs, and the absence of formal channels for business feedback. The theoretical contribution of this work lies in its development of the “Managerial-Policy Feedback Loop” model, which posits integration as a dynamic, iterative process rather than a static policy outcome. This framework offers a transferable analytical tool for examining similar asymmetric bilateral relationships across emerging economies.

From a practical standpoint, the findings offer clear directives. Kazakhstani managers must proactively develop sophisticated regulatory intelligence and cultivate deep cultural literacy to navigate this complex terrain effectively. For policymakers, the imperative is to transition from crafting agreements to optimizing their execution, prioritizing the development of a digital single window, fostering RMB liquidity within the AIFC, and, most crucially, institutionalizing a structured public-private dialogue forum. Future research should build upon this conceptual foundation by conducting sector-specific investigations into areas like agriculture and fintech, exploring the transformative potential of digitalization for customs and logistics, and compiling detailed case studies of corporate strategies to generate granular, empirically-grounded insights for enhancing this vital economic corridor.

References

- 1 Yermekbayev A., Sarybayev M., Suriguga C. China-Kazakhstan Strategic Partnership and Bilateral Economic Cooperation // *Journal of Central Asian Studies*. – 2022. – Vol. 85, № 1. – P. 18-27.
- 2 Noroozi H., Askari E. China-Kazakhstan Collaboration for Bilateral and Inter-Regional Coherence // *Journal of Iran and Central Eurasia Studies*. – 2023. – Vol. 6, № 1. – P. 99-112.
- 3 Ventura L. Supply Chain Management and Sustainability: The New Boundaries of the Firm // *Uniform Law Review*. – 2021. – Vol. 26, № 3. – P. 599–634.
- 4 Dafermos Y., Gabor D., Michell J. FX Swaps, Shadow Banks and the Global Dollar Footprint // *Environment and Planning A: Economy and Space*. – 2023. – Vol. 55, № 4. – P. 949–968.
- 5 Zeng L. Conceptual Analysis of China’s Belt and Road Initiative: A Road Towards a Regional Community of Common Destiny // *Contemporary International Law and China’s Peaceful Development* / Ed. by L. Zhang. – Singapore: Springer Singapore, 2020. – P. 305–331.
- 6 Vovchenko N., Ivanova O., Kostoglodova E., et al. Improving the Customs

Regulation Framework in the Eurasian Economic Union in the Context of Sustainable Economic Development // Sustainability. – 2022. – Vol. 14, № 2. – P. 755.

ҒТАМР 06.73.21

ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНДА ЦИФРЛЫҚ МАРКЕТИНГТІ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ КЕШЕНДІ ШОЛУ

Ж.З. Жанасова, А.Н. Боранбаева

*Магистранттар, К. Сагадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті,
Алматы қ.*

Ш.А. Смагулова

*Ғылыми жетекші, э.ғ.д., профессор, К. Сагадиев атындағы Халықаралық Бизнес
Университеті, Алматы қ.*

Бұл зерттеу Қазақстандағы туризмнің дамуына цифрлық маркетингтің әсерін жан-жақты талдауға бағытталған. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы – цифрландыру процесінің ішкі туризмнің бәсекеге қабілеттілігіне, аймақтық туристік қызметтердің тартымдылығына және туристік нарықтағы коммуникациялық стратегиялардың тиімділігіне ықпалын жүйелі бағалауында. Практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері мемлекеттік органдар, туристік ұйымдар және жергілікті қауымдастықтар үшін цифрлық маркетинг құралдарын қолдану арқылы туристік ағынды арттыруға, қызмет сапасын жақсартуға және өңірлік туристік өнімдерді алға жылжыту стратегияларын жетілдіруге нақты ұсыныстар беруінде.

Кешенді шолудың мақсаты – цифрлық маркетингтің Қазақстандағы туризм индустриясының дамуына әсер ету тетіктерін айқындау және оның тиімділігін растайтын эмпирикалық және теориялық деректерді жүйелеу. Зерттеу әдіснамасы Scopus дерекқорындағы жарияланымдарға негізделген жүйелі әдеби шолу (systematic review) тәсіліне құрылған. 2023–2025 жылдар аралығында жарық көрген еңбектер талданды, ал іздеу барысында digitalization, digital marketing, domestic tourism, Kazakhstan сияқты негізгі түйінді сөздер қолданылды. PRISMA хаттамасына сәйкес бастапқы іріктеу жүргізіліп, оның нәтижесінде тақырыпқа толық сәйкес келетін 43 ғылыми мақала терең талдауға қосылды. Сонымен қатар зерттеулердің мазмұндық құрылымы мен географиялық өрісін анықтау мақсатында VOSviewer бағдарламасы көмегімен түйінді сөздердің өзара байланыс жиілігіне (co-occurrence) талдау жасалды. Қазақстандағы ішкі туризмді цифрландыруға арналған ғылыми еңбектердің тұңғыш рет концептуалдық картасын құруында және цифрлық маркетингтің ұлттық туризм стратегиясымен үйлесімділігін дәлелдеуде. Зерттеу нәтижелері цифрлық маркетингтің ішкі туризм экономикасын дамытудың негізгі қозғаушы күші екенін, туристік сұранысты интенсификациялауда, тұтынушылармен өзара

әрекетті күшейтуде және аймақтардың туристік имиджін қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынын көрсетті. VOSviewer негізінде жасалған визуализациялар Қазақстандағы туризмді цифрландыру зерттеулерінің тұжырымдамалық ландшафтын нақты айқындап, болашақ зерттеу бағыттарына бағдар береді.

Түйін сөздер: цифрландыру, цифрлық маркетинг, ішкі туризм, экономикалық даму, инновациялық технологиялар, туризмді ілгерілету.

Кіріспе.

Соңғы жылдары туризм жаһандық экономиканың ең серпінді және технологиялық тұрғыдан дамып келе жатқан саласына айналды. Дүниежүзілік туристік ұйымның (UNWTO) 2025 жылғы деректеріне сәйкес, халықаралық туристік келулер пандемияға дейінгі деңгейге толық жетіп, 2025 жылдың алғашқы жартысында өткен жылмен салыстырғанда шамамен 5%-ға артқан (Tourism Statistics, URL: <https://www.unwto.org/statistics>). Бұл өсім туризм саласының тұрақтылығы мен цифрлық трансформацияның тиімділігін дәлелдейді. Қазіргі таңда туристердің шамамен 70%-ы сапарды жоспарлау мен брондау кезінде онлайн платформалар мен мобильді қосымшаларды пайдаланады, бұл цифрлық маркетингтің рөлін айтарлықтай күшейтті (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, URL: <https://www.oecd.org>).

Бүкіләлемдік экономикалық форумның Travel & Tourism Development Index 2024 есебінде туризмді дамытуда цифрландыру мен инновациялар елдердің негізгі бәсекелестік артықшылығына айналғаны көрсетілген (WEF, 2024). Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) мәліметтері бойынша, туризм әлемдік жалпы ішкі өнімнің шамамен 7%-ын және жұмыспен қамтылғандардың 6%-ын қамтамасыз етеді, ал цифрлық технологиялар бұл үлесті арттыруда маңызды рөл атқаруда (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, URL: <https://www.oecd.org>). Цифрлық маркетингтің тиімді қолданылуы елдер мен компанияларға халықаралық нарықта өз позициясын нығайтып, туристік ағындарды басқаруда жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отыр. Цифрлық құралдар туристердің қажеттіліктерін анықтап, сапардан кейінгі пікірлері мен мінез-құлқын терең талдауға мүмкіндік береді, бұл өңірлер мен туристік қауымдастықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. [Охрименко, Е. И. (2025). Туризм саласында цифрлық маркетинг құралдарын қолдану. Экономика, құқық және социология хабаршысы, (3), 371–377.] Деректерді талдау технологияларының дамуы туристік өнімді нақты сұранысқа бейімдеуге, ал онлайн-коммуникация арналары туристермен тұрақты кері байланыс орнатуға жағдай жасайды. Нәтижесінде, өңірлер өз бәсекеге қабілеттілігін арттырып қана қоймай, туристік тәжірибе сапасын жаңа деңгейге көтере алады.

Қазақстанда туризм саласы соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді 2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 947,5 млрд теңге болып, 2023 жылмен салыстырғанда 20,3 %-ға өскені ресми статистикада

көрсетілген. Ішкі туризм де қарқынды дамуда 2024 жылдың алғашқы тоғыз айында ішкі туристер саны 5,973 млн адамды құрап, өткен жылмен салыстырғанда 562 мыңға артқан (Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, URL:

https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/press/news/details/898051?directionId=_344&lang=ru&utm_source). Бұл үрдіс Қазақстандағы туризм индустриясының экономикалық әлеуетінің артып келе жатқанын ғана емес, сонымен қатар ішкі нарықта туристік қызметтерге деген сұраныстың тұрақты түрде өсіп отырғанын айғақтайды. Ел статистикасы мобильді деректерді туризм есебіне енгізу арқылы туристік ағындарды нақтырақ бақылауға мүмкіндік беретінін көрсетеді (Ұлттық статистика басқармасы, URL: https://stat.gov.kz/ru/news/tsifrovaya-reforma-statistiki-maksat-turlubaev-predstavil-proekt-po-uchetu-turistov-na-osnove-mobiln/?utm_source). Бұл тәсіл туристік қозғалысты қадағалаудың дәлірек әдістерін қамтамасыз етіп, ішкі және халықаралық туристік тенденцияларды талдауға, сондай-ақ басқару шешімдерін деректерге негіздеуге жағдай жасайды.

Цифрлық маркетингтің нормативтік негіздері де қалыптасқан 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулымен бекітілген «Цифрлық трансформацияны, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасы (2023–2029 жж.)» және 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулымен бекітілген «Жасанды интеллектіні дамыту тұжырымдамасы (2024–2029 жж.)» (Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы, URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400000592?utm>). Аталған құжаттар цифрлық технологияларды жүйелі түрде дамытудың институционалдық және құқықтық негізін қалыптастырып, туризм саласында цифрлық маркетинг құралдарын қолдануды қолдауға бағытталған мемлекеттік саясаттың маңызды компоненті болып табылады. Сонымен қатар, бұл тұжырымдамалар цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, деректерді талдау мүмкіндіктерін кеңейту және саланың технологиялық жаңғыруын жеделдету үшін бірқатар басымдықтарды айқындайды.

2024 жылы Қазақстан халықаралық Travel & Tourism Development Index рейтингінде 66-орыннан 52-орынға көтеріліп, айтарлықтай ілгеріледі (Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/tsm/activities/344?lang=ru&utm>). Елде туристік қызмет көрсететін орналастыру орындарының саны артты, ал онлайн брондау жүйелері мен цифрлық аналитика арқылы қызмет сапасы мен туристік тәжірибе жақсарды. Цифрлық маркетинг құралдары әлеуметтік желілердегі контент, туристік порталдар және мобильді қосымшалар туристік өнімдерді жылдам ілгерілетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл туристік ағымды басқаруға, ішкі туризмнің маусымдылығын азайтуға және аймақтар арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге ықпал етеді. Цифрлық технологиялар туристік дестинациялардың қауіпсіздігін арттырумен қатар, олардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді [Issakov et al., 2025]. Қазақстан жағдайында цифрлық маркетинг тек жарнамалық құрал емес, сонымен қатар туристік

инфрақұрылым мен қызмет сапасын арттырудың маңызды элементі болып табылады. Мобильді қосымшалар, жасанды интеллект (AI), интернет заттар жүйесі (IoT) және «ақылды қала» шешімдері туристік тәжірибені жақсартып, туристердің сенімін нығайтып, дестинацияның тартымдылығын арттырады. Мұндай технологияларды Алматы, Астана, Шымкент және Түркістан сияқты туристік орталықтарда кеңінен қолдану елдің туристік имиджін едәуір күшейтеді.

Сонымен бірге, цифрлық трансформация деректерге негізделген басқару мен маркетингтік шешімдер қабылдауға жағдай жасап, туристік брендтің халықаралық деңгейде танылуына мүмкіндік береді. Алайда, Қазақстанда туризмді цифрлық маркетинг арқылы дамыту барысында бірқатар проблемалар да байқалады. Біріншіден, өңірлік деңгейде цифрлық инфрақұрылымның дамуы біркелкі емес. Екіншіден, туризм саласындағы цифрлық маркетинг мамандарының біліктілігі жеткіліксіз. Үшіншіден, туристік деректерді талдау мен мониторинг жүргізу жүйесі толық қалыптаспаған. Төртіншіден, онлайн-платформалардағы ақпараттың сапасы мен жаңартылу жиілігі әрқелкі. Сондай-ақ, цифрлық контент стратегиялары мен олардың тиімділігін бағалау жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Дегенмен, технологияларды енгізу жеткіліксіз – оларды тиімді пайдалану мен тұрғындардың, кәсіпкерлердің цифрлық мәдениетін қалыптастыру маңызды. Бұл бағытта мемлекеттік бастамалар мен жеке сектордың серіктестігі ерекше мәнге ие. Цифрлық технологияларды туризм саласында енгізу тек техникалық жаңашылдық емес, ол елдің туристік брендингін қалыптастырудың, экономикалық тұрақтылық пен туристердің сенімін арттырудың стратегиялық тетігі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық маркетингтің әлеуетін тиімді пайдалану Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші туристік бағыттардың біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Осы факторлар зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық өзектілігін айқындайды.

Бұл кешенді шолудың негізгі мақсаты – Қазақстандағы туризм саласында цифрлық маркетингтің қазіргі жағдайын талдап, оның тиімділігін анықтау және туристік өнімдерді жылжыту мен туристік тәжірибені жақсартудағы әсерін зерттеу. Сонымен қатар, цифрлық маркетингтің қолдану деңгейі мен даму перспективаларын бағалап, елдің туристік секторын цифрлық трансформациялау бойынша ұсыныстар жасау.

Зерттеудің болжамдық нәтижесі Қазақстандағы туризм саласында цифрлық маркетингтің қолданылуы туристік өнімдерді тиімді ілгерілетуге, ішкі және келу туризмін арттыруға, сондай-ақ туристік тәжірибенің сапасын жақсартуға айтарлықтай ықпал ететіні анықталады деп болжанады. Цифрлық құралдарды – әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар, Big Data және жасанды интеллект элементтерін – жүйелі пайдалану арқылы туристік қызмет көрсетушілердің бәсекеге қабілеттілігі артып, туристік ақпараттың қолжетімділігі мен сапасы жақсарады, деректерге негізделген басқару жүйесі қалыптасады, ал туристік брендтің танымалдығы мен сенімділігі күшейтеді. Бұл

өз кезегінде Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші цифрлық туристік хабтардың біріне айналдыруға негіз болмақ.

Әдебиеттік шолу.

Ішкі туризмнің ұлттық экономикадағы маңызы.

Қазақстандағы ішкі туризм ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігіне айналууда. Зерттеулерге қарағанда, елдің ішкі туристік нарығы жылына шамамен 6–8 миллион адамды қамтиды, алайда ішкі саяхаттарда онлайн сервистерді пайдалану деңгейі әлі де төмен [Mussabayeva et al., 2024, 2 б.]. Бұл бір жағынан ішкі туризмнің ауқымды аудиториясын көрсетсе, екінші жағынан оның цифрландыру арқылы одан әрі өсіп, экономикалық әлеуетін арттыру мүмкіндігі мол екенін аңғартады. Ішкі туризм сұранысты ел ішінде ұстап, табысты сыртқа шығармайтындықтан, оның дамуы ұлттық кіріс пен жұмыспен қамтуға тікелей ықпал етеді.

Ішкі туризм, әсіресе цифрлық технологиялар тиімді қолданылған жағдайда, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мультипликативті әсер ете алады. Мысалы, зерттеушілердің пайымдауынша, «цифрландыру бұрын танымал болмаған өңірлердің дамуын қолдайды. Әлеуметтік желілер мен тәжірибе алмасу платформалары арқылы туристер жаңа бағыттарды аша алады, бұл өңірлік экономиканың дамуына ықпал етеді» төмен [Yakubovskiy & Kurychenko, 2024, 94 б.]. Демек, ішкі туристер санының өсуі мен олардың жаңа аймақтарға тартылуы жергілікті кәсіпкерлікті жандандырып, аймақтық бюджетті толықтырады, нәтижесінде жалпыұлттық экономикаға қосылатын үлес артады. Сонымен қатар, 2023 жылы Қазақстанға келген 9,2 миллион шетелдіктің небәрі 1,1 миллионы ғана қонақүйлерде орналасты деген дерек «ішкі және кіру туризмін цифрландырудың өзекті екенін дәлелдейді» [Shilibekova et al., 2024, 2064 б.]. Бұл көрсеткіш туристік қызметтердің цифрлық қолжетімділігін арттыру арқылы ішкі нарықтың толық әлеуетін жүзеге асыру қажеттігін айқындайды. Сондықтан кейбір зерттеушілер мемлекет туризмді экономиканың басым секторы деп танып, оны цифрлық маркетинг пен технологиялар арқылы дамытуға белсенді қаржы бөлуді ұсынады [Lasisi, Odei & Eluwole, 2025, 290 б.]. Мұндай стратегиялық қолдау ішкі туризмнің ұлттық экономикадағы рөлін күшейтіп, жаңа инновациялық өнімдер мен қызметтердің пайда болуына жол ашады.

Туризм саласын цифрландырудың жаһандық тенденциялары.

Жаһандық туризм индустриясы соңғы онжылдықтарда қарқынды цифрлық трансформация үрдісінен өтіп жатыр. Цифрлық технологиялар туристік қызмет көрсетудің барлық кезеңдеріне еніп, саяхатшылардың мінез-құлқы мен сала құрылымын түбегейлі өзгертуде. Мәселен, «онлайн-брондау платформалары туристер мен қызмет көрсетушілер арасындағы өзара байланысты түбегейлі өзгертті. Саяхаттарды жоспарлау үдерісін жеңілдету арқылы онлайн брондау халықаралық туризмнің кеңеюіне және туристер санының артуына ықпал етті» [Yakubovskiy & Kurychenko, 2024, 94 б.]. Бұл тенденция цифрлық платформалардың жаһандық деңгейде туризм сұранысын кеңейтуде шешуші рөл атқарып отырғанын көрсетеді. Сонымен бірге, «цифрлық технологиялардың

дамуы туризмді әлемнің көптеген аймақтарында неғұрлым қолжетімді және тартымды етіп отыр... Негізгі рөлді Интернет атқарады, ол саяхатшыларға ел мен аймақ туралы алдын ала зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді, бұл олардың таңдауларын неғұрлым саналы етеді» [Shilibekova, Plokhikh & Dávid, 2024, 2061 б.]. Яғни интернеттің және цифрлық ақпарат көздерінің арқасында туристер бұрынғыдан әлдеқайда хабардар болып, саяхаттау мүмкіндіктерін бүкіл әлем бойынша оңай пайдалана алуда.

Цифрландырудың жаһандық деңгейдегі тағы бір үрдісі – туризм индустриясының тиімділікті арттыру және жаңа нарықтарға шығу мақсатында цифрлық инвестицияларды ұлғайтуы. Зерттеулерге сәйкес, туризм саласы ғаламдану мен технологиялық ілгерілеу жағдайында цифрлық технологияларға инвестиция салу арқылы басқаруды тиімдірек жүзеге асыруға және нарық ауқымын кеңейтуге қол жеткізген «Бұл үрдіс тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ететін маңызды факторға айналды» [Julianti & Pinrak, 2024]. Бұдан бөлек, COVID-19 пандемиясы цифрландыру үдерісін тіпті жеделдете түсті: «COVID-19 дағдарысы кезінде үкіметтің смарт-технологияларды дамытуға көзқарасы өзгеріп, цифрлық инфрақұрылымға және халықтың цифрлық дағдыларын жетілдіруге инвестиция көбейді» [Torabi et al., 2023]. Осылайша, жаһандық дағдарыс жағдайында көптеген елдер туристік секторды цифрлық тұрғыда жаңғыртуға басымдық беріп, болашақта бәсекеге қабілеттілікті сақтау үшін цифрлық мүмкіндіктерді кеңейтіп жатыр. Жалпы алғанда, әлемдік туризмде онлайн-платформаларға сүйену, деректерге негізделген басқару шешімдері және «Smart tourism» тұжырымдамасын енгізу секілді үрдістер айқын байқалады. Бұл Қазақстан үшін де маңызды бағыт-бағдар болып табылады, себебі жаһандық тенденцияларды ескермеу ұлттық туризмнің бәсекелестік қабілетіне әсер етуі мүмкін.

Қазақстандағы цифрландырудың ағымдағы жағдайы және инфрақұрылым.

Қазақстан туризм саласын цифрландыру бойынша біртіндеп ілгерілеу жолында, алайда инфрақұрылым мен қолдану деңгейі аймақтар бойынша әркелкі дамыған. Елдегі ішкі туристер саны жылына миллиондап саналғанымен, сол туристердің цифрлық сервис пайдалану үлесі төмендігі байқалады [Mussabayeva et al., 2024, 2 б.]. Бұл ішкі туризмді цифрландырудың әлеуеті толық іске аспағанын және туристік қызметтерді онлайн режимге көшіру мүмкіндіктері жеткілікті екендігін көрсетеді. Соңғы жылдары мемлекеттік және салалық деңгейде туристік ақпараттық жүйелер мен платформалар енгізіле бастады. Мысалы, «eQonaq жүйесінің енгізілуі Қазақстанның туризм секторындағы цифрландыру мен рәсімдерді жеңілдетудің жаңа кезеңін бастады. Бұл тәжірибе елдің халықаралық тартымдылығын арттырып, экономикалық өсімге серпін берді» [Mussabayeva et al., 2024, 5 б.]. eQonaq сияқты бастамалар туристік деректерді жинауды, шетелдік келушілерді тіркеуді жеңілдетіп, жалпы туристік қызмет көрсету сапасын жоғарылатуда. Нәтижесінде, Қазақстанның цифрлық шешімдер енгізудегі қадамдары шетелдік туристерге де қолайлы жағдай жасап, туризмнің ұлттық экономикаға қосар үлесін ұлғайтуға ықпал етуде. Дегенмен, ел

ішінде цифрлық инфрақұрылымның даму деңгейі аумақтық айырмашылықтарға ие. Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық қызметтердің сапасы Алматы қаласында ең жоғары бағаланған (шамамен 74%), ал Түркістан мен Астана қалаларында бұл көрсеткіш төменірек – 60–62% шамасында ғана тіркелген [Mauletkazy et al., 2025]. Бұл айырмашылықтар кей өңірлерде интернет байланысы, цифрлық сауаттылық пен қызметтердің жетіспеуі сияқты мәселелер бар екенін және тұтас ел бойынша біркелкі цифрлық даму қажеттігін аңғартады. Соған қарамастан, Алматы мен Астана қалалары цифрлық инфрақұрылым мен инновациялық экономикада көшбасшы болып отыр. «Алматы мен Астана қалалары цифрлық инфрақұрылым мен инновациялық экономикада көшбасшы болып табылады. Олардың үлгісі басқа өңірлерге смарт-инфрақұрылымды дамыту мен цифрлық қызметтерді енгізуде бағыт-бағдар бола алады» [Urdabayev et al., 2024]. Яғни, ірі мегаполистердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, жоғары жылдамдықты интернет, мобильді қосымшалар мен электрондық сервистер туризмді дамытуда тиімді құрал саналады және оларды еліміздің өзге аймақтарында да тарату маңызды. Цифрландыру арқылы өңірлік теңсіздікті азайтуға болатыны да атап өтіледі: «Смарт-қалалар тұжырымдамасы цифрландыру мен инновацияны үйлестіру арқылы аймақтық теңсіздікті азайтып, әлеуметтік-экономикалық дамуға серпін береді. Бұл үрдіс ішкі туризмді де дамытудың жаңа бағыты болып табылады» [Urdabayev et al., 2024]. Қорыта айтқанда, Қазақстанда туризмді цифрландыру бағытында алғашқы оң қадамдар жасалғанымен, инфрақұрылымды бүкіл ел аумағында жетілдіру және қолжетімділікті арттыру міндеті өзекті болып қалуда.

Цифрлық технологиялардың экономикалық әсері мен туризмдегі трансформациясы.

Цифрлық технологиялар туризм индустриясының экономикалық тиімділігін айтарлықтай арттырып, саланың құрылымын жаңаша қалыптастырып жатыр. Ең алдымен, цифрландырудың басты экономикалық әсері – транзакциялық шығындарды азайту және өнімділікті арттыру екені атап өтіледі [Shilibekova & Plokhikh, 2024]. Яғни, онлайн төлем жүйелері, электронды құжат айналымы және цифрлық басқару құралдары бизнес жүргізудің шығындарын төмендетіп, қызмет көрсету жылдамдығы мен сапасын көтереді. Мысалы, туристік фирмалар мен қонақүй бизнесінде онлайн брондау мен төлемдердің кең таралуы әкімшілік шығындарды қысқартып, адами қателіктерді азайтуда. Зерттеу нәтижелері бойынша, «туризм және рекреация саласында цифрлық технологияларды енгізу жасанды интеллект, мобильді технологиялар, бұлтты сервистер, кеңейтілген және виртуалды шындық, үлкен деректер мен әлеуметтік желілерді қамтиды. Қызметтерді дараландыру мен бейімдеу бизнестің тиімділігін айтарлықтай арттырады» [Polukhina et al., 2025]. Демек, туристік компаниялар дербестендірілген қызмет ұсыну үшін үлкен деректерді (big data) талдап, тұтынушылардың қалауына бейімделген маркетингтік стратегиялар қолданса, нарықтағы бәсекелік артықшылыққа және кірістің өсуіне қол жеткізеді.

Сонымен қатар, цифрлық трансформацияның тағы бір маңызды экономикалық нәтижесі – жаңа нарық мүмкіндіктерінің ашылуы және жалпы саланың өсуі. Цифрландыру туристік қызметтердің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, туризм өнімдерін өндіру мен тұтыну моделін де өзгертеді. Мысалы, Қазақстанда цифрландыру нәтижесінде енгізілген eQонақ сияқты жүйелер туристік ағындарды тиімді бақылап, деректер негізінде басқару шешімдерін қабылдау мүмкіндігін берді – бұл өз кезегінде туристер санын және олардың шығындарын көбейтуге оң әсерін тигізеді [Mussabayeva et al., 2024, 5 б.]. Сандық технологиялар аймақтық туризмді дамытудың экономикалық тиімділігін күшейтетінін де авторлар атап көрсетеді: «цифрлық технологияларды енгізу аймақтық туризмді дамытудың экономикалық әсерін күшейтеді. Электрондық платформалар мен big data құралдары туристік ағынды болжауға және ресурстарды тиімді бөлуге мүмкіндік береді» [Shilibekova & Plokhikh, 2024]. Мысалы, онлайн іздеу деректерін талдау арқылы туризм сұранысының маусымдық өзгерістерін алдын ала болжап, орналастыру орындары мен көлік компаниялары ресурстарын сол сәйкес уақыттарға бөлулері экономикалық пайданы оңтайландырады.

Цифрлық технологиялардың туризмдегі трансформациясы тек қаржылық көрсеткіштерді жақсарту емес, сондай-ақ орнықты даму мен экологиялық тиімділік тұрғысынан да маңызды. Мәселен, «цифрландыру туризмнің қоршаған ортаға әсерін азайтуға көмектеседі. Электрондық билеттерді, онлайн брондауды және мобильді қосымшаларды пайдалану қағаз құжат айналымын азайтып, экологиялық тұрақтылықты күшейтеді» [Polukhina et al., 2025]. Қағаз тұтынудың азаюы және виртуалды коммуникациялардың көбеюі шығындарды үнемдеумен қатар, туризмнің экологиялық ізін кішірейтуге ықпал етеді. Бұған қосымша, цифрлық инновациялар жаңа бизнес-модельдердің пайда болуына жол ашты. Мысалы, мобильді қосымшалар арқылы жеке тұрғын үйді жалға беру (Airbnb үлгісі) немесе онлайн тур-пакет жинақтау сервисі сияқты тың модельдер пайда болып, дәстүрлі туристік бизнеске бәсекелестік туғызды. «Цифрлық технологиялар тек туристік сапаны жақсартуға емес, сонымен қатар аймақтық экономикалық өсімді ынталандыруға бағытталған маңызды құралға айналды. Мобильді қосымшалар мен AR нұсқаулықтар туристік қызметтерге жаңа экономикалық серпін берді» (Mauletkazy et al., 2025). Бұл тұжырым цифрландырудың нәтижесінде туризм саласына қосылған қосымша құн мен табыс көздерінің артқанын растайды. Қорыта айтқанда, цифрлық технологиялар туризмдегі трансформацияның қозғаушы күші болып, өнімділікті арттыру, шығындарды оңтайландыру, жаңа мүмкіндіктерді іске қосу және тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету тұрғысынан орасан зор рөл атқарады.

Цифрлық маркетинг пен әлеуметтік медиа арқылы туризмді дамыту.

Цифрлық маркетинг пен әлеуметтік желілер туристік қызметтерді ілгерілетудің негізгі құралына айналып, сұраныс қалыптастыруда және туристерді тартуда айрықша орын алып отыр. Дәстүрлі жарнама тәсілдерімен салыстырғанда, онлайн маркетинг аудиторияны анағұрлым кең қамтып, кері байланыс арқылы тұтынушы ықыласын нақтырақ есепке алуға мүмкіндік береді.

Зерттеуші Байрактардың атап өтуінше, «әлеуметтік медиа мен онлайн платформалар цифрлық контент-маркетингтің негізгі құралдарына айналды, себебі олар компания мен клиент арасындағы екіжақты байланыс орнатуға мүмкіндік береді» [Bayraktar, 2024]. Туризм компаниялары Facebook, Instagram сияқты әлеуметтік желілерді белсенді қолдану арқылы өз аудиториясын еселеп кеңейтуге, брендтің танымалдығын арттыруға және тұтынушылармен тиімді байланыс орнатуға қол жеткізіп отыр. Цифрлық платформалар туристік фирмаларға клиенттердің пікірлері мен эмоциясын жедел қадағалап, қызмет сапасын жақсарту бағытында деректерді пайдалануға жол ашады [Bayraktar, 2024]. Мысалы, әлеуетті саяхатшылар компанияның желідегі мазмұнын көріп, тікелей сұрақ қойып немесе пікір білдіре алады, нәтижесінде компания кері байланыс негізінде өз қызметін тұтынушы талғамына сай бейімдейді. Бұл екіжақты коммуникация туристік өнім мен клиент арасындағы алшақтықты азайтып, сенім мен лоялдылықты арттырады.

Әлеуметтік желілердің қуатты әсері туристердің таңдау жасау үлгісінен анық көрінеді. Қазіргі уақытта адамдар саяхат жоспарлау және маршрут таңдау кезінде көбінесе интернеттегі ақпарат пен басқа туристердің тәжірибесіне сүйенеді. «Әлеуметтік медиа қазіргі таңда адамдардың саяхаттарын жоспарлау және брондау тәсілін түбегейлі өзгертті. Көптеген туристер қазір саяхат бағытын таңдау мен тәжірибені жоспарлауда әлеуметтік желілерге сүйенеді» [Afren, 2024, 273 б.]. Шын мәнінде, саяхатшылардың басым бөлігі баруды көздеген ел-жерлер туралы мәліметті Instagram, YouTube, Facebook сияқты платформалардан іздейді, сол арқылы көрген фотолар мен бейнероликтер негізінде шешім қабылдайды. Афреннің зерттеуі бойынша, «бүгінгі таңда саяхатшылардың 80 пайызы әлеуметтік желілерді саяхат жоспарлау үшін пайдаланады, ал 60 пайызы өз саяхаттарын дәл осы әлеуметтік платформалардағы ұсыныстарға сүйеніп брондайды. Бұл цифрлық маркетингтің нақты экономикалық әсерін дәлелдейді» [Afren, 2024, 281 б.]. Яғни, онлайн кеңістіктегі жарнамалық не ақпараттық контент туристер ағымын бағыттап, нақты сатып алушылық әрекетке (турды немесе билет пен қонақүйді брондауға) ықпал етуде. Осы деректер цифрлық маркетингтің туризмдегі ROI (инвестиция қайтарымы) жоғары екенін көрсетеді: әлеуметтік желіде белсенділік танытқан туристік фирмалар мен бағыттар көбірек турист тартып, табыстарын ұлғайтуда.

Цифрлық маркетинг тұтынушының саяхаттау жолының барлық кезеңдерінде маңызды рөл атқарады. Жоспарлау алдындағы кезеңде турист ғаламтор арқылы шабыт алады, кейін бағытты нақтылаған соң онлайн бағалар мен ұсыныстарды салыстырады, брондау барысында да цифрлық платформаларға жүгінеді. «Интернет пен смартфондардың кең таралуы туристердің ақпарат іздеу, салыстыру және брондау әдеттерін түбегейлі өзгертті, сондықтан цифрлық маркетинг тұтынушы жолының барлық кезеңдерінде шешуші рөл атқарады» [Velentza & Metaxas, 2023, 273 б.]. Бұл тұжырым туристік компаниялар үшін интеграцияланған онлайн-маркетинг стратегиясының қажет екеніне меңзейді: туристі алғашқы қызығушылық туындаған сәттен бастап саяхатын аяқтап, пікір қалдырғанға дейінгі бүкіл циклде интернет арқылы

қолдау және тарту маңызды. Мысалы, туристік бағыттардың ресми сайттары немесе әлеуметтік медиа парақшалары сапар алдында ақпарат берсе, сапар кезінде мобильді қосымшалар жол көрсетіп, кейін туризм ұйымдары тұтынушылардан онлайн пікір жинап, оны жаңа маркетингтік шешімдер қабылдауда қолданады. Цифрлық деректерді талдау осы үрдісте айрықша орын алады. «Туризм индустриясында үлкен деректерді пайдалану жай ғана ақпарат жинау емес, ол – маркетингтік стратегияларды дәл баптап, туристердің сұранысына жедел жауап беруге мүмкіндік беретін стратегиялық драйвер» [Хи, 2023, 1–2 б.]. Мысалға, веб-сайтқа кірушілер не іздейді, брондау кезінде қандай параметрлерді таңдайды, қай жарнама тиімді нәтиже әкелді – осындай big data талдауы негізінде маркетингтік жарнама науқанын дер уақытында түзетіп, нақты сегментке бағыттай алады. Нәтижесінде, цифрлық маркетинг құралдарын шебер қолдану туристік ұйымдардың нарықтық бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, дестинацияның жағымды имиджін қалыптастыруға сеп болады. «Туристік тәжірибені цифрлық экожүйе арқылы байыту – тек сервис сапасын жақсарту емес, ол – дестинацияның бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, маркетингтік артықшылық қалыптастыратын маңызды қозғаушы күш» [Ercan, 2023, 5 б.].

Smart туризм, цифрлық платформалар және жасанды интеллект құралдарының рөлі.

Қазіргі кезеңде туризм саласын жаңғыртудың алдыңғы қатарлы бағыты – Smart туризм тұжырымдамасын іске асыру, яғни цифрлық платформалар мен жасанды интеллект сияқты озық технологияларды кешенді пайдалану. «Smart tourism destination» (смарт-дестинация) ұғымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) туристік қызметтерге терең ықпалдастыру арқылы пайда болды. Бұл тұжырымдама бойынша, туристік мекен (қала, аймақ) біртұтас цифрлық инфрақұрылым мен деректер жүйесі негізінде басқарылып, келушілердің тәжірибесін мейлінше қолайлы және жекелендірілген етуге бағытталады. «Туризм өнімдерін өндіру мен тұтынуға технологиялық жетістіктерді енгізу нәтижесінде “Smart tourism destination” ұғымы қалыптасты – яғни ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (ICTs) туристік қызметтерге енгізу арқылы келушілердің тәжірибесін және дестинацияның жалпы өнімділігін арттыру» [Lasisi, Odei & Eluwole, 2025, 287 б.]. Смарт-дестинацияның маңызды компоненттері – сенсорлар, интернет желісіне қосылған «ақылды» құрылғылар, деректерді нақты уақыт режимінде талдау жүйелері және туристерге арналған интерактивті платформалар. Мұндай ортаны құру қалалар мен туристік өңірлердің ресурстарды тиімді пайдаланып, туристерге жоғары сапалы қызмет ұсынуына мүмкіндік береді.

Аталған смарт-туризмнің жүрегі – жасанды интеллект (AI) технологиялары. AI туристік деректерді өңдеу, сұранысты болжау, қызметтерді жекелендіру секілді көптеген міндеттерді атқара алады. Florido-Benítez және del Alcázar Martínez атап өткендей, «жасанды интеллект (AI) – туристік дестинациялардың маркетингінде қызмет сапасын арттыру, туристік тәжірибені жақсарту және жаңа бизнес-модельдер құру арқылы экономикалық өнімділікті

көтеретін көпмақсатты құрал» (2024, 2-бет). Мысалы, қонақүйлер AI негізінде жұмыс істейтін чат-боттарды енгізу арқылы туристерге тәулік бойы кеңес беруді жолға қойып, персонал шығындарын қысқартады әрі клиенттердің қанағаттануын арттырады. Сол сияқты, AI туристік кәсіпорындарда үлкен мәліметтер ағынын талдап, менеджерлерге тиімді шешімдер қабылдауға жәрдемдеседі. Зерттеулерде «AI платформалары сату деректерін талдау, табысты басқару және операциялық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді, осылайша маркетингтік шығындарды оңтайландырады және экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануға жол ашады» деп көрсетілген [Florido-Benítez & del Alcázar Martínez, 2024, 2 б.]. Бұл дегеніміз, AI құралдары (машиналық оқыту модельдері, болжамдау жүйелері) нарықтағы үрдістерді алдын ала болжап, баға саясатын икемді реттеуге, сұраныс төмен кезеңдерде шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде туризм бизнесінің кірістілігі артып, артық ресурс шығындары жойылады. Жасанды интеллектіні кеңінен қолдану смарт-дестинациялардың табысын, тиімділігін және тұрақтылығын да арттырып отыр. Мәселен, «смарт-дестинациялар туризм индустриясының табысын, тиімділігін және тұрақтылығын арттыру үшін AI шешімдерін енгізуде. Бұл қалалардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтіп, экономикалық өсімді ынталандырады» [Florido-Benítez & del Alcázar Martínez, 2024, 2 б.]. Демек, AI негізделген жобалар (мысалы, туристік ағынды басқару, туризмдегі сұранысты болжау жүйелері) қала экономикасына нақты үлес қосып, туристер саны мен олардың шығындарын ұлғайтуда.

Интернет заттар жүйесі (Internet of Things, IoT) және онымен байланысты құрылғылар да смарт-туризмнің негізгі элементтері саналады. Заттар интернеті дегеніміз – түрлі құрылғыларды (смартфондар, датчиктер, ақылды құрылғылар) интернет арқылы өзара байланыстырып, деректер алмасуын қамтамасыз ететін жүйе. Туризмде IoT технологиялары туристің саяхат тәжірибесін жаңа деңгейге көтеруде. Мәселен, «Интернет заттар жүйесі (IoT) туризм индустриясын айтарлықтай өзгертті, саяхат дизайны мен туристік тәжірибелерді жаңа деңгейге көтерді. IoT технологиялары – ақылды құрылғылар, интеллектуалды көлік жүйелері мен кеңейтілген шындық элементтері – туристік мінез-құлық пен тұрақты туризм дамуына тікелей әсер етуде» (Astanakulov et al., 2025). Қала ішінде туристерге арналған интерактивті экрандар, мобилді қосымша арқылы жол көрсететін смарт-жол белгілері, туристің орналасуын ескеріп ақпарат беретін навигациялық жүйелер – бұлардың бәрі IoT жүзеге асырып отырған жаналықтар. Мысалы, кейбір ірі мұражайлар мен қала көшелерінде орнатылған датчиктер туристер легін санап, шектен тыс тығыздықты анықтаса, нақты уақыт режимінде балама орындар ұсына алады. Сондай-ақ кеңейтілген шындық (AR) элементтері туристерге телефон камерасы арқылы көрінетін объектілер жөнінде дерек алып, өзін интерактивті ортада сезінуге жағдай жасайды. IoT технологияларын қабылдау деңгейі әлем бойынша өсіп келеді, әсіресе Азия-Тынық мұхиты өңірі бұл салада алдыңғы қатарда. 2023 жылғы мәлімет бойынша, аталған аймақта туризмдегі IoT adoption ~70%-ға жеткен, бұл көрсеткіш сол өңірдегі смарт-қалалардың және мобилді нарықтың жылдам дамуына

байланысты қалыптасқан (Astanakulov et al., 2025). Бұл дерек жаһандық туристік ортаның барған сайын «ақылды» болып бара жатқанын және Қазақстанның да осы трендтен қалыспай, IoT шешімдерін енгізуі керектігін аңғартады.

Smart туризмнің тағы бір маңызды қыры – цифрлық платформалар арқылы туристік ақпарат пен қызметтерді ауылдық және шалғай өңірлерге жеткізу. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен смарт-туризм шешімдері ауылдық аймақтардың туристік әлеуетін арттыруда шешуші рөл атқарады, себебі бұл қызмет көрсету сапасын жақсартып, нарыққа қолжетімділікті кеңейтеді» [Torabi et al., 2023]. Яғни, цифрлық байланыс құралдары және онлайн жарнама ауылдық дестинацияларды жаһандық туристік нарықтың бір бөлшегіне айналдыра алады. Қазақстан үшін бұл өте көкейкесті: еліміздің табиғи көрікті жерлері көбіне ірі қалалардан алыста орналасқан, сондықтан интернеттің қолжетімділігі мен сандық сервистер (веб-сайт, брондау жүйелері, виртуалды турлар) арқылы сол мекендердің танымалдығын арттыруға болады. Пандемия кезеңінде дәл осы смарт-технологияларға инвестицияның артуы байқалды – виртуалды турлар, онлайн көрмелер, 3D турлар көбейді. Туризм бизнесі үшін VR (Virtual Reality) турлар клиенттерге үйден шықпай-ақ нысанмен танысуға мүмкіндік берді, нәтижесінде шекаралар жабық кезде де қызығушылық сақтау қамтамасыз етілді. «COVID-19 пандемиясынан кейін туризм секторындағы цифрландыру қарқыны артты. Онлайн-брондау жүйелері, виртуалды турлар мен мобильді қосымшалар туристік бизнестің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаруда» (Shilibekova & Plokhikh, 2024). Бұл тәжірибе көрсеткендей, қиын жағдайларда цифрлық технологиялар туристік салаға тірек болып, жағдай түзелген соң да сол жаңа технологиялар тұрақты үрдіске айналды. Смарт-технологиялардың туристік тәжірибені түбегейлі өзгертетіні де айқындалуда: «смарт-технологиялардың интеграциясы туристік тәжірибені цифрлық деңгейде жаңғыртып, турист пен қала арасындағы байланыс моделін түбегейлі өзгертеді» [Vardopoulos et al., 2023, 6 б.]. Мысалы, туристер бұрын қала картасын қолға ұстап жүрсе, қазір смартфон арқылы керек мәліметін эп-сәтте табады; бұрын гидтің соңынан ерсе, енді қаланың «ақылды» жүйесі бағыт-бағдар беріп, қонақтардың әр қадамына дербес көмек көрсете алады.

Жалпы алғанда, smart туризм және цифрлық инновациялар дәстүрлі туризмнің шекарасын кеңейтіп, оны цифрлық экономиканың ажырамас бөлігіне айналдыруда. Жасанды интеллект, IoT, AR/VR сияқты құралдар туризмді дербестендірілген, ыңғайлы және қауіпсіз етіп, туристердің қанағаттану деңгейін көтереді. «Цифрлық технологиялар туризмдегі қызмет сапасын жақсартудың қосымша элементі ғана емес, ол – туристердің қанағаттану деңгейін қалыптастыратын және салада тұрақты бәсекелестік орнататын негізгі факторға айналды» (Raimova & Shakhriyogova, 2025, 1153 б.). Бұл пайымдау цифрлық құралдардың ендігі жерде туристік ұсыныстың сапасын анықтайтын басты өлшемге айналғанын білдіреді. Сондықтан, Қазақстанның туризм саласы да smart технологиялардың әлеуетін толық пайдалану жолында жүйелі қадамдар жасауы тиіс.

Қазақстандағы озық тәжірибелер.

Қазақстанда туризмді цифрландыру бағытында қолға алынған озық тәжірибелер мен бастамалар баршылық, олар өз нәтижелілігін көрсетіп те үлгеруде. Солардың бірі – жоғарыда аталған eQонақ платформасы. eQонақ – шетелдік туристерді тіркеудің және туристік деректерді жинаудың электронды жүйесі, оны енгізу арқылы Қазақстан туризмінде әкімшілік рәсімдер айтарлықтай жеңілдеді. Бұл жүйе ішкі істер органдары, қонақүй бизнесі және туристер арасындағы ақпарат алмасуды автоматтандырып, қағазбастылықты жойды. Ғылыми талдаулар бойынша, eQонақ-тың іске қосылуы туризм саласындағы цифрландырудың жаңа кезеңін бастап, елдің халықаралық туристік тартымдылығын арттыруға және жалпы экономикалық өсімге серпін беруге мүмкіндік берді (Mussabayeva et al., 2024, 5 б.). Шын мәнінде, бұл тәжірибе Қазақстанның туристік нарығында деректерге негізделген басқару мен сервистер сапасын арттырудың тиімділігін дәлелдеп отыр. eQонақ үлгісі алдағы уақытта да кеңейтіліп, ішкі туристер үшін де бірыңғай электрондық қызметтер платформасын құруға негіз бола алады.

Сонымен қатар, цифрлық сервистерді дамытуда озық келген өңірлер тәжірибесін тарату маңызды. Мәселен, Алматы қаласы бүгінде елдегі ең «smart» қала саналып, туристерге цифрлық сервистерді кең көлемде ұсынып отыр: туристік ақпараттық мобильді қосымшалар, интерактивті карталар, онлайн турлар, электрондық билет жүйелері кеңінен қолданылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Алматының цифрлық сервистер сапасы 74% ең жоғары деңгейде деп бағаланған, яғни Қазақстан стандарттары бойынша көшбасшы. Астана (Нұр-Сұлтан) қаласы да соңғы жылдары «Smart city» тұжырымдамасы аясында инфрақұрылымын жетілдіріп, туристік объектілерге сандық технологияларды енгізуде (QR-кодтық дерек алу жүйелері, электронды гидтер және т.б.). Бірақ кейбір жаңадан дамып келе жатқан туристік аймақтарда (Түркістан және т.б.) бұл көрсеткіштер әлі төмендеу – 60%-дың айналасында. Осыған орай, озық өңірлердің тәжірибесін бүкіл ел бойынша іске асыру күн тәртібінде тұр. Мысалы, Алматы мен Астананың цифрлық инфрақұрылымда көшбасшы болуы олардың үлгісін басқа өңірлерге таратудың маңыздылығын көрсетеді (Urdabayev et al., 2024). Мемлекет осы бағытта бірқатар қадамдар жасауда: «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында интернетпен қамту, мобильдік байланыс сапасын көтеру жұмыстары жүріп жатыр, туристік нысандарға апаратын жолдар бойына навигацияның сандық элементтері орнатылуда.

Туристік қызметтерде озық технологияларды қолдану жағынан да қазақстандық жобалар пайда болуда. Қазіргі заманғы турист тек табиғи немесе мәдени көрікті жерді тамашалап қана қоймай, цифрлық қолдау мен дербестендірілген ақпарат күтетінін ескерген кейбір отандық компаниялар мобильді қосымшалар мен AR (кеңейтілген шындық) технологияларын ендіруде. «Қазіргі заманғы туристер саяхат барысында тек физикалық жайлылықты ғана емес, сонымен қатар цифрлық қолдау мен жекелендірілген қызметтерді күтеді. Осыған байланысты мобильді қосымшалар, цифрлық карталар және толықтырылған шындық (AR) құралдары туризм саласында кеңінен қолданыла

бастады» [Mauletkazy et al., 2025]. Мысал ретінде, Алматыдағы кейбір мұражайларда AR-гид қызметі енгізілген: келуші смартфонның камерасын экспонатқа қаратып, сол объект жайлы үш тілде мәлімет ала алады. Ұлттық парктерде туристерге арналған мобильді қосымшалар соқпақ жолдар картасын, қауіпсіздік нұсқаулығын және қызықты деректерді ұсынады. Бұндай жаңалықтар туристік тәжірибені байытып қана қоймай, Қазақстанның заманауи, технологияға бейім ел ретіндегі имиджін де қалыптастырады. Смарт-қалалар тұжырымдамасын өңірлік деңгейде жүзеге асыру да озық тәжірибеге жатады: мысалы, Ақылды туризм кеңістігін құру арқылы Шымкент немесе Түркістан қалалары өздерінің тарихи-мәдени мұрасын цифрлы форматта жаңғыртуда қадам жасап жатыр. Осы орайда, сарапшылар мемлекет тарапынан қолдаудың маңыздылығын ерекше атап өтеді – «мемлекет туризм саласын басым бағыт ретінде белгілеп, оны цифрлық маркетинг пен технология арқылы дамытуға қаржы бөлуі қажет. Бұл жаңа өнімдер мен қызметтерді дамытуға және инновацияны ынталандыруға ықпал етеді» [Lasisi, Odei & Eluwole, 2025, 290 б.]. Қазақстанда туризмді цифрландыруға арналған мемлекеттік бағдарламалар мен гранттық қолдау тетіктері іске қосылса, жеке сектордың да бұл бағытта белсендірек қимылдауына жол ашылады.

Жоғарыда аталған озық тәжірибелер мен бастамалар Қазақстанның ішкі туризмін жаңа сатыға көтеруге қызмет етеді. Цифрландыру арқылы қол жеткен әрбір жетістік – мейлі ол турист санын арттыру, шығындарды азайту немесе туристік қызмет сапасын жақсарту болсын – түптеп келгенде экономикалық пайда мен бәсекелік қабілетті күшейтеді. Әдебиеттер талдауы көрсеткендей, цифрлық технологиялар мен маркетинг құралдары туризмнің дамуында енді қосымша опция емес, негізгі шешуші фактор мәртебесіне ие болды [Raimova & Shakhriyogova, 2025, 1153 б.]. Олай болса, Қазақстан үшін ішкі туризмді өркендетуде цифрландыру мен цифрлық маркетингті барынша тиімді қолдану – уақыт талабы. Бұл бағыттағы озық тәжірибелерді көбейту және кең ауқымда енгізу елдің туристік индустриясын жаңа экономикалық деңгейге шығарып, ұлттық экономикаға қосар үлесін молайтуға жол ашпақ.

Әдістер бөлімі.


Қазіргі таңда ішкі туризмді дамытуда цифрландыру мен цифрлық маркетингтің экономикалық әлеуетін зерттеу өзекті ғылыми бағыттардың бірі болып отыр. Бұл салада цифрлық технологияларды туризм инфрақұрылымына және маркетингтік ортаға тиімді бейімдеуге байланысты бірқатар әдістемелік және ұйымдастырушылық мәселелер бар екені байқалады. Осы мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдап, экономикалық және басқарушылық тәжірибеге бейімделген тұжырымдар қалыптастыру мақсатында, осы зерттеу аясында Scopus дерекқорында индекстелген ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу жүргізілді.

Әдеби шолу барысында цифрландыру (digitalization), жасанды интеллект (artificial intelligence), цифрлық маркетинг (digital marketing), әлеуметтік медиа (social media), виртуалды шындық (virtual reality), интернет заттар (internet of things), туризм (tourism) және тұрақты даму (sustainable development)

тақырыптарындағы зерттеулердің өзара байланысы мен туризм саласындағы экономикалық әсері талданды.

Зерттеуге тек Scopus базасына енген, ағылшын және орыс тілдеріндегі, 2023-2025 жылдан кейін жарық көрген және толық мәтінге қолжетімді мақалалар енгізілді. Іздеу келесі түйін сөздер мен тіркестер негізінде жүргізілді: digitalization in tourism, digital marketing, artificial intelligence in hospitality, social media in tourism development, smart tourism, sustainable tourism, virtual reality in tourism, machine learning, digital economy, economic impact of digital transformation.

Зерттеу нәтижесінде жалпы саны 43 ғылыми мақала таңдалды. Қайталанатын және тақырыпқа сай келмейтін жұмыстар алынып тасталды. Іріктеу критерийлеріне сәйкес келмейтін 24 мақала PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses) әдісі бойынша шеттетіліп, мазмұндық және әдістемелік сәйкестігі жоғары 19 мақала жүйелі түрде талдануға негіз болды. Осы ғылыми еңбектер ішкі туризмді дамытудағы цифрландыру мен цифрлық маркетингтің экономикалық рөлін айқындауға арналған шолу жұмысының негізгі ақпараттық базасын құрады (Сурет 1).



Сурет 1. PRISMA (Жүйелі шолулар мен мета-талдауларға арналған басым есеп беру тармақтары) ағынының диаграммасы.

Таңдалған мақалалар мазмұнына қарай кодталып, туризм саласындағы цифрлық технологиялардың түріне, маркетингтік тәсілдеріне және олардың экономикалық тиімділігіне қарай жіктелді. Әдебиеттерді өңдеу және негізгі тақырыптық бағыттарды визуализациялау үшін «VOSviewer» бағдарламасының 1.6.17 нұсқасы қолданылды. Бұл бағдарлама арқылы зерттелген тақырыптар

арасындағы өзара байланыстар мен жиі кездесетін ұғымдар негізінде тақырыптық кластерлер анықталды.

Жүйелі шолу нәтижесінде зерттеу мақсаттарына сәйкес келетін экономикалық модельдер, цифрлық маркетингтің әсер ету тетіктері, туристік саланы цифрландыру стратегиялары, сондай-ақ жасанды интеллект пен әлеуметтік медианың ішкі туризмдегі қолданылу бағыттары талданды.

Scopus дерекқорынан алынған 43 ғылыми мақалаға жүргізілген талдау олардың пәндік таралу құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл құрылым цифрлық технологиялар мен маркетинг құралдарының туризм мен экономикалық зерттеулер салаларында кеңінен қолданылып отырғанын көрсетті.

Негізгі бөлім.

Зерттеуге енгізілген 19 ғылыми мақала авторлары 12 елден шыққан және әртүрлі ғылыми мектептер мен академиялық орталықтарды қамтиды. Зерттеулердің географиялық таралуын айқындау және визуализациялау үдерістері «ArcGIS Pro» бағдарламасы арқылы іске асырылды. «ArcGIS Pro» көмегімен ғылыми мақалалардың кеңістіктік үлестірімі мен зерттеу бағыттарының аймақтық ерекшеліктері карта түрінде бейнеленді. Зерттеулердің басым бөлігі Азия мен Еуропа аймақтарында шоғырланған. Бұл елдерде туризм саласында цифрландыру мен цифрлық маркетингтің экономикалық әсерін зерттеуге бағытталған еңбектер жүйелі түрде жүргізіліп отырғанын көрсетеді. Елдердің зерттеулері көбіне ішкі туризмнің дамуы, цифрлық маркетинг стратегиялары, әлеуметтік медиа мен виртуалды технологиялардың туристік сұранысқа әсері сияқты тақырыптарды қамтиды. Зерттеулердің географиялық таралуы туризм мен цифрландыру мәселелерін қарастыратын ғылыми жұмыстардың аймақтық әркелкілігін көрсетеді. Әсіресе Азия аймағындағы елдердің белсенділігі мен Қазақстан ғалымдарының үлесінің артуы ішкі туризм экономикасын цифрландыру бағытындағы ғылыми қызығушылықтың өскенін аңғартады.

Жалпы алғанда, зерттелген мақалалардың географиялық құрылымы цифрлық технологиялар мен маркетинг құралдарының туризм экономикасындағы жаһандық өзектілігін айқындайды. Бұл құрылым төмендегі картада бейнеленген (Сурет 2).

Жарияланымдардың таралу үлгісі төмендегі кестеде келтірілген (Кесте 1).


Кесте 1. 19 мақаланың баспалар бойынша таралуы.

№	Publisher	Number of Studies	Percentage
1	Вісник ОНУ імені І. І. Мечникова	1	5.26%
2	Sustainability	3	15.79%
3	Journal of multidisciplinary academic tourism	1	5.26%
4	Journal of Infrastructure, Policy and Development	1	5.26%
5	Electronics	1	5.26%
6	Geo Journal of Tourism and Geosites	1	5.26%
7	Journal of Tourism Futures	1	5.26%
8	Businesses	1	5.26%
9	Journal of Intelligent Systems & Internet of Things	1	5.26%
10	Technological Forecasting and Social Change	1	5.26%
11	European Journal of Tourism Research	1	5.26%
12	Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance	1	5.26%
13	Journal of Human Rights, Culture and Legal System	1	5.26%
14	World Journal of Advanced Research and Reviews	1	5.26%
15	Plos one	1	5.26%
16	ECONOMIC Series of the Bulletin of the LN Gumilyov	1	5.26%
17	ENU Bulletin of the International University of Tourism And Hospitality	1	5.26%
Total		19	100

Тақырыптық құрылымды тереңірек зерделеу мақсатында таңдалған ғылыми мақалаларға авторлар пайдаланған түйінді сөздер негізінде бірлесіп кездесуі (co-occurrence) талдауы жүргізілді. Бұл талдау «VOSviewer» бағдарламасы арқылы іске асырылып, цифрландыру мен цифрлық маркетингтің ішкі туризмді дамытудағы ғылыми бағыттарын анықтауға мүмкіндік берді. Картада түрлі түспен белгіленген бірнеше тақырыптық кластерлер айқын көрінеді. Әрбір кластер белгілі бір зерттеу бағытын білдіреді. Мысалы, “digitalization”, “tourism”, “digital marketing”, “artificial intelligence”, “social media”, “virtual reality”, және “sustainable development” секілді жиі кездесетін түйінді сөздер зерттеліп отырған саланың негізгі ұғымдары ретінде орталық орын алады. Түйінді сөздер арасындағы сызықтардың қалыңдығы олардың өзара байланысының жиілігін көрсетеді. Бұл визуализация ішкі туризм экономикасын дамытуда цифрлық технологиялардың, соның ішінде әлеуметтік медиа, жасанды интеллект, интернет заттар (IoT) және виртуалды шындық секілді құралдардың өзара ықпалдастығын нақты көрсетеді. Сонымен қатар, картада “covid-19” және “sustainable development” ұғымдарының жиі кездесуі пандемия кезеңінен кейінгі туризмді қалпына келтіру мен тұрақты даму арасындағы байланысты айқындайды. Ал “machine learning”, “digital twin”, және “digital health” бағыттары

туризм мен цифрландыру процестерінің жаңа технологиялық аспектілерін ашып көрсетеді.


Осылайша, түйінді сөздердің бірлесіп кездесуі бойынша құрылған бұл карта ішкі туризмнің цифрландыру арқылы дамуының ғылыми контекстін бейнелеп, қазіргі таңда цифрлық маркетингтің экономикалық және инновациялық рөлі артқанын айқын дәлелдейді.



Сурет 3. «VOSviewer» негізінде жасалған ішкі туризмді дамытудағы цифрландыру мен цифрлық маркетинг зерттеулерінің тұжырымдамалық ландшафтының визуализациясы.

Сонымен қатар, «VOSviewer» бағдарламасы арқылы зерттеу тақырыптарымен қатар, авторлар арасындағы бірлескен ғылыми ынтымақтастық желісі де талданды (сурет). Бұл талдау цифрландыру мен цифрлық маркетингтің туризм саласының дамуына ықпалын зерттеген ғалымдар арасындағы ғылыми өзара байланыстарды айқындауға мүмкіндік берді. Авторлар желісінің визуализациясы ғылыми қауымдастықтың құрылымын және зерттеу бағыттары бойынша топтасқан зерттеушілердің ынтымақтастығын көрсетеді. Картадағы түрлі түстер әртүрлі авторлық кластерлерді бейнелейді. Мысалы, Casioara Tudor, Safarov Bahodirhon, Pliș Dorina Camelia, Bilalov Bahadur, Al-Huyari Hadeel Sa'ad және басқа да зерттеушілердің есімдері ірі түйіндер ретінде көрініс тапқан. Бұл авторлардың цифрлық технологиялар мен туризм экономикасы бағыттарында белсенді ғылыми байланыстар орнатып, өз салаларында жетекші рөл атқарып отырғанын көрсетеді.

Мұндай визуализациялар зерттеу кеңістігіндегі негізгі ғылыми орталықтарды, жиі ынтымақтасатын авторлар топтарын және цифрлық туризм мен маркетинг тақырыптарына қатысты ғылыми трендтердің даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді.



Сурет 4. «VOSviewer» негізінде жасалған ішкі туризмді дамытудағы цифрландыру мен цифрлық маркетинг зерттеулерінің тұжырымдамалық ландшафтының визуализациясы.

Авторлар мен зерттеулердің географиялық және тақырыптық таралуы бұл саланың интердисциплинарлық және халықаралық сипатқа ие екенін дәлелдеді. Сонымен бірге «VOSviewer» арқылы жасалған тұжырымдамалық карта мен түйінді сөздер талдауы ішкі туризмді цифрландыру мәселесінің негізгі ғылыми бағыттарын, зерттеушілер арасындағы байланыстарды және қалыптасқан трендтерді айқын көрсетті.

Талқылау.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы ішкі туризмнің экономикалық дамуына цифрландыру мен цифрлық маркетингтің айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Библиометриялық талдау «VOSviewer» бағдарламасы негізінде) «цифрландыру», «туризм», «цифрлық маркетинг», «жасанды интеллект», «әлеуметтік желілер» және «тұрақты даму» сияқты негізгі ұғымдардың өзара тығыз байланысын анықтады. Бұл терминдердің тоғысуы цифрлық шешімдердің ішкі туризмнің экономикалық әлеуетін арттырудағы кешенді әсерін сипаттайды. Цифрлық технологиялар туристік саланың тиімділігін жоғарылатумен қатар, жалпы экономикалық белсенділікті арттыру, жаңа жұмыс орындарын құру және өңірлердің кірістерін көбейтуге де ықпал ететінін соңғы жылдардағы ғылыми

жұмыстардың жүйелі талдауы дәлелдейді. Зерттеулердің көрсетуінше, цифрлық маркетинг, жасанды интеллект және әлеуметтік желілер бүгінде туристік саланы жаңғыртудағы негізгі құралдарға айналуда.

Мемлекет те жалпы цифрлық трендтерге сәйкес туристік саланы дамытуға күш салуда. Қазақстан Үкіметі цифрлық трансформацияны экономиканың барлық секторларында ілгерілету мақсатында 2024–2029 жылдарға арналған **Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасын** және 2023–2029 жылдарға арналған **Цифрлық трансформация, АКТ және киберқауіпсіздік тұжырымдамасын** қабылдады. Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасында мәліметтер мен инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі атап өтіліп, салалық деректерді цифрландыру деңгейі ең төмен салалардың бірі спорт және туризм екені (небары 25%) көрсетілген (2024–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы URL: continent-online.com). Ал цифрлық трансформация тұжырымдамасын іске асыру елдің инновациялық әлеуетін кешенді дамытуға, ұлттық инновациялық жүйені жаңа сапалы деңгейге көтеруге және Қазақстан экономикасының халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттыруға бағытталған. Аталған стратегиялық құжат сонымен бірге урбанизация жағдайында және экономикалық тиімділікті ескере отырып, халқы 250 адамнан төмен қалған ауылдарды толық интернетпен қамтамасыз ету арқылы цифрландырудың өңірлік теңсіздігін жоюды көздейді (2029 жылға дейінгі цифрлық трансформация мен технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасы бекітілді. URL: zakon.kz). Бұл мемлекеттік деңгейдегі бастамалар туристік салада цифрлық технологияларды дамыту үшін қолайлы институционалдық орта қалыптастыруға негіз болуда.

Қазақстан практикасында туристік саланы цифрландырудың сәтті үлгісі ретінде **eQonaq** жүйесін ерекше атап өтуге болады. Бұл цифрлық платформа туристер ағынын тіркеу және көші-қон бақылауын автоматтандыру арқылы әкімшілік кедергілерді азайтып, туристік қызмет көрсетудің тиімділігін айтарлықтай арттырды. Мысалы, жүйе іске қосылған алғашқы жылдың өзінде **eQonaq** арқылы 109 мыңнан астам турист пен 2000-нан астам орналастыру орны тіркелген. **eQonaq** енгізу нәтижесінде туристік қызметтердің сапасы мен отандық қонақүйлердің тартымдылығы жақсарып, көші-қон заңнамасының сақталуын бақылау күшейді (Қазақстандағы «eQonaq» цифрлық жүйесі URL: buhta.com). Сонымен бірге аталған жүйе миграциялық полицияның ақпараттық жүйесімен интеграцияланып, туристік ағымды мониторингтеу мен талдау үшін мемлекеттің маңызды құралына айналды (Қазақстанда туристерді eQonaq жүйесі арқылы тіркеу жөніндегі бақылау күшейтілді. URL: inform.kz). Жиналған деректер негізінде мемлекеттік органдар өңірлік туризмді жоспарлау және болжау бойынша аналитикалық база қалыптастыруда. Осылайша **eQonaq** жүйесінің табысты іске асуы цифрландырудың институционалдық және экономикалық тиімділігін айқын дәлелдеп отыр.

Халықаралық зерттеулер де ішкі және кірме туризмді ілгерілетуде әлеуметтік желілер мен контент-маркетингтің маңыздылығын растайды. Цифрлық маркетинг құралдары (Facebook, Instagram, TikTok, YouTube және т.б.

платформалар) туристік брендтің танымалдығын арттырып қана қоймай, тұтынушылардың сенімі мен саяхаттау туралы шешім қабылдау үрдісіне елеулі әсер етеді. Туристердің пікірлері, фотосуреттері және басқа да пайдаланушылар генерациялайтын контент демалыс орнын таңдауына ықпал ететін негізгі факторлардың біріне айналды. Пайдаланушылар туризм бағыттары туралы осындай шынайы ақпаратқа көбірек сенім артатындықтан, туристік ұйымдар жоғары сапалы сандық контент ұсынуға мән беруде. Сонымен қатар, пайдаланушылар жасаған контент пен сторителлинг стратегиялары туристік бағыттың имиджін нығайтып, оның бәсекелік қабілетін жоғарылатуға септігін тигізеді.

Осындай үрдістерді ескере отырып, мемлекеттік деңгейде цифрлық инфрақұрылымды жетілдіруге, өңірлік туристік кластерлерге инвестиция тартуға және кадрлық әлеуетті дамытуға бағытталған жүйелі саясат қажет. Бұл – цифрландырудың мүмкіндіктерін еліміздің барлық өңірлерінде тең пайдалану, туристік бизнес субъектілерінің цифрлық сауатын арттыру және инновацияларға бейім адами капитал қалыптастыру деген сөз.

Дегенмен, Қазақстан жағдайында цифрландыру деңгейі өңірлер бойынша біркелкі емес. Ірі қалаларда цифрлық инфрақұрылым мен білікті мамандар жеткілікті болғанымен, шалғай аймақтарда интернеттің сапасы төмен, сондай-ақ туристік қызметкерлердің цифрлық сауаттылығы жеткіліксіз. Мұндай ахуал туризмнің теңгерімді дамуына кедергі келтіріп, саланың толық әлеуетін іске асыруға мүмкіндік бермейді.

Жүргізілген талдау нәтижелері цифрландыру мен цифрлық маркетингтің отандық туристік экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы стратегиялық маңызын айқын көрсетеді. Цифрлық технологиялар жаңа туристік экожүйе қалыптастырып, инновациялық дамудың және тұрақты экономикалық өсімнің катализаторы ретінде танылуда.

Қорытынды.

Жүргізілген кешенді зерттеу Қазақстандағы туризм индустриясында цифрлық маркетингті қолданудың қазіргі жай-күйін, оның даму динамикасын және саланың болашақтағы мүмкіндіктерін жан-жақты ашып көрсетті. Талдау нәтижелері цифрлық технологиялар мен маркетингтік құралдардың туризмнің экономикалық тиімділігін арттыруда, туристік өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін көтеруде және саладағы басқару шешімдерінің сапасын жақсартуда стратегиялық маңызы бар екенін дәлелдейді. Библиометриялық және әдеби шолу нәтижелері әлемдік зерттеу кеңістігінде цифрландыру мен цифрлық маркетинг мәселелеріне қызығушылықтың жылдан жылға артып отырғанын көрсетті. Бұл үрдіс Қазақстанда да айқын байқалып отыр. Жасанды интеллект, Big Data, блокчейн, мобильді қосымшалар, онлайн-платформалар, әлеуметтік желілік маркетинг сияқты құралдар туристік сервистердің сапасын арттырып қана қоймай, тұтынушылармен өзара әрекеттестіктің жаңа модельдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар туристік қызметті жекелендіруге, тұтынушылардың мінез-құлқын болжауға, мақсатты аудиторияға тиімді жетуге және маркетингтік кампаниялардың нәтижелілігін нақты бағалауға

жол ашады. Қазақстандағы eQonaq, eGov, Smart Tourism сияқты цифрлық платформалардың енгізілуі туризм саласын цифрландыру бағытындағы жүйелі қадамдардың бар екенін көрсетеді. Бұл платформалар деректердің сапасын жақсартып, туристік ағындарды бақылауды жеңілдетіп, саланың ашықтығын арттырады. Сонымен бірге, цифрлық шешімдердің экономикалық тиімділігі – қызмет көрсету жүйесін оңтайландыру, әкімшілік шығындарды азайту, туристік инфрақұрылымды жоспарлау мүмкіндіктерін кеңейту арқылы көрініс табуда.

Алайда зерттеу барысында анықталған шектеулер де аз емес. Аймақтар арасындағы цифрлық теңсіздік, интернет инфрақұрылымының жеткіліксіздігі, мамандардың цифрлық сауаттылығының төмендігі және шағын туристік кәсіпорындардың технологияға инвестиция салудағы мүмкіндіктерінің шектеулілігі саладағы цифрлық трансформацияның тежегіш факторлары ретінде байқалды. Бұл мәселелер цифрлық экожүйе қалыптастыруды талап ететінін және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік форматында технологиялық прогресс қарқынын күшейтудің маңыздылығын көрсетеді.

Болашақ зерттеулер үшін цифрлық маркетингтің нақты құралдарының тиімділігін эмпирикалық әдістермен бағалау, жасанды интеллектке негізделген туристік ұсыныс жүйелерін дамыту, туристік бағыттар бойынша спатилдық (кеңістіктік) талдау жүргізу, туризмдегі цифрлық тұтынушы тәжірибесін модельдеу сияқты ғылыми бағыттарды тереңдету ұсынылады. Сонымен қатар, Қазақстанның ұлттық туристік брендін қалыптастыру мен халықаралық медиакөңістікте оны насихаттауда storytelling, контент-маркетинг, инфлюенсерлік маркетинг сияқты цифрлық стратегиялардың ықпалын бағалау да өзекті болып табылады. Ауылдық туризм, этнотуризм және экотуризм салаларында цифрлық құралдарды қолдану мүмкіндіктерінің зерттелуі аймақтық туризмді дамытуға маңызды үлес қоса алады.

Қорытындылай келе, туризм индустриясында цифрлық маркетингі жүйелі түрде қолдану Қазақстанның туристік нарығын сапалы деңгейге көтеретін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Цифрлық трансформация саланың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, туристік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын жақсартуға, сондай-ақ ұлттық туристік өнімнің халықаралық аренада танылуына мүмкіндік береді. Осы бағыттағы ғылыми зерттеулер мен практикалық шешімдер Қазақстан туризмінің ұзақ мерзімді, тұрақты әрі инновациялық дамуына негіз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Yakubovskyi, S. O., & Kyrychenko, O. V. (2024). The role of digitalization in the development of the global tourism industry. <https://doi.org/10.32782/2304-0920/4-102-15>.

2 Afren, S. (2024). The role of digital marketing promoting tourism business. A study of use of the social media in prompting travel. *World Journal of Advanced Research and Reviews*, 21(01), 272-287. <https://doi.org/10.30574/wjarr.2024.21.1.2668>.

3 Polukhina, A., Sheresheva, M., Napolskikh, D., & Lezhnin, V. (2025). Digital solutions in tourism as a way to boost sustainable development: Evidence from a transition economy. *Sustainability*, 17(3), 877.

4 Bayraktar, F. (2024). Cross-country analysis of digital content marketing in tourism. *Journal of multidisciplinary academic tourism*, 9(2), 165-177. <https://doi.org/10.31822/jomat.2024-9-2-165>.

5 Mussabayeva, A., Mutaliyeva, L., & Abdramanova, G. (2024). Regulation mechanisms of smart tourism development in Kazakhstan. *Journal of Infrastructure, Policy and Development*, 8(13), 8834. <https://doi.org/10.24294/jipd8834>.

6 Florido-Benítez, L., & del Alcázar Martínez, B. (2024). How artificial intelligence (AI) is powering new tourism marketing and the future agenda for smart tourist destinations. *Electronics*, 13(21), 4151. <https://doi.org/10.3390/electronics13214151>.

7 Shilibekova, B., Plokhikh, R., & Dávid, L. D. (2024). On the path to tourism digitalization: the digital ecosystem by the example of Kazakhstan. *Geo Journal of Tourism and Geosites*, 57, 2060-2070. <https://doi.org/10.30892/gtg.574spl20-1373>.

8 Lasisi, T.T., Odei, S.A., & Eluwole, K.K. (2025). Smart destination competitiveness: underscoring its impact on economic growth. *Journal of Tourism Futures*, 11(2), 286-306. <https://doi.org/10.1108/JTF-09-2022-0243>.

9 Velentza, A., & Metaxas, T. (2023). The role of digital marketing in tourism businesses: An empirical investigation in Greece. *Businesses*, 3(2), 272-292. <https://doi.org/10.3390/businesses3020018>.

10 Astanakulov, O., BALBA, M. E., Khushvakt, K., & Muslimakhon, S. (2025). IoT Innovations for Transforming the Future of Tourism Industry: Towards Smart Tourism Systems. *Journal of Intelligent Systems & Internet of Things*, 14(2). <https://doi.org/10.3390/ijgi13090332>.

11 Ercan, F. (2023). Smart tourism destination: A bibliometric review. *European Journal of Tourism Research*, 34, 3409-3409. <https://doi.org/10.54055/ejtr.v34i.2788>

12 Xu, R. (2023). Framework for building smart tourism big data mining model for sustainable development. *Sustainability*, 15(6), 5162. <https://doi.org/10.3390/su15065162>

13 Torabi, Z. A., Rezvani, M. R., Hall, C. M., & Allam, Z. (2023). On the post-pandemic travel boom: How capacity building and smart tourism technologies in rural areas can help-evidence from Iran. *Technological forecasting and social change*, 193, 122633. <https://doi.org/10.1016/j.techfore.2023.122633>

14 Otabekovna, S. M. (2025). Digital Transformation and Strategic Management in Uzbekistan's Tourism Industry. *Central Asian Journal of Innovations on Tourism Management and Finance*, 6(3), 1149-1154.

15 Julianti L., & Pinpak, A. (2024). The Digitalization of Investment Impact on Developing Tourism Industry. *Journal of Human Rights, Culture and Legal System*, 4(3), 655-681. <https://doi.org/10.53955/jhcls.v4i3.289>.

16 Urdabayev, M., Kireyeva, A., Vasa, L., Digel, I., Nurgaliyeva, K., & Nurbatsin, A. (2024). Discovering smart cities' potential in Kazakhstan: A cluster analysis. *Plos one*, 19(3), e0296765. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0296765>.

17 Shilibekova, B., & Plokhikh, R. (2025). Assessing readiness and breaking barriers to tourism digitalization: a case study of Kazakhstan. *ECONOMIC Series of the Bulletin of the LN Gumilyov ENU*, (2), 365-385. <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2025-2-365-385>.

18 Мәулетқазы М., Ыдырыс С., Садықов, Ж. (2025). Assessment of the impact of implementing innovative digital solutions on tourist satisfaction in kazakhstan: an experimental study // *Bulletin of the International University of Tourism And Hospitality*, (II (8)), 219-229. <https://www.doi.org/10.62867/3007-0848.2025-2.15>.

19 Vardopoulos, I., Papoui-Evangelou, M., Nosova, B., & Salvati, L. (2023). Smart 'tourist cities' revisited: culture-led urban sustainability and the global real estate market. *Sustainability*, 15(5), 4313.

20 Issakov, Y., Lečić, B., Spasojević, A., Knežević, S., Mandarić, M., Stojanović, K., ... & Vukolić, D. (2025). Security and Sustainability of Tourist Destinations Through Digital Technologies: A Comparative Analysis of Almaty and Belgrade. *Sustainability*, 17(20), 9126. <https://doi.org/10.3390/su17209126>.

21 Охрименко, Е. И. (2025). Применение инструментов цифрового маркетинга в сфере туризма // *Вестник экономики, права и социологии*, (3), 371-377.

22 2024–2029 жылдарға арналған жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы. URL: continent-online.com.

23 2029 жылға дейінгі цифрлық трансформация мен технологиялар саласын дамыту тұжырымдамасы бекітілді. URL: zakon.kz.

24 Қазақстандағы «eQонақ» цифрлық жүйесі. URL: buhta.com.

25 Қазақстанда туристерді eQонақ жүйесі арқылы тіркеу жөніндегі бақылау күшейтілді. URL: inform.kz.

26 Tourism Statistics, URL: <https://www.unwto.org/statistics>.

27 Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, URL: <https://www.oecd.org>.

ҒТАМР 19.41.91

ҚАЗАҚСТАН МЕДИАКЕҢІСТІГІНДЕГІ ІРІ ЭКСПАНСИЯЛЫҚ ГЕГЕМОҢДАР

Д. Телманов

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Мақалада Қазақстан медиакеңістігінің жаһандық трансмедиялық нарықта тұтынушы деңгейінде қалып отырғандығы және сырттан келетін мәдени экспансиялардың ықпалы терең талданады. Автор түрік, кәріс, батыс және жапон медиа өнімдерінің отандық аудитория санасына әсерін салыстыра сипаттап, ұлттық мәдени иммунитеттің әлсіздігін негізгі мәселе ретінде көрсетеді. Мәтінде Түркия, Корея, Жапония тәжірибелері арқылы «жұмсақ күш» пен ақпараттық ықпалдың үлгілері ашылып, мәдени экспансияның тиімді және қауіпті қырлары сараланады.

Түйін сөздер: гегмония, экспансия, медиа, телевизия, контент, әлеуметтік желі, телеарна.

Қазақстан әлі күнге дейін әлемдік трансмедиялық кеңістікте негізінен тұтынушы, тәжірибе жинақтаушы елдер санатында қарастырылады. Тәуелсіздік жылдарынан кейін отандық телеарналар жаһандық медиа өнімдерге есігін айқара ашты. Содан бері түрік, кәріс, үнді сериалдары тұрақты түрде көрсетіліп келе жатқанына да ширек ғасырдан асты. Осынау уақыт бедерінде қазақ қоғамында әртүрлі мәдениеттердің табынушылары да қалыптасып үлгерді. Мәдениетте шекара жоқ, талғамға талас болмайды деген күннің өзінде мұның барлығы еларалық келісімдер нәтижесінде жүргізіліп отырған күрделі медиа-процесс екенін де ескерген абзал. Осынау жайттар бірнеше рет мәжіліс отырыстарында талқыланып ұзақ уақыттан бері ұлт зиялыларының алаңдаушылығын да тудыруда. Дәл қазіргі уақта қазақ әлеуметі сырттан келетін мәдени жобаларға қарсы заманауи ұлттық иммунитет қалыптастыра алмай келе жатқаны өтірік емес. Оның екінші жағында тіл саясаты және жатыр. Кинотеатрлар мен отандық арналарда көрсетілетін шетелдік фильмдердің қазақша дубляжы кассалық табысқа жете алмауы да медиа-индустрианың өрістеуіне қолбайлау. Мамандар тұтынушылық мәдениеттің басым бөлігі орыс тілді аудитория деген уәжді алға тартады. Қазақ қоғамында тілді, ділді отарлаудың экспансиялық тәсілі қазіргі таңда сәтті жүргізіліп жатқаны осыдан-ақ білінеді. Қазақ қоғамын батыстық, ресейлік, кәрістік және түріктік экспансиялардың ықпалындағы қоғам деп

қарастыратын болсақ, медиа саласы отарлау саясатының бір тәсілі болмақ. Қазақ әдебиетінің классигі Тынымбай Нұрмағамбетов «Айқай» атты повестінің жазылуына әсер еткен мынадай оқиғаны баян етеді. 90-жылдары Түрік еліне іссапармен барғанда куә болған үш жайт: ескі Анкара сарайлары, көне түрік биі, және алапес дертіне шалдыққан түрік азаматтарының тағдыры. Көп өтпей жатып біздің телеарналар түрік сериалдарын қаптатып көрсете бастағанын айтады. Повест мазмұнының ұзын-ырғасы түрік халқының қазақпен түбі бір болғанымен, салт-санасы, даму деңгейі түрліше. Біз өз призмамыздан үңілсек шығармадағы алапес дертіне ұшырағандардың сырт бейнесі бірдей, бірақ жан-айқайы ғана олардың нәсілдік, этностық табиғатының бөлектігін танытады. Шығарманың біздің тақырыбымызға қатысты тұсы да осында жатыр. Медиа-эспансия ұлт пен ұлтты ұқсастырады. Дәлірек айтсақ бір ұлттың салт-санасын екінші ұлттың мәдениетіне бағынышты етеді. Азия мен еуропа құрлығында кеңінен танымал түрік сериалдары өз мәдени үстемдігін кең ауқымда орната алды. Бір ғана «Ғаламат ғасыр» телехикаясындағы тарихи жәдігерлерді көзбен көру үшін күніне әлемнің түкпір-түкпірінен мыңдаған турист ағылады. Әйгілі нобелист жазушы Орхан Памуктің суреттеуіндегі Стамбул ғажайыптары да оқырманды Түркияға жетелейді. «Сезім музейі» романының желісімен бой көтерген Стамбұлдағы ғимарат та келушілердің кезегінен босамайды. Қысқаша айтқанда Түркияның медиасы экономикасына қызмет етуде. Соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстанда түрік тілін үйрететін курстардың саны өңір-өңірде үсті-үстіне ашылып жатыр. Мұның барлығы медианың сәтті жұмысы. Мәдени келісім орнатқан елдер үшін қазір арнайы «Türkiye bursalara» гранты тағайындалып түрік елінде білім алудың, сол ел мәдениетін түптеп танудың жолдары заңдастырылды. Әлбетте, мұндай процестерді қорқынышты сипатта баяндай беруге болмас. Бірақ қазақ қоғамындағы түрік қауымына деген риясыз сүйіспеншіліктің артуының да ар жағы үлкен саясат, экономикалық мүдде бар екенін ескерген абзал. Әлемде түрік мәдениетінен де үстем цифрлы мәдениеттер бар. Алайда түріктер өзінің тілдік, әуездік ерекшеліктерін сақтап, өзінің саф дүниетанымына барынша дақ түсірмей келе жатуы олардың медиа бәсекедегі қауқарын көрсетеді. Ал қазақ аудиториясы ше? Ұлттық иммунитеті әлсіреген қоғамда ала-құла мәдениеттер пайда болады. Ел азаматтарын былай қойғанда отандық медианың өзінде кәріс экспансиясының да ықпалы едәуір басым. Бұл жағдайлар режиссуралық қолтаңбасын әлі таба алмаған киномотография саласында әсіресе қатты білінеді. Ұлттық телеарналардан көрсетіліп жүрген соңғы бес жылдағы отандық телесериалдардың аурасынан, операторлық жұмысынан кәріс пен түрік сериалдарының әсері айқайлап көрініп тұрады. Мысалы Қазақстан ұлттық телеарнасында 2021-2025 жылдар аралығында көрсетілген «Ақжауын», «Сен қасымда болмасаң...» сериалдары кәрістік дорама стилинің қазақы экранизациясы екенін авторлар ресми мәлімдеген. Трансмедиалық кеңістікте қазақ медиасын әлі тұтынушы деп отырғанымыздың бір есебі осында.

Ақпараттық ағым желісімен ұлтаралық деңгейде тараған модалар елде қай халықтың мәдениеті басым екенін көрсетеді. Оны саясат деп қарамаған күннің өзінде, басқа мәдени болмысты қабылдау ұлттық ерекшеліктерді, төл танымдарды бейсанауи үлгіде жоятын оның қатерлі жақтары да бар. Біз экспансияға төтеп берудің мәдени және күштік құрылымдағы екі түрін көрсеткіміз келеді. Ауғанстанда тәліптер билігіне дейін поп-мәдениет жоғары деңгейде дамып келе жатқан еді. 1970 жылдар Ауғанстан мәдениеті үшін Ахмад Захир дәуірі саналды. Эстрадаға батыстық мәнердегі музыка элементтерін әкеліп өнерге жаңа сембиоз сыйлаған әйгілі әншінің тәліптер уақытында мұқым мұрасы өртеліп, қабіріне оқ жаудырғаны ХХІ ғасыр тарихындағы ең қорқынышты оқиғалардың бірі болды. Түгелдей сырттан келетін өнімдерге тоқтау қойылып, тұрғындардың тұтынушылық құқығын күшпен шектеген тәліптер дінге ғана иланатын үрейлі қоғамды қысыммен орнықтырды. Әлемдік прогрестен біржола бас тартқан ауған үкіметінің бүгінгі жайы жұртқа жақсы таныс. Онымен де тоқтамай екі мың жылдық тарихы бар бар ауған жеріндегі көне будда ескерткіштерін жарып жіберуі тарих саласын қаншама зерттеулерден, шындықтардан шектеді. Сол сияқты жабық саясат ұстанатын Солтүстік Корея да тарнсмедиялық кеңістікке шығатын есігін іштен іліп алып жаһандық прогрестен тысқары жатыр. Голливудтық фильмдер былай тұрсын елде азаматтардың қарапайым шаш қою үлгісі, киінуіне дейін қатаң бақылауда. Солтүстік Кореяда К-рор контенттер өндірілмейді. Әлеуметтік желелілер қадағалауда ұсталады. Сырттан келетін мәдени экспансиядан қорғанудың мұндай әдісін ғылымда изоционалистік медиа деп атайды. Изоционализмде ішкі тәртіп агрессивті нормада сақталады. Бір ғана пікір, бір ғана бағыт. Одан ауытқудың салдары өлім жазасына дейін апарады.

Әлемдегі жасырын жүріп жатқан мәдени қақтығыстардың арасында өзіндік бет-бейнесін жоғалтпаған, медиа жүйесі кең көлемде дамыған елдердің бірегейі Жапон халқы. Адам жанын түсінудің сан түрлі сатысынан өткен жапондар өз үстемдігін ешқандай күштеусіз, бейбіт түрде жүргізуде. Бүгінде жастар мәдениетінің атмосфералық реңктерінде аниме жанрының элементтері жиі кезігеді. Әсіресе блогерлерлік контенттерде аниме үлгісін пайдалану медиа-трендте ұзақ уақыт жүрді. Голливудтың атақты режиссері Квинтин Тарантино да «Билланы өлтіру» фильмін таспалауда аниме элементтерін қолданғанын білеміз. Мультипликацияның орталығы АҚШ-тағы Disney студиясының техникасын меңгерген жапон аниматорлары ХХ ғасырдың ортасында жасөспірімдерге, ересектерге арналған мүлде жаңа мульт-медияның іргесін қалады. Аниме – жапонның медиа ықпалын әлемге тарататын басты құрал. Netflix, Amazon, Crunchyroll платформалары арқылы жинаған қаралымдары бойынша бұл өнімдер экспансияға да өте тиімді болып табылады. Жасөспірімдерге эстетикалық әсер ету тұрғысынан қазақ қоғамында да жетекші жанр деуге болады. Мысалы манго оқитын жастар, жапон асханалары, жапондық үлгідегі киімдер, жапон дүкендері... барлығы әлеуметтік өнеркәсіпке айналып кетті. Осылардың ішіндегі манго

кітаптарының әлемдік медиаөнердегі Батыс монополиясын ығыстырғаны да бар. Америкалық комикстердің гуманистік идеяларын жапон мангосындағы кейіпкерлердің мифологиялық рухы басып озып культтік деңгейге жетті. Тарихтан мәлім Жапонияның кезінде Кореяға жасаған этноцидтік әрекеттері «Мо-Ля-Ви» фильмінде баяндалғандай аса ауыр қылмыстармен жүргізілді. Кәріс мектептерін жабу, интеллигенцияны жою, тілді, әріп таңбалары түгел құрту сынды қитұрқы империалистік әрекеттер жапон саясатының бір кезде қаншалық озбыр болғанын дәлелдейді. Өз мәдениетін күштеп тықпалау ассимиляцияның ең жауыз, тоталитарлық үлгісі. Жапон экспансиясы әлемдік медиа-нарықта 2000 жылдардан бастап қана жұмсақ күшке айналды. Мәдениетті қаржыландырудан бүгінде Жапония ең алдығы елдердің қатарында. Бүгінгі қазақ қоғамына жапон өнімдерінің өтімділігі – ол өнімдердің мінсіз графикасы, эстетикасы. Голливуд атыс-шабыс сахнасын шебер бейнелеумен әлемге өтімді болса, жапондар графикасы психологиялық, мифо-эстетикалық жаңалық әкеліп Голливудпен бәсекеге түсті. Жыл сайын үлестірілетін Нобель сыйлығы қарсаңында әлеуметтік желіде жүз мыңдаған оқырман жапон жазушысы Харуки Муракамидің жолы бола ма, жоқ па деп қызу пікірталас ұйымдастырады. Мураками шығармашылығы да жапон әлеуметінің жарнамасын ақтап тұр. Осыған дейінгі жапон классикалық әдебиетінде жапон салты, жапон дүниетанымы бірінші орында еді. Ал Муракамидің айналасындағы алып-қашты әңгімелердің бірі ол – аса батысшыл тұлға болғандықтан, жапондар оның шығармасын төл мұрасындай төбесіне көтермейді. Түрі жапон болғанымен, ділі американдық деген сыңайда айтылады. Консервативті топтар арасында ішінара кездескенімен, бұл толықтай шындыққа еш жанаспайды. Муракамидің даңқы жапон қаржысына, жапон жарнамасының қолдауына сүйенген. Мураками шығармаларындағы неміс көліктері, қансорғыштар, Битлз әуендері т.б. аралас брэндтер медиада батыстық экзистенциализм мен азияттық мифтердің біріккен сембиозын тудырды. Мураками шығармасына негізделген арт-хаустық фильмдердің денін жапон режиссерлері түсірген. Сол сияқты тағы бір нобелист жапон жазушысы Кадзуо Исигуроның атақты «Сен мені жоғалтып алма» романы Голливудта таспаланды. Айтпағымыз жапонның жұмсақ күші батыстың поп-мәдениетін өз үлгісінде қалыптап өнер деңгейінде жаңа минималистік өмір салтын қалыптастырып келеді. Әлемдік медиа нарықта өз табынушыларын тапқан жапон мәдениетінің бүгінгі таңдағы экспансиясы өте жедел әрі сәтті жүзеге асуда. Батыс экспансиясына бәсекелес бола алатын медиалардың бірі Жапон медиасы.

Тізе берсек мысал шіркінде шек жоқ! Қазіргі таңда қазақ қоғамы жапондық, американдық, кәрістік, түріктік үлгідегі ала-құла мәдениеттердің ұйытқысына айналып бара жатқаны ренжитіндей де жағдай емес. Себебі отандық медианың өзі контентті шетел медиасынан көшіруде. Ютубтағы қаралымы жоғары «Qazaq Stand Up», «Маска», «Талғатпен сұхбат»... секілді тағы да басқа толып жатқан қостілді шоу бағдарламалар, сериалдар бір қарағанда қазақ аудиториясы үшін жұмыс істеп жатқандай көрінгенімен бұл

жобалардың форматы көшірінді, идеясы өзгенікі екенін ескерген жөн. Жастар контентіне сауатты редактура, мәдени сүзгі керек-ақ! Қалаулым, жалаулым деген секілді атауы да, форматы да тұрпайы белден төмен жобалардың ар жағында еуроцентристік сананың үстемдігі айқын аңғарылады.

Қара бояуды қалыңдата берген де дұрыс емес шығар. Қазақтың кең көлемдегі медиа тұлғасы Димаш Құдайбергеннің шетелдік табынушылары әлеуметтік желілерде арагідік қазақша сәлем жолдап, қазақ мәдениетімен танысуға ықыласты екенін білдіріп жатады. Сондай-ақ ұлт тарихын баян еткен фильмдердің бірнеше халықаралық кинофестивальдерде топ жарып жүргені, отандық музыканың кең көлемде таралып жатуы сынды сәтті оқиғалар да жиі кезігеді. Жақында ғана америкалық субмәдениет өкілі, әйгілі рэпер Эминемнің «The Way I Am» бейнебаянында қазақтың ою-өрнегі бейнеленгенін отандық сайттар жарыса жазды. Рэпердің аккаунтына қазақ азаматтары ризашылығын білдіріп, пікір қалдырды. Осындай жайттардың барлығы әлемдік медиа-экспансияда қазақ мәдениетінің де өзіндік үлесі бар екенін білдіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Бейнбриж Жейсон, Гок Никола, Тайнан Лиз. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аудама бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 592 б.

2 Саид Эдуард Уади. Ориентализм. – Алматы: «Ұлттық аудама бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 328 б.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ
FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

SRSTI 14.15.31

IMPROVING SCHOOL STUDENTS' PERFORMANCE IN BIOLOGY LESSONS USING ARTIFICIAL INTELLIGENCE

A.N. Kemelbekova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty

R.Sh. Izbasarova

Scientific supervisor, Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Almaty

This article explores the integration of Artificial Intelligence (AI) into school biology education and its potential to improve students' learning outcomes. With AI rapidly becoming a tool in everyday education, the focus is not on limiting its use but on guiding students to use it critically. Through a review of existing literature, the article highlights AI's ability to enhance visualization of biological concepts, provide personalized learning experiences, and create virtual laboratories for experimental learning. Despite these benefits, challenges such as infrastructure, teacher training, and financial constraints remain obstacles to widespread AI adoption. A survey conducted among school students shows that AI is already an integral part of their academic practices, especially for tasks such as essay writing and problem-solving. The article proposes a teaching model that emphasizes critical thinking, using AI not as a replacement for human cognition but as a partner in learning. By fostering curiosity, reflection, and inquiry through AI-assisted exercises, this model aims to cultivate deep understanding and develop problem-solving skills. In conclusion, the article argues that AI, when integrated thoughtfully into the biology curriculum, can help students become not only better learners but also critical thinkers and future scientists.

Key words: Artificial Intelligence (AI), Biology Education, Critical Thinking, Personalized Learning, Virtual Labs, Student Engagement, Teacher Training, Conceptual Understanding, Adaptive Learning.

In the modern educational landscape, artificial intelligence (AI) has rapidly woven itself into students' daily learning routines. With just a few clicks, students can generate explanations, solve problems, write essays, or create presentations. While this offers incredible opportunities for personalized and efficient learning, it also poses a serious challenge: Are we teaching students how to think critically, or simply how to find answers?

This article explores how AI can be harnessed not merely as a shortcut, but as a thinking partner – a tool that supports inquiry, fuels curiosity, and enhances biological

understanding when used correctly. The key lies not in limiting access to AI, but in teaching students to ask the right questions and engage with AI critically and creatively.

Literature Review.

Artificial Intelligence (AI) has emerged as a powerful tool in enhancing biology education, offering new ways to visualize complex concepts, personalize learning, and provide virtual laboratories. Several studies have explored its integration into secondary education, and while promising benefits have been reported, challenges remain in its widespread adoption.

A key benefit of AI in biology learning is its ability to provide concept visualization through interactive tools, such as 3D models. For example, AI-based technologies enable the creation of three-dimensional representations of biological structures like human cells and organs, helping students better understand abstract and complex biological concepts (Guindy & Kara, 2024) [1]. This form of learning is more engaging and allows for an immersive experience that is highly beneficial in science education.

In addition to visualization, AI offers the advantage of adaptive learning, where the technology customizes educational content based on individual students' needs, pace, and comprehension. Studies have shown that adaptive learning systems significantly improve student engagement and achievement by tailoring challenges to each learner's level (Kulik & Fletcher, 2016) [2]. This personalized learning approach ensures that students are neither overwhelmed nor under-challenged, fostering a more effective learning environment. Such systems also promote deeper learning in areas like genetics, ecology, and evolution by providing students with continuous feedback and guidance (Tarumingkeng, n.d.) [3].

Another important application of AI is in the creation of virtual laboratories. These platforms allow students to conduct scientific experiments that would otherwise be impossible due to physical or financial limitations. AI-driven virtual labs provide an excellent solution for schools with limited resources, offering simulations for processes like photosynthesis or genetic analysis (Hofstein & Lunetta, 2004) [4]. According to recent studies, virtual labs are particularly valuable in secondary education, where access to well-equipped physical laboratories is often restricted (Adedo & Deriwanto, 2024) [5].

However, the adoption of AI in education faces several challenges. One major obstacle is the infrastructure required to implement AI-based learning tools. Schools in remote areas often lack the necessary hardware, software, and stable internet connections to effectively use these technologies (Li, 2024) [6]. Furthermore, teachers may lack the training to integrate AI into their teaching practices, reducing the potential benefits of AI in the classroom (Salas-Pilco et al., 2022) [7]. Research has highlighted that teacher training is crucial for AI's successful integration, ensuring educators are equipped to leverage the technology to enhance student learning.

Perceptions of AI in education are largely positive, with many teachers and students seeing it as a valuable addition to the learning process. Teachers report that AI helps in making complex biology concepts more accessible, and students find the technology motivating and engaging (Buchanan et al., 2021) [8]. However, some

students express concerns about the technical difficulties involved in using AI without teacher support. This indicates that while AI can enhance the learning experience, the role of teachers remains crucial in guiding students through these technologies (Hattie, 2008) [9].

Finally, despite its numerous benefits, the cost of implementing AI-based systems is still a significant barrier. Schools must invest in both hardware and software, which may not be feasible for institutions with limited funding (Spector et al., 2008) [10]. This financial challenge is compounded by the need for ongoing professional development for educators to keep pace with advancements in AI technology.


In summary, while AI has demonstrated its potential to revolutionize biology learning by enhancing visualization, providing personalized experiences, and creating accessible virtual labs, the challenges related to infrastructure, teacher training, and cost must be addressed. Continued research and investment in these areas are essential for maximizing the potential of AI in secondary biology education.

The recognition of AI technology's potential in higher education predates the public introduction of generative AI models such as ChatGPT by OpenAI, highlighting the evolving landscape of educational technology and its implications for learning and teaching. Nguyen et al. (2020) [11]. highlighted the capacity of AI to unveil critical indicators previously overlooked by stakeholders at various levels of the educational hierarchy, suggesting a transformative role for AI in shaping strategic decisions and educational outcomes. Furthermore, the comprehensive review by Zawacki-Richter et al. (2019) [12]. emphasised AI's potential in facilitating adaptive learning systems personalisation, and intelligent tutoring systems, underscoring the technology's capability to cater to diverse learning needs and styles. These advancements demonstrate the potential for a revolutionary change in education, creating learner-centred environments that could significantly boost student engagement. However, the deployment of AI in educational contexts also introduces ethical concerns, including data privacy, bias in AI algorithms, and the implications of AI-mediated interactions on the student learning experience (Essien et al., 2024) [13]. These issues require a thoughtful and considered strategy for incorporating AI technologies in higher education, ensuring that their advantages are achieved while mitigating potential risks and prioritizing ethical practices and student welfare (Holmes et al., 2021; Nguyen et al., 2023) [14].

Secondary school students often find biology topics like genetics, cell structures, and ecological dynamics abstract and difficult to grasp (Singh et al., 2020) [15]. AI tools such as intelligent tutoring systems, virtual labs, and adaptive testing can create an engaging and effective learning environment. Despite its potential, the application of AI in secondary education remains underexplored, particularly in biology teaching.


Сабақ үстінде жасанды интеллектті (AI) қолданасыңдар ма?

27 responses




Үй тапсырмасын орындағанда AI-ды пайдаланасыңдар ма?

27 responses




Жасанды интеллектті реферат жазу, презентация жасау немесе есеп шығару үшін қолданасыз ба?

27 responses



Жасанды интеллектті пайдалы құрал ретінде қабылдайсыз ба?

27 responses



Methodology.

To understand how students currently use AI in their education, a short survey was conducted among 27 secondary school students.

They were asked five key questions related to their interaction with AI:

- Do you use AI during class?
 - Always: 14.8%
 - Sometimes: 66.7%
 - Never: 18.5%
- Do you use AI when doing homework?
 - Always: 18.5%
 - Sometimes: 59.3%
 - Never: 22.2%
- Do you have knowledge about artificial intelligence?
 - Yes (always): 51.9%
 - Somewhat: 44.4%
 - Not at all: 3.7%

- Do you use AI for writing essays, presentations, or solving problems?
 - Yes: 66.7%
 - No: 33.3%
- Do you consider AI a useful tool?
 - Yes: 81.5%
 - Somewhat: 14.8%
 - No: 3.7%

Analysis and Discussion.

The data clearly show that AI is already deeply embedded in students' academic practices, especially outside the classroom. The majority use it "sometimes" or "always", particularly for tasks like essays and problem-solving. This raises two key insights:

- We cannot ignore AI or prohibit its use—students are already integrating it into their learning.
- We must guide students on how to use AI wisely and thoughtfully, not as a replacement for thinking, but as a tool to develop it. At the heart of this challenge is the art of asking questions. A well-formed question not only unlocks deeper understanding but also prevents students from accepting surface-level answers. This is where the true educational potential of AI lies.

Suggested Teaching Approach: AI for Critical Thinking in Biology. To address the current gap between AI use and critical engagement, a new model of classroom learning is proposed:

1. *Start Every Lesson with a Question Exercise.*

Each biology lesson begins with a short task:

- Students are asked to use AI to generate at least five thought-provoking questions on the topic of the day.
- Questions are evaluated based on depth, originality, and relevance.
- Example topic: Human Circulatory System
 - "What if the human heart had two pacemakers instead of one?"
 - "How could AI be used to detect blood vessel blockages early?"

Grading: 5 points for the question task, 5 points for class participation and homework. This routine builds habits of curiosity and reflection.

2. *Two-Part Exam System.* To develop both core knowledge and AI-enhanced problem-solving skills, students take two types of exams:

- *Traditional Exam:* No AI allowed. Tests memory, comprehension, and basic application.
- *AI Exam:* Students are allowed to use AI to solve real-life biological problems, analyze data, or simulate biological processes.

Example: "Use AI to model how environmental change might influence the evolution of a species".

This dual system ensures balance: students retain essential knowledge while also learning to leverage AI creatively and ethically.

Conclusion.

Artificial intelligence (AI) is transforming how we approach education, and its influence on biology education is no exception. As AI continues to evolve, its potential to enhance students' learning experiences is undeniable. However, it is essential that AI is integrated thoughtfully into the classroom. Teachers must guide students on how to use AI as a tool for critical thinking rather than as a shortcut to answers. This shift in mindset is crucial for ensuring that students develop deep, reflective understanding. AI should not replace human cognition, but rather augment it. When students use AI to support their inquiry, they develop problem-solving skills and learn to ask meaningful questions. This is where the true power of AI in education lies – creating opportunities for exploration, creativity, and curiosity.

Moreover, AI has the ability to bridge gaps in traditional educational resources. For example, virtual labs can allow students to conduct experiments that would otherwise be inaccessible due to limited resources. Personalized learning through AI also ensures that each student can progress at their own pace, promoting a more inclusive learning environment. However, the integration of AI comes with challenges. Teachers need adequate training to effectively use AI tools, and schools must invest in infrastructure. Without these supports, the potential benefits of AI may be undermined. Furthermore, the role of AI in fostering critical thinking should not be overlooked. It is essential that students are taught to approach AI-generated information with skepticism and a willingness to question its outputs. In doing so, they become more discerning learners and better problem-solvers.

In conclusion, AI has the power to revolutionize biology education, but it must be integrated with careful consideration of its challenges and opportunities. By balancing AI use with traditional methods and fostering critical thinking, we can create an educational environment that not only prepares students for exams but also for future scientific inquiry. AI can be a valuable ally in helping students become the next generation of thinkers, researchers, and innovators. However, the key is in how we teach them to use it. When students learn to engage critically with AI, they develop the skills needed to thrive in a rapidly changing world. The future of education lies in shaping students' relationship with AI, ensuring it enhances, rather than hinders, their intellectual growth. Ultimately, AI's role in biology education should be seen not as a replacement for human insight but as a powerful tool for enhancing it.

References

- 1 Kara, P.A.; Guindy, M. 3D battlespace visualization and defense applications on commercial and use-case-dedicated light field displays. In Proceedings of the Big Data IV: Learning, Analytics, and Applications, SPIE, Orlando, FL, USA, 3 April–13 June 2022; Volume 12097, p. 183–191.
- 2 Kulik, J. A., & Fletcher, J. D. (2016). Effectiveness of intelligent tutoring systems: a meta-analytic review. *Review of Educational Research*, 86(1), 42–78.
- 3 Tarumingkeng, I.R.C. (n.d.). *The Influence of Generative Artificial Intelligence in the development of Science and Science*.

- 4 Hofstein, A., & Lunetta, V.N. (2004). The laboratory in science education: Foundations for the twenty-first century. *Science Education*, 88(1), 28–54.
- 5 Adedo, E., & Deriwanto, D. (2024). The Development of Digital Media and Its Utilization in Islamic Religious Education Learning. Curup State Islamic Religious Institute.
- 6 Li, M. (2024). Integrating Artificial Intelligence in Primary Mathematics Education: Investigating Internal and External Influences on Teacher Adoption. *International Journal of Science and Mathematics Education*, 1–26.
- 7 Salas-Pilco, S. Z., Xiao, K., & Hu, X. (2022). Artificial intelligence and learning analytics in teacher education: A systematic review. *Education Sciences*, 12(8), 569.
- 8 Buchanan, C., Howitt, M.L., Wilson, R., Booth, R.G., Risling, T., & Bamford, M. (2021). Predicted influences of artificial intelligence on nursing education: Scoping review. *JMIR Nursing*, 4(1), e23933.
- 9 Hattie, J. (2008). *Visible learning: A synthesis of over 800 meta-analyses relating to achievement*. routledge.
- 10 Spector, J.M., Merrill, M.D., Van Merriënboer, J., Driscoll, M.P., Hannafin, R. D., & Young, M. F.(2008). The Handbook of Research on Educational Communications and Technology 3rd ed. In *The Handbook of Research on Educational Communications and Technology 3rd ed*.
- 11 Nguyen, A. (2020). Data Analytics in Higher Education: An Integrated View. *Journal of Information Systems Education*, 31(1), 61-71.
- 12 Zawacki-Richter, O. (2019). Systematic review of research on artificial intelligence applications in higher education – where are the educators? *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 16(1), 39. <https://doi.org/10.1186/41239-019-0171-0>.
- 13 Essien, A.(2024). The influence of AI text generators on critical thinking skills in UK business schools. *Studies in Higher Education*, 0(0), 1-18. <https://doi.org/10.1080/03075079.2024.2316881>.
- 14 Holmes, W.(2021). Ethics of AI in Education: Towards a Community-Wide Framework. *International Journal of Artificial Intelligence in Education*. <https://doi.org/10.1007/s40593-021-00239-1>.
- 15 Singh et al., (2020). Promoting inquiry based learning through AI tools in science education. *Journal of modern education*, 12(3), 67-81.

ҒТАМР 14.29.01

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ВИЗУАЛДЫ ҚАБЫЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КОММУНИКАЦИЯҒА ӘСЕРІ

Ж.Ж. Қартпаева

П.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Г.Т. Акжанова

Магистрант, Қ. Жұбанова атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Бұл мақалада аутизм спектрлік бұзылысы (АСБ) бар балалардың визуалды қабылдау (көрнекі тану) ерекшеліктері мен олардың коммуникация процесіне тигізетін ықпалы қарастырылады. Визуалды қабылдау баланың қоршаған ортадан алынған ақпаратты өңдеп, оны түсіну және қарым-қатынас орнату қабілетіне тікелей әсер етеді. Әдеби шолулар мен эмпирикалық зерттеулер негізінде визуалды қабылдаудың негізгі компоненттері (бет әлпетін тану, көзқарас фиксациясы, кеңістік қатынастары, қозғалысты қабылдау, көрнекі жады, сенсорлық сезімталдық) мен олардың бұзылыстары сипатталады. Сондай-ақ, визуалды қабылдау бұзылыстарының вербалды және вербалды емес коммуникацияға, әлеуметтік өзара әрекетке және оқу процесіне ықпалы талданады. Мақалада визуалды қабылдауға бағытталған интервенциялар ұсынылады.

Түйін сөздер: аутизм спектрлік бұзылысы, визуалды қабылдау, коммуникация, әлеуметтік өзара әрекет, сенсорлық сезімталдық, визуалды интервенция.

Кіріспе.

Аутизм спектрлік бұзылысы (АСБ) – даму мерзімінде басталатын, әлеуметтік қатынастарды, коммуникацияны, сондай-ақ мінез-құлқының шектеулі қайталанатын үлгісін көрсететін неврологиялық даму ерекшелігі. Бұл бұзылыс қазіргі таңда әлем бойынша кеңінен таралып, әрбір 54 баланың бірінде кездесетіні анықталды [1; 2]. АСБ бар балаларда әлеуметтік өзара әрекет пен қарым-қатынас дағдыларының дамуы жиі тежеліп, сөйлеу мен тілдік емес коммуникация саласында айтарлықтай қиындықтар туындайды.

Визуалды қабылдау – бұл көз арқылы алынған ақпаратты өңдеу, талдау және мағыналы формаға келтіру процесі, ол кеңістіктік қатынастарды, қозғалысты, бет әлпетін тану сияқты көптеген компоненттерден тұрады [3].

Аутизмі бар балаларда визуалды қабылдау функцияларының бұзылыстары, мысалы, қозғалысты қадағалаудағы, бет-әлпетті танудағы және визуалды кеңістікті өңдеудегі қиындықтар, олардың коммуникация және әлеуметтік қатысу қабілетіне теріс әсер етеді [4; 5].

Зерттеулер көрсеткендей, аутизмі бар балаларда визуалды қабылдаудың кейбір аспектілері ерекше дамыған немесе керісінше әлсіз болуы мүмкін, бұл коммуникациялық қиындықтардың пайда болуына ықпал етеді [6]. Мысалы, бет-әлпетті тану және көзге қарау төменгі деңгейде болуы әлеуметтік сигналдарды қабылдауда кедергі келтіреді, ал визуалды детальдарға шоғырлану жалпы көріністі түсінуді қиындатады [7]. Сонымен қатар, визуалды қабылдау мен аудиовизуалды интеграцияның бұзылуы сөйлеуді түсіну мен қолдануда да қиындықтар тудырады [8].

Бұл мақалада визуалды қабылдаудың негізгі компоненттері мен олардың аутизм спектрлік бұзылысы бар балалардағы ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, визуалды қабылдау мен коммуникацияның өзара байланысы, емдеу мен интервенция тәсілдері, әрі қарайғы зерттеулердің бағыттары талданады.

Визуалды қабылдаудың теориялық негіздері.

Визуалды қабылдау – адамның көру арқылы сыртқы әлем туралы ақпаратты алу және оны мида өңдеу процесі. Ол көру жүйесі арқылы алынған ақпаратты талдап, адамға қоршаған ортаны бағдарлауға және түсінуге мүмкіндік береді. Визуалды қабылдау төмендегі негізгі компоненттерден тұрады (*Сурет 1*):

– *Бет әлпетін тану* (facial recognition) – адамның эмоциясын, көңіл-күйін, ниетін анықтау қабілеті;

– *Көзқарасты фиксациялау* (gaze fixation) – әлеуметтік сигналдарды тануда маңызды рөл атқаратын көзге назар аудару процесі;


– *Кеңістіктік қатынастарды қабылдау* (spatial relations) – нысандардың өзара орналасуын анықтау қабілеті;

– *Қозғалысты қабылдау* (motion perception) – қоршаған ортадағы қозғалысты анықтау және талдау қабілеті;

– *Көрнекі жады* (visual memory) – бұрын қабылданған визуалды ақпаратты есте сақтау мен қайта жаңғырту қабілеті;

– *Сенсорлық сезімталдық* (sensory sensitivity) – көру стимулдарына жеке реакция деңгейі [9].

Аталған процестердің барлығы бір-бірімен байланысты және күрделі нейрондық жүйелер арқылы жүзеге асады.



Сурет 1. Визуалды қабылдаудың негізгі компоненттері.

Нормативті дамуда визуалды қабылдау әлеуметтік сигналдарды (мысалы, бет әлпетіндегі эмоция, көзқарас бағыты) түсінуге және әлеуметтік байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Ал аутизм спектрінің бұзылысы бар балаларда бұл процестің кейбір бөліктері бұзылуы немесе өзгеше сипат алуы мүмкін.


Аутизмі бар балалардың визуалды қабылдау ерекшеліктері.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, аутизмі бар балаларда визуалды қабылдау біркелкі дамымайды: кейбірі ерекше детальдарға шоғырланып, жалпы көріністі елемейді. Бұл құбылысты «жергілікті өңдеу стилі» (local processing bias) деп атайды. Frith және Happé (2006) зерттеулерінде аутизмі бар балалардың ақпаратты өңдеуде «жергілікті өңдеу стилі» (local processing bias) басым екені анықталған [10]. Яғни, олар жалпы көріністен гөрі ұсақ бөлшектерге көбірек мән береді. Мұндай когнитивтік стиль сөйлеу мен әлеуметтік өзара әрекеттегі қиындықтардың нейropsихологиялық негізін түсіндіреді.

Зерттеулер көрсеткендей, аутизмі бар балалар басқа адамдардың көз аймағына қараудан қашады және көбіне айналасындағы ұсақ бөлшектерге (мысалы, ауыз, мұрын немесе фон элементтері) назар аударады [9]. Бұл мінез-құлық әлеуметтік сигналдарды дұрыс қабылдауға кедергі келтіреді және қарым-қатынасқа түсуге кедергі жасайды.

Сонымен қатар, аутизмі бар балаларда көзге қарау ұзақтығы мен жиілігі төмен, бет әлпеттерін тану қиындайды [11]. Бұл олардың эмоцияны түсінуі мен қарым-қатынасқа түсу қабілетін шектейді. Мысалы, Dawson және оның әріптестері жүргізген зерттеуде (2005) аутизмі бар балалардың көзқарасты бекіту уақыты нейротиптік балаларға қарағанда екі есеге қысқа болғаны анықталған (Сурет 2) [12].

Сондай-ақ, визуалды және аудиовизуалды ақпаратты біріктіру (интеграция) процесінің әлсіздігі сөйлеуді түсіну мен өз ойын жеткізуді қиындатады [13].



Сурет 2. Нейротиптік бала мен аутизмі бар баланың визуалды қабылдауы.

Визуалды қабылдаудың коммуникацияға әсері.

Коммуникацияның тиімді болуы баланың визуалды ақпаратты дәл қабылдап, оны мағыналық тұрғыдан өңдей алуына байланысты. Визуалды қабылдаудың бұзылулары балалардың тілдік емес және тілдік коммуникациясына төмендегідей әсер етеді:

– Көзге қарау, бет-әлпеті мен мимиканы оқу мүмкіндігінің төмендеуі – сөйлеу, эмпатия, әлеуметтік сигналдарды түсіну қабілетіне кері әсер етеді. Мысалы, визуалды мәліметтер (ерін қимылы, бет сигналдары) қалыс қалған жағдайда, аутизмі бар балалар дыбыстық сигналдарға (сөйлеуге) артық тәуелді болуы мүмкін [14].

– Қоғамдық жағдайда («мұражай», «мектеп») көзге түспейтін, тез өзгеретін визуалды сигналдардан қате интерпретация пайда болуы мүмкін – бала көрген-тапқанын дұрыс емес түсініп, жауап беру немесе өзара әрекеттесуде артта қалуы мүмкін.

– Визуалды қабылдаудың әлсіздігі сөйлеуді қолдау үшін қолданылатын көрнекі құралдардың (пиктограммалар, суреттер, белгі жүйелері) тиімділігін төмендетуі мүмкін – мысалы, суретпен айырбастау жүйесі (PECS) және бейнелі коммуникация құралдары [15].

– Визуалды ақпаратты өңдеу мәселелері сабақта, үйде, ортада назар аудару, ақпаратты жүйелеу және қызметтерді өз бетімен атқару-қатысу деңгейіне (participation) әсер етеді [16].

Практикалық маңызына тоқталатын болсам, білім беру ортасында балалармен жұмыс істегенде визуалды ортаны (шулы, барлығы бір-түрлі декорация, көп қозғалатын заттар) қарапайым, жүйеленген етіп ұйымдастыру қажет.

Коммуникациялық қолдау құралдары (пиктограммалар, суреттер, визуалды кестелер) аутизмі бар балаларға коммуникацияны бастау және дамытуда маңызды.

Визуалды қабылдауды дамытуға бағытталған түзету шараларын (мысалы: визуалды дискриминация, көрнекі-кеңістік қатынастарын меңгеру) енгізу коммуникациялық дағдылардың артуына ықпал етуі мүмкін [17].

Визуалды интервенциялар және түзету жұмыстары.

Аутизм спектрлік бұзылысы бар балалардың визуалды қабылдау және коммуникация қабілеттерін дамытуда арнайы педагогикалық интервенциялар маңызды орын алады. Мұндай интервенциялар визуалды ақпаратты қабылдау мен өңдеуді қолдауға, сонымен қатар вербалды емес коммуникация құралдарын тиімді пайдалануға бағытталған.

Қазіргі уақытта дефектология және арнайы педагогика тәжірибесінде 1-кестеде көрсетілген визуалды бағыттағы интервенциялар жиі қолданылады.

Кесте 1. Визуалды интервенциялар.

№	Интервенциялар	Сипаттамасы
1	Визуалды қолдау әдістері (Visual Supports)	Бұл әдіс аутизмі бар балаларға күнделікті іс-әрекеттерін, оқу тапсырмаларын немесе әлеуметтік жағдайларды жақсы түсінуге көмектеседі. Суреттер, пиктограммалар, кестелер мен сызбалар арқылы берілген ақпарат баланың түсінуін жеңілдетеді және сөйлеуге тәуелділікті азайтады [18].
2	ТЕАССН бағдарламасы (Treatment and Education of Autistic and related Handicapped Children)	ТЕАССН әдісі құрылымдалған орта құруға және визуалды ұйымдастыру арқылы баланың дербестігін арттыруға бағытталған. Бұл бағдарлама визуалды стимулдар арқылы ақпарат беру принципіне негізделіп, баланың өздігінен әрекет ету қабілетін дамытады [19].
3	ПЕКС (PECS – Picture Exchange Communication System) карточкалары	PECS жүйесі арқылы бала өз қажеттіліктері мен тілектерін суреттер арқылы білдіреді. Жүйенің негізгі қағидасы – «суретті айырбастау» (picture exchange): бала қажетті заттың бейнесі бар карточканы ересек адамға ұсына отырып, коммуникация бастамасын жасайды. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, PECS карточкаларын пайдалану аутизмі бар балалардың әлеуметтік және тілдік белсенділігін арттырады. Bondy және Frost (2001) зерттеуінде PECS әдісін қолданған балалардың 59%-ында вербалды сөйлеу элементтері дамығаны дәлелденген [20]. Ал Ganz et al. (2012) жүргізген мета-талдау нәтижесі бойынша PECS визуалды қабылдау арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын айтарлықтай жақсартатыны анықталған [21].
4	Бейне модельдеу (Video Modeling)	Бұл әдіс баланың белгілі бір әрекетті немесе әлеуметтік мінез-құлықты видео арқылы көріп, соны қайталауына негізделеді. Визуалды және имитациялық қабілеттерді бір уақытта дамыта отырып, бейне модельдеу аутизмі бар

		балалардың әлеуметтік өзара әрекетке түсуін жеңілдетеді [18].
5	Сенсорлық интеграция терапиясы (Sensory Integration Therapy)	А. Ayres ұсынған бұл терапия визуалды, тактильді және вестибулярлық стимулдарды біріктіріп, орталық жүйке жүйесінің үйлесімді жұмыс істеуін дамытады. Бұл тәсіл визуалды қабылдаудың тұрақтылығын арттырып, баланың сенсорлық бейімделуін жақсартады [19].

Мұндай интервенциялар баланың визуалды ақпаратты дұрыс өңдеу қабілетін жақсартып, коммуникацияны дамытуға оң әсер етеді.

Қорытынды.

Жүргізілген талдаулар мен ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу нәтижесінде аутизм спектрлік бұзылысы (АСБ) бар балалардың визуалды қабылдауы олардың коммуникациялық және әлеуметтік дамуының шешуші факторы екені анықталды. Визуалды қабылдаудың бұзылыстары – бет әлпетті танудың төмендеуі, көзқарас фиксациясының әлсіздігі, кеңістік қатынастарды дұрыс бағаламау, қозғалыс пен визуалды жадыдағы қиындықтар – балалардың қоршаған ортадан ақпаратты дұрыс өңдеуін және вербалды емес сигналдарды түсінуін шектейді.

Зерттеулер көрсеткендей, аутизмі бар балаларда көру арқылы ақпаратты өңдеу процесі ерекше сипатқа ие: олар көбіне детальдарға шамадан тыс назар аударып, жалпы мағынаны қалыптастыруда қиындық көреді. Мұндай когнитивтік ерекшелік әлеуметтік өзара әрекет пен сөйлеу тілі дамуына тікелей әсер етеді.

Сонымен қатар, визуалды қабылдау бұзылыстары тілдік емес коммуникация құралдарын пайдалануда да қиындықтар туғызады. Мысалы, визуалды белгілер мен пиктограммаларды түсінудегі қиындықтар суретпен айырбастау жүйесін (PECS) немесе визуалды кестелерді қолдану тиімділігін шектейді. Дегенмен, зерттеулер көрсеткендей, мұндай визуалды интервенциялар дұрыс ұйымдастырылған жағдайда коммуникацияны едәуір жақсарта алады.

TEACCH бағдарламасы мен PECS жүйесі балаларға өз ойын бейнелер мен белгілер арқылы білдіруге мүмкіндік береді, ал бейне модельдеу әдісі (video modeling) имитациялық қабілетті дамыта отырып, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына көмектеседі. Сенсорлық интеграция терапиясы (Ayres әдісі) визуалды және басқа сенсорлық каналдардың үйлесімділігін арттырып, баланың сенсорлық бейімделуін күшейтеді. Бұл тәсілдер визуалды қабылдау мен коммуникация арасындағы байланысты нығайтып, сөйлеу және әлеуметтік даму потенциалын арттыруға бағытталған.

Жалпы алғанда, визуалды қабылдау – аутизмі бар баланың әлеуметтік өзара әрекетінің, сөйлеу дамуының және оқыту процесінің маңызды когнитивтік негізі болып табылады. Визуалды қабылдау жүйелерін дамыту мен қолдау коммуникация сапасын арттыруға, эмоционалды реттелуге және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасайды. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулер визуалды нейрокогнитивтік процестер мен олардың тіл және эмоциямен байланысын тереңірек түсіндіруге бағытталуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Elsabbagh, M., Divan, G., Koh, Y.J., Kim, Y.S., Kauchali, S., Marcín, C., Fombonne, E. (2012). Global prevalence of autism and other pervasive developmental disorders: A systematic review. *Autism Research*, 5(3), 160-179.
- 2 Maenner, M.J., Shaw, K.A., Baio, J., Washington, A., Patrick, M., DiRienzo, M., Dietz, P. M. (2020). Prevalence of autism spectrum disorder among children aged 8 years – Autism and Developmental Disabilities Monitoring Network, 11 Sites, United States, 2016. *MMWR Surveillance Summaries*, 69(4), 1-12.
- 3 Goldstein, E.B. (2014). *Sensation and Perception* (9th ed.). Belmont, CA: Cengage Learning. – 502.
- 4 Van der Hallen, R., Evers, K., Brewaeys, K., Van den Noortgate, W., Wagemans, J. (2015). Global processing takes time: A meta-analysis on local-global visual processing in autism spectrum disorder. *Psychological Bulletin*, 141(3), 549-573.
- 5 Simmons, D.R., Robertson, A.E., McKay, L.S., Toal, E., McAleer, P., Pollick, F.E. (2009). Vision in autism spectrum disorders. *Vision Research*, 49(22), 2705-2739.
- 6 Dakin, S.C., Frith, U. (2005). Vagaries of visual perception in autism. *Neuron*, 48(3), 497-507.
- 7 Pellicano, E., Gibson, L., Maybery, M., Durkin, K., Badcock, D.R. (2007). Abnormal global processing along the dorsal visual pathway in autism: A possible mechanism for weak visuospatial coherence? *Neuropsychologia*, 45(9), 2297-2302.
- 8 Stevenson, R.A., Siemann, J.K., Schneider, B.C., Eberly, H.E., Woynaroski, T.G., Camarata, S.M., Wallace, M.T. (2014). Multisensory temporal integration in autism spectrum disorders. *Journal of Neuroscience*, 34(3), 691-697.
- 9 Klin, A., et al. (2002). Visual fixation patterns during viewing of naturalistic social situations in individuals with autism. *Brain*, 125(4), 891-905.
- 10 Happé, F., & Frith, U. (2006). The weak coherence account: detail-focused cognitive style in autism spectrum disorders. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, 36(1), 5-25.
- 11 Pellicano, E., & Burr, D. (2012). When the world becomes ‘too real’: a Bayesian explanation of autistic perception. *Trends in Cognitive Sciences*, 16(10), 504-510.
- 12 Dawson, G., et al. (2005). Early behavioral intervention, brain plasticity, and the prevention of autism spectrum disorder. *Development and Psychopathology*, 17(3), 689–720.
- 13 Baron-Cohen, S. (2008). Autism and the Eyes: Evidence for Social Brain Theories. *Philosophical Transactions of the Royal Society B*, 363(1499), 2181-2188.
- 14 Iarocci, G., Rombough, A., Yager, J., Weeks, D. J., & Chua, R. (2010). Visual influences on speech perception in children with autism. *Autism*, 14(4), 305–320.

- 15 Hassan, M.H., Ahmad, M.F., Wardi, R.H., Abdullah, M. H. H., Isa, B., Safwan, N. S. Z., & Yusoff, S. M. (2024). The influence of Picture Exchange Communication Systems (PECS) on the affective development of speech utterances in Autism Spectrum Disorder (ASD). *Journal of Chemical Health Risks (JCHR)*, 14(2), 2994–3008.
- 16 Çelik, S. B., & Özkan, E. (2025). Beyond vision: Exploring the impact of visual perception on participation in children with autism spectrum disorder. *PLoS ONE*, 20(8), e0330457.
- 17 Redkar, S.S., Sankar, G., & Deepak, V.R. (2025). Understanding visual perception skills in autism spectrum disorder: A systematic review. *Journal of Associated Medical Sciences*, 58(1), 245–259.
- 18 Mesibov, G.B., Shea, V., & Schopler, E. (2004). *The TEACCH Approach to Autism Spectrum Disorders*. Springer.
- 19 Ayres, A.J. (2005). *Sensory Integration and the Child*. Los Angeles: Western Psychological Services.
- 20 Bondy, A., & Frost, L. (2001). The Picture Exchange Communication System. *Behavior Modification*, 25(5), 725-744.
- 21 Ganz, J.B., Davis, J.L., Lund, E.M., Goodwyn, F.D., Simpson, R.L. (2012). Meta-analysis of PECS with individuals with autism spectrum disorders: Investigation of targeted versus non-targeted outcomes, participant characteristics, and implementation phase. *Research in Developmental Disabilities*, 33(2), 406-418.

ҒТАМР 14.01.07

БАЛАЛАР ПРОЗАСЫ НЕГІЗІНДЕ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

Р.А. Хашимжан

Магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Алматы қ.

Г.С. Балтабаева

Ф.ғ.д. қауымдастырылған профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

Бұл мақалада қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері талданады. Зерттеу барысында құндылықтар ұғымының аксиологиялық тұрғыдағы мәні ашылып, А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, К. Әбішев және А. Қыраубаева сынды отандық ойшылдардың көзқарастары негізінде құндылықтық білім берудің маңызы айқындалады. Қазақ әдебиеті пәнінің үлгілік оқу бағдарламасындағы құндылыққа бағытталған оқу мақсаттары сараланып, оларды жүзеге асырудың тиімді жолдары көрсетіледі. 5-сыныпта оқытылатын Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» және Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» шығармаларын талдау нәтижелері ұсынылып, оқушылардың отбасы, адамгершілік, мейірім, туған жерге құрмет сияқты негізгі құндылықтарды қалай қабылдайтыны тәжірибелік тұрғыдан дәлелденеді. Зерттеу нәтижелері көркем мәтінді аксиологиялық тәсілмен түсіндіру оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытуда, рухани-адамгершілік дүниетанымын қалыптастыруда және эстетикалық талғамын жетілдіруде жоғары нәтиже беретінін көрсетеді.

Түйін сөздер: құндылық, аксиология, құндылыққа негізделген оқыту, қазақ әдебиеті, көркем мәтін, құндылықтар, әдеби талдау.

Кіріспе.

Құндылықтарға негізделген білім беру жүйесі педагогикада жаңадан пайда болған ұғым емес. Тұлғаны құндылыққа бағдарлап оқыту мәселесі туралы қазақтың ұлы ағартушылары мен білім беру саласының көрнекті педагогтері өз еңбектерінде бұған дейін де кеңінен тоқталған. Қазақ тілінің сөздігінде «құндылық» сөзіне мынадай анықтама беріледі: 1) қымбат, бағалы нәрсе; 2) маңызды, мәні бар нысан [1]. Демек, объективті болмыстағы ең елеулі, аса қажет

игіліктерді біз құндылық ретінде қабылдаймыз. Олар, сөз жоқ, адам өміріндегі мұраттар мен мақсаттардан, этностық ерекшеліктерден және басқа да себептерден туындайды.

Ғылымда құндылықтар жүйесін зерттейтін сала – аксиология. Аксиология (грекше *axios* – құнды, *logos* – ілім) – құндылықтардың мәнін, олардың қоғамдық болмыстағы орнын, сондай-ақ құндылық әлемінің құрылымын қарастыратын философиялық бағыт. Бұл ілімнің басты мазмұны – оқушыны рухани-адамгершілік және жалпыадамзаттық қасиеттер негізінде тәрбиелеу.

Бұл тұжырымды профессор К.А. Әбішевтің құндылықтардың мәні туралы пікірі толықтыра түседі. Зерттеуші: *«Құндылықтар дегеніміз адам немесе адами қауымдастық не үшін жер бетінде жүр, не үшін тіршілік етеді, өзінің өмірін неге арнайды, не арқылы өзін адам деп сезінеді, не оның өміріне мағына береді»* – деп атап көрсетеді [2].

Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы да: *«...қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту қажет»* деген ой айтады. Ол атап отырған «әдебиеттің асыл мақсаты» төмендегідей бағыттарды қамтиды:

- ғасырлар бойы жинақталған ұлттық құндылықтарды жас буынның бойына дарыту;
- жеткіншектерді отансүйгіштікке, елін сүйуге баулу;
- көркем ойды жүйелі әрі әсерлі жеткізу қабілетін дамыту;
- ойын дәл, нақты және көркем түрде баяндауға үйрету;
- әдеби туындыдан түйген тағылымды өмірлік тәжірибеде қолдануға бейімдеу.

Ал М. Жұмабаев өзінің «Педагогика» еңбегінде: *«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»* [3], – деп, баланы ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің ерекше маңызын айқындап береді.

Ж. Аймауытовтың «Психология» еңбегіндегі тұжырымдары да бұл ойды тереңдете түседі. Ол: *«Адамның өзін тану, өз жолын табуы өте қиын. Бұл қиындық әсіресе, жастардың басында: олар тәжірибесіз, көңілді, ойы құбылмалы, толқымалы, сондықтан өзін сынай алмайды. Өмір жолдары сан тарау. Жастар тоқсан жолдың торабында, қай жолға түсерін білмей, дағдарды. Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді»* [4], – деп, жас ұрпақтың болашақ тандауындағы жауапкершілікті айрықша атап көрсетеді. Осы арқылы ғалым баланың тұлғалық дамуы мен рухани бағыт-бағдарын айқындауда ұлттық құндылықтарды сiңiрудiң өзектiлiгiн меңзеп отырғанын аңғарамыз.

Қазақтың ұлттық мектеп үлгісін жасап, оны тәжірибеде жүзеге асырған, өз мектебін ашқан Алма Қыраубаева да білім берудегі құндылық мәселесіне ерекше мән берген. Ол: *«Жатқа еліктеу – өзін-өзі қор санау. Бұл – ұлттық сана жетілмеген елде болатын көрініс. Өзінің ұлттық құндылықтарының болашағы жоқ деген түсініктің қалыптасуы – адамның жан дүниесін аздыратын қатердің бірі. Оның жастар арасында, бала сенімінде ұялауына жол беріп*

қоюға болмайды... Жастар арасында Тәттімбеттің кім екенін білмей, Майкл Джексонға құлдық ұру, Қорқыттың философиясын ұқпай жатып, Фрейдке таңғалу, тасқа жазылған ата сөзін оқымай тұрып, Куликово шайқасын білгішсіну ауруы бар...» [5] – деп, ұлттық сана мен рухани түбірден ажыраудың қауіпті екенін айқын көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың ой-тұжырымдарына сүйенсек, егер бала бойында құндылықтар жөнінде терең түсінік қалыптаспаса, әдеби шығармалар арқылы оның рухани дүниесін байыта алмасақ, онда елдің болашағы үшін алаңдаушылық тудыратын жайттардың пайда болатынын түйсінеміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Қазақ әдебиеті пәнінің жаңартылған үлгілік оқу бағдарламасында құндылықтарға қатысты бірқатар маңызды оқыту мақсаттары қамтылған. Бұл мақсаттар аксиологиялық бағыттағы білім беруді жүзеге асыруға, сондай-ақ білім алушылардың жеке көзқарасы мен өмірлік қағидаларын қалыптастыруға бағытталған. Айтылған ойды нақтылау үшін төмендегі кестеде тиісті сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын ұсынылады:.

5-сынып.

Оқыту мақсаттары:

- шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау;
- шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

6-сынып.

Оқыту мақсаттары:

- шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру;
- шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

Қосымша түсіндірме ретінде айта кетерлігі, бұл оқу мақсаттары оқушылардың тек мәтінді түсіну қабілетін ғана емес, сонымен бірге әдеби туындыдағы құндылықтық мазмұнды тануына, оны жеке тәжірибесімен байланыстыра алуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ аталған мақсаттар зерттеу жұмысына қажетті материалдарды тандауда, әдістемелік тәсілдерді анықтауда негізгі бағдар ретінде алынды.

Оқу бағдарламасында ұсынылған құндылықтарға бағытталған оқу мақсаттары мұғалімге қандай шығарманы меңгерту кезінде оқушы бойына қай құндылықтарды дарыту керектігін нақты көрсетіп береді. Сондықтан педагогтің міндеті – осы құндылықтарды оқушы санасына тиімді жеткізе алатын әдістемелік амалдарды дұрыс тандау. Білім беру жүйесіндегі құндылықтық бағыттың өзектілігі Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы №145 Жарлығымен бекітілген Ақпараттық доктринада да ерекше атап көрсетілген. Бұл құжатта бала тұлғасында қалыптасуы тиіс негізгі құндылықтар ретінде әділеттілік, мемлекеттік тіл мен тарихқа құрмет, отбасы мен бала құқықтарын қорғау, тәуелсіздік пен патриотизм, жасампаздық пен

прогресс, еңбекқорлық пен білімге ұмтылу, сондай-ақ табиғат пен қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау секілді қағидалар белгіленген

Зерттеу нәтижелері және талқылау.

Қазақ әдебиетін оқыту үдерісі көркем мәтінді талдаумен, оның идеялық-эстетикалық табиғатын ашумен тығыз байланысты. Біз сөз етіп отырған құндылықтар да оқу бағдарламасында ұсынылған көркем шығармалар арқылы қарастырылып, сол мәтіндердің мазмұны негізінде айқындалады. Бұл ретте мұғалімнің назар аударатын басты аспектісі – мәтінмен және мәнмәтінмен жүйелі жұмыс жүргізу. Өйткені құндылықтарды танып-білу, кейіпкер әрекеттерінің себеп-салдарын ашу, шығарманың негізгі идеясын пайымдау мәтін динамикасын терең түсінуді, сондай-ақ мәнмәтіндегі көркемдік бөлшектерді байқай алуды қажет етеді.

Осы мақсатта біз қазақ әдебиетін құндылықтар негізінде оқытудың белгілі бір құрылымын ұсынамыз. Бұл жүйе «аксиологиялық талдаудың толық әрі өзгермейтін моделі» дегенді білдірмейді; керісінше, көркем шығармамен жұмысты мақсатты түрде ұйымдастыруға арналған бағыт-бағдар, әдістемелік тұғыр ретінде ұсынылады.

Мәтінмен және мәнмәтінмен жұмыс барысында білім алушылар көркем туындыдағы құндылықтық мазмұнды анықтап, оны түсінуге және өз өмірлік тәжірибесімен байланыстыра алуға мүмкіндік алады. Әсіресе кейіпкердің әрекетін, мінезін, таңдауларын талдау, сюжеттік желідегі символдық детальдерге назар аудару, автор ұсынған идеяларды пайымдау оқушылардың аксиологиялық ойлауын дамыта түсетіні байқалды.

Жүргізілген зерттеу шеңберінде 5-сынып оқушыларымен бірнеше көркем шығармалар талданып, олардың құндылықтарды қабылдау деңгейі, мәтінге деген қатысы, кейіпкерлерді түсінуі бақыланды. Сабақтар барысында талдау, сұрақ-жауап, рөлдік моделдеу, мәнмәтіндік талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Нәтижесінде оқушылардың:

- мәтіндегі құндылықтарды тану қабілеті жақсарғаны;
- кейіпкер әрекетіне этикалық тұрғыдан баға бере алуы артқаны;
- көркем детальді байқау және оның маңызын түсіндіру дағдысы қалыптаса бастағаны;
- оқиға желісін өз өмірімен байланыстыруға ұмтылысы күшейгені;
- отбасы, достық, адамгершілік, Отанға құрмет сияқты негізгі құндылықтарды түсіну деңгейі тереңдегені анықталды.

Бұл нәтиже көркем шығармамен мақсатты, жүйелі, құндылыққа бағытталған жұмыс жүргізу оқушылардың рухани дамуына нақты ықпал ететінін айғақтайды.

5-сынып қазақ әдебиеті оқулығындағы Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесін оқушылармен талдау барысында қалыптасқан құндылықтар мынадай:

1-мысал: «Әли күн сайын кешкісін ауылдың сыртындағы жолға ұзақ қарап тұратын. Сол жолмен анасы келе жатқандай, бала жүрегі бірде қуанып, бірде толқып, үміт пен сағынышқа толып тұратын. Көңілі алаң болып, кейде көзіне жас

іркiлiп қалса да, ол анасын күтуден шаршамайтын...» [6]. Бұл мысал арқылы оқушылар анаға деген шексіз сағыныштың, отбасы жылуының, мейірім мен жақын жандарды қадірлеудің маңызын түсінгендерін айтты. Әсіресе, бала жүрегіндегі «анаға деген махаббат» сезімі – 5-сынып оқушылары үшін ең маңызды құндылықтардың бірі екені айқындалды.

2-мысал: «Ауыл адамдары Әлиге әрдайым мейіріммен қарап, оған қолдарынан келгенше қамқорлық танытатын. Дегенмен, қанша жақсы сөз естісе де, бала жүрегі туған ананың жылуын ештеңе алмастыра алмайтынын сезетін. Әли анасының құшағын, оның жұмсақ даусын, жылы көзқарасын үнемі елестетіп, соны арман ететін...» [6]. Бұл үзінді оқушыларға мейірімділік, жанашырлық, адамдар арасындағы жылы қарым-қатынас, отбасы – адамның рухани тірегі екені туралы маңызды түсініктер берді. Балалар Әлидің айналасындағы адамдардың жақсылығын бағалай отырып, бірақ ананың орны бөлек екенін сезінгенін атап өтті.

5-сынып қазақ әдебиеті оқулығындағы Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесін оқушылармен талдау барысында қалыптасқан құндылықтар мынадай:

3-мысал: «Әжейдің жымыып күліп, немересін бауырына басқан сәттері Бекзаттың жүрегінде ең жылы естеліктердің бірі болып сақталған еді. Ауылдағы әженің қазаны, оның шапағатқа толы үні, әр сөзінен төгілген мейірімі балаға ежелден-ақ ерекше қуат беретін. «Әжеңді сағындың ба?» деген сөзді естігенде, Бекзаттың көзі жасаурап, ауылға барғысы келіп кететін...» [6].

Бұл мысал арқылы оқушылар үлкенді сыйлаудың, әженің мейіріміне бөленудің, отбасы жылуын сезінудің, сондай-ақ жақын адамын қадірлей білудің маңызын айқын түсінгендерін айтты. Бекзаттың әжесіне деген сағынышы мен оның жүрегіндегі жылы сезімдер оқушыларға отбасы құндылығының адам өміріндегі орны ерекше екенін сезіндіруге мүмкіндік берді.

4-мысал: «Бекзат әжесінің айтқан әрбір өсиетін жүрегіне тоқып өсті. Әжесі кейде кешкісін орындықта отырып, өткен күндерден сыр шерткенде, бала оның әр сөзін ерекше ықыласпен тыңдайтын. Әженің сабырлы да байсалды үні, өмірден түйген тәлімі мен даналығы Бекзатқа үлкен ой салатын. Әсіресе «адам ең алдымен өз тегін, өз елін сыйлай білуі керек» деген әже сөзі оның есінде мәңгіге сақталып қалды...» [6].

Бұл үзінді арқылы оқушылар даналық, үлкеннің ақылын тыңдау, ұлттық тәрбие, тектілік пен елін құрметтеу сияқты терең құндылықтардың маңызын түсінгендерін айтты. Әженің айтқан тағылымды сөздері арқылы балаға берілетін ұлттық сана, дәстүр сабақтастығы, үлкеннің сөзін қадірлеу сияқты рухани қағидалар анық көрінеді.

Қорытынды.

Қорыта айтқанда, көркем әдебиетті оқыту үдерісі бүгінгі білім берудің басты міндеттерімен – оқушының рухани дүниесін байыту, оның бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатымен тікелей сабақтас. Аксиологиялық тұрғыдан оқыту әдісі осы мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді әдістемелік бағдар болып табылады. Көркем мәтінде

берілген құндылықтар жүйесі оқушының қабылдауында тек мазмұн ретінде ғана емес, оның жеке тәжірибесі мен ішкі сезім әлемімен ұштасқан шынайы рухани қазынаға айналғанда ғана толық игеріледі. Бұл – мәтіннің көркемдік табиғатын терең сезінуді, авторлық идеяны пайымдай алуды, кейіпкер әрекеттерінің мәнін түсіне білуді қажет етеді.

Қазіргі қазақстандық білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті, ойы сергек, ұлттық негізде тәрбиеленген тұлға қалыптастыру міндетін алға қойып отыр. Мұндай тұлға – алдымен құндылықтарға негізделген білімнің жемісі. Сондықтан көркем шығармаларды аксиологиялық талдау арқылы оқыту оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтумен қатар олардың ішкі мәдениетін, адамгершілік ұстанымдарын, тұлғалық қасиеттерін дамытуға нақты ықпал етеді. Сонымен бірге құндылыққа бағытталған әдеби білім эстетикалық талғамның қалыптасуына, көркем ойлау қабілетінің артуына және оқушының өмірге деген зерделі көзқарасының орнығуына негіз болады. Осылайша, әдебиетті құндылықтар тұрғысынан оқыту – тек пәндік білім берудің тәсілі ғана емес, тұлға кемелденуінің маңызды педагогикалық тетігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

2 Абишев К.А. Проблема ценностей в современном мире//Власть как ценность и власть ценностей: метаморфозы свободы. – Алматы: ИФиП МОН РК, 2007. – 470 с.

3 Смағұлова Г., Өтеген Б. Жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту.

4 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы. 1992.

5 Аймауытов Ж. Психология. Жан жүйесі және өнер таңдау. – Алматы. Рауан. – 1995. – 311 б.

6 Керімбекова Б., Қуанышбаева Ә. Қазақ әдебиеті. 5-сынып оқулығы. – Алматы: Мектеп, 2017. – 120 б.

ҒТАМР 34.01.45

БОЛАШАҚ БИОЛОГИЯ МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУДА МОДЕЛЬДЕУДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

М.А. Абдрахманова

*Магистрант, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Б.К. Жумабекова

*Б.ғ.д., профессор, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Мақалада болашақ биология мұғалімдерін даярлауда модельдеудің әдістемелік негіздері қарастырылады. Модельдеу күрделі биологиялық процестерді көрнекі және практикалық түрде көрсетуге мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық құрал ретінде сипатталады. Пәндік, ақпараттық және ойын түріндегі модельдеу әдістері талданады, олардың оқу процесінде студенттерге қолдану ерекшеліктері мен педагогикалық пайдасы көрсетіледі. Модельдеу болашақ мұғалімдердің визуалды, зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді, сабақтағы күрделі ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді, студенттердің пәнге қызығушылығын арттырады және білім сапасын жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: модельдеу, болашақ мұғалімдерді даярлау, ақпараттық модельдеу, ойын түріндегі модельдеу, пәндік модельдеу.

Болашақ биология мұғалімдерін даярлау қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру тек теориялық біліммен шектелмей, олардың оқу қызметіндегі дербестік, шығармашылық және жауапкершілік дағдыларын дамытуға негізделуі тиіс. Осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарының бірі – модельдеу әдісін қолдану, ол күрделі биологиялық процестерді нақты, көрнекі және практикалық тұрғыдан көрсетуге мүмкіндік береді. Модельдеу студенттердің сын тұрғысынан ойлау қабілетін, зерттеушілік дағдыларын және практикалық шеберлігін жетілдіреді. Мақалада болашақ биология мұғалімдерін даярлауда қолданылатын модельдеудің түрлері, оқу қызметін ұйымдастырудағы қолдану тәсілдері және оның білім сапасын арттырудағы рөлі қарастырылады.

Заманның талабына сай білім беру жағдайында басты міндет – болашақ мұғалімдердің жан-жақты кәсіби және тұлғалық дамуын қамтамасыз ету. Бұл

тек олардың жеке жетістіктеріне ғана емес, сонымен қатар білім беру сапасына және қоғамға пайдалы кәсіби қызметке дайын болуына бағытталады. Осы контексте оқу қызметін ұйымдастыруда модельдеу әдісін қолдану олардың шығармашылық және зерттеушілік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, болашақ мұғалімдер оқу қызметінде белсенді, өзін-өзі алға жетелей алатын және білімді тиімді меңгере алатын субъект ретінде қалыптасуына жәрдем болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, студенттердің оқу нәтижелері тек теориялық материалды меңгерумен шектелмей, оны өздігінен қолдана білу арқылы бағаланады. Осы орайда, заманауи педагогикалық тәжірибе болашақ мұғалімдердің кәсіби потенциалын ашуға, оқу қызметін тиімді ұйымдастыруға және зерттеу қабілеттерін дамытуға бағытталған тәсілдерді іздеуді талап етеді. Модельдеу әдісі осы мақсатқа қол жеткізудің тиімді құралы болып табылады. Ол күрделі биологиялық процестерді нақты, көрнекі және практикалық тұрғыдан көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі білім беру үдерісінде модельдеу білімді меңгерудің және практикалық дағдыларды қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Ол екі маңызды функцияны атқарады: бір жағынан, студенттердің оқу материалын игеруі мен практикалық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді, екінші жағынан, оқу мазмұнын жүйелеу және құрылымдау құралын қамтамасыз етеді.


Модельдеу процесі өзара байланысты бірнеше кезеңнен тұрады: материалды мұқият талдау, оны белгілер мен символдар жүйесіне айналдыру, модельмен жұмыс жасау және алынған нәтижелерді нақты жағдаймен салыстыру. Әрбір кезең арнайы құралдар мен әдістерді қолдануды қажет етеді, олар студенттер үшін бір жағынан білімнің объектісі болып, екінші жағынан практикалық дағдыларды қалыптастыруға қызмет етеді. [1].

Пәндік (заттық) модельдеу – биологиялық объектілердің немесе процестердің визуалды макеттерін жасауға бағытталған. Бұл тәсіл студенттерге жасушаның құрылымы, органоидтардың қызметі, ағзалардың физиологиялық процестері сияқты күрделі биологиялық ұғымдарды нақты және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, ДНҚ қос спираль құрылымын немесе жасуша мембранасын әртүрлі материалдардан макет ретінде жасау студенттердің материалды толық түсінуіне, практикалық сабақтарда оны тиімді қолдануына ықпал етеді.

Ақпараттық модельдеу – объектілер мен процестерді логикалық және көрнекі түрде ұсыну. Мұнда графиктер, диаграммалар, кестелер, сызбалар қолданылады. Ақпараттық модельдер студенттердің деректерді талдау, құрылымын түсіну, элементтер арасындағы байланыстарды анықтау қабілетін дамытады. Бұл тәсіл биологиялық процестердің динамикасын түсінуге, жаңа білімді тиімді меңгеруге және ғылыми зерттеу әрекеттерін ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Ойын түріндегі модельдеу – студенттердің танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілетін және практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған. Мысалы, «Генетикалық лотерея» ойыны арқылы тұқымқуалаушылық заңдылықтарын зерттеу кезінде студенттерге генотип карталары беріледі, олардың көмегімен ұрпақ белгілері болжанады. Бұл тәсіл болашақ мұғалімдерге сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімді практикалық тұрғыда көрсету дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сызба 1. Модельдеудің түрлері.



Модельдеу әдістерінің бұл түрлері болашақ биология мұғалімдеріне оқу қызметін ұйымдастыруда негізгі рөл атқарады. Олар студенттердің оқу материалын терең меңгеруіне, сыни ойлау қабілетін дамытуға, ақпаратты талдау және жүйелеу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл тәсілдер кәсіби даярлықта студенттердің практикалық сабақтарды тиімді жоспарлау, оқу материалын визуалды және логикалық түрде ұсыну қабілеттерін жетілдіреді.

Шындап келсек, модельдеудің бұл түрлерін мета-пәндік нәтиже ретінде қарастыруға болады. Бұл әдіс оқушыларға оқу материалын үлгі немесе объект ретінде көрсетуге және оны құрылымдауға мүмкіндік беретін әмбебап оқу әрекеті болып табылады. Модельдеу зерттелетін материалды талдаудан тұратын күрделі процесс. Оның әрбір компоненті белгілі бір операциялық функцияны атқарады және студенттердің қабылдау объектісі ретінде қызмет ететін құралдарды қамтиды [2]. Негіздеп келгенде жаратылыстану бағытындағы пәндерді меңгеру табыстылығы көбінесе студенттердің модельдеу әдісін саналы, сапалы түрде қолдана алу қабілетіне байланысты [3].

Қорытынды.

Бұл мақалада болашақ биология мұғалімдерін даярлауда оқу қызметін ұйымдастыру барысында модельдеуді қолдану мәселесі қарастырылды. Модельдеу әдісі студенттердің күрделі биологиялық құбылыстарды көрнекі түрде түсінуіне, теориялық білімді практикалық іс-әрекетке айналдыра алу

қабілеттерін дамытуға және сыни ойлауын жетілдіруге ықпал етеді. Пәндік, ақпараттық және ойындық модельдеу түрлері студенттерге оқу материалын жүйелі түрде талдауға, ақпаратты визуалды және логикалық түрде ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модельдеу болашақ мұғалімдерге оқу қызметін тиімді ұйымдастыруға, сабаққа қызығушылық пен белсенділікті арттыруға, білім сапасын жоғарылатуға жағдай жасайды. Осылайша, оқу қызметінде модельдеуді қолдану болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерін қалыптастыруда, теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіруде және студенттердің жеке тұлғалық дамуына оң әсер етуінде маңызды құрал болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Галацкова И.А., Обласов В.В. Моделирование в процессе обучения как средство повышения творческой активности учащихся // Современные проблемы науки и образования. – 2018. – № 2. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=27464>.

2 Ожигина С.П. Формирование универсального учебного действия моделирования у младших школьников при преобразовании учебного материала // Вестник Череповецкого государственного университета. – 2011. – № 3. – Т. 1. – С. 90-93.

3 Петрова Е.Б., Кочеткова Е.С. Значение метода моделирования при формировании естественнонаучной грамотности учащихся // Научно-методические основы формирования функциональной грамотности: теория и практика современной школы: материалы Всерос. науч.-практ. конф. – Коломна: ГСГУ, 2022. – С. 121-124.

ГРНТИ 15.31.31

ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ИНСТРУМЕНТАРИЙ ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА: СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ИЗМЕРЕНИЯ ДИНАМИКИ ЛИЧНОСТНОГО РАЗВИТИЯ ТРУДНЫХ ПОДРОСТКОВ

А.Ж. Айкадамова

Магистрант 2 курса КазНПУ им. Абая, Алматы

Р.Б. Абдрахманова

Научный руководитель, к.п.с.н., доцент КазНПУ им. Абая, Алматы

Исходя из положения отечественных и международных работ по возрастной психологии, подростковый период трактуется как 10–17 лет; при этом Всемирная организация здравоохранения относит к нему возрастной диапазон 10-19 лет. Указанное направление является актуальным и нуждается в непрерывном эмпирическом и теоретическом переосмыслении [1].

Ключевые слова: подросток, диагностика, мониторинг, саморегуляция, личность, развитие.

Период ранней и средней юности сопровождается ускоренной перестройкой когнитивной, эмоциональной и социальной сфер. Для части подростков эта перестройка проходит на фоне повышенных рисков: школьная дезадаптация, агрессивное и делинквентное поведение, тревожно-депрессивная симптоматика, трудности саморегуляции. В отечественной и международной практике таких учащихся часто описывают как «трудных подростков» – не как стигму, а как индикатор повышенной потребности в поддержке и мониторинге изменений [2].

Данный период можно считать сложным не только для самих детей, но и для педагогов и родителей. В условиях изменчивой и нестабильной психики ребёнка особенно важно оказывать поддержку и понимать его психологические особенности. С этой целью в образовательных организациях сопровождение и соответствующие мероприятия осуществляют педагоги-психологи.

Задача педагога-психолога – не только «диагностировать на срезе», но и надёжно измерять динамику личностного развития: отслеживать изменение навыков саморегуляции, эмоционального благополучия, социально-коммуникативных компетенций и учебной мотивации на протяжении недель и месяцев. Настоящая статья систематизирует научно обоснованный

инструментарий и протоколы измерения, акцентируя методы с подтверждённой валидностью и чувствительностью к изменениям. Следовательно, есть все основания полагать, что педагог – психолог в своей профессиональной деятельности занимается изучением динамики личностного роста подростков. Поэтому прежде всего остановимся на сути понятия «личностный рост».

По мнению Г. Оллпорта, личность – это динамическая организация внутри индивида тех психофизиологических систем, которые определяют его уникальное поведение и мышление. В культурно-деятельностной традиции, согласно А.Н. Леонтьеву и Л.И. Божович, личность формируется в системе деятельности и социального общения и выражает иерархию мотивов и смыслов субъекта. В социокультурной перспективе Л.С. Выготского, личность разворачивается в «социальной ситуации развития», где интериоризация культурных средств определяет её структуру. В современном интегративном подходе Д. МакАдамса и Дж. Пэлс, личность описывается как многоуровневая система: базовые черты, характерные адаптации (ценности, цели, мотивы) и нарративная идентичность, придающая биографии целостность. Согласно исследованиям П. Коста и Р. МакКрае, измеримые черты (модель «Большой пятёрки») составляют важный, но не исчерпывающий уровень описания личности [3; 4; 5].

С точки зрения А. Маслоу и К. Роджерса, личностный рост представляет собой поступательное движение к самоактуализации и подлинности, выражающееся в усилении автономии, ответственности и интеграции Я-концепции. В соответствии с исследованиями Э. Деси и Р. Райана в русле теории самоопределения, такое развитие поддерживается удовлетворением базовых психологических потребностей – автономии, компетентности и связанности, – что способствует внутренней мотивации и субъективному благополучию. В парадигме психологии жизненного пути, по Стеценко, личностный рост понимается как сочетание нормативных и индивидуально-специфических возрастных изменений, включающих как приобретения, так и утраты. Мета-аналитические данные Б. Робертса и соавт. указывают, что в подростковом и ранневзрослом периодах наблюдается среднеуровневый прирост сознательности и эмоциональной устойчивости – характерный паттерн «созревания личности» [6; 7].

Исходя из вышеизложенных сведений, отслеживание динамики личностного развития подростков представляет собой многокомпонентную задачу, требующую интегративного подхода. Поэтому ключевым шагом в работе педагога-психолога является формирование обоснованной базы диагностического инструментария. Ниже рассмотрим ряд современных методик, применяемых для решения данной задачи.

На сегодняшний день одной из современных и эффективных методик можно назвать протокол интегрированной диагностики и мониторинга, состоящий из четырёх шагов.

Интегрированный протокол начинается с этико-организационного этапа. До старта любых процедур педагог-психолог обеспечивает информированное

согласие подростка и его законных представителей, в понятной форме разъясняет цели, содержание и предполагаемые формы обратной связи. Отдельно проговариваются правила защиты персональных данных и минимизации стигматизации: в коммуникации используется поддерживающий, неярлычный язык, а результаты представляются как ориентиры развития, а не как «ярлыки» или «диагнозы».

На первой неделе проводится базовая оценка. Сначала выполняется краткий мульти-информантный скрининг: подросток, родитель и учитель заполняют SDQ; дополнительно применяется сокращённая версия PERMA для оценки компонентов благополучия, краткий вариант DERS для фиксации трудностей эмоциональной регуляции и шкала самооценки Розенберга. Параллельно реализуется когнитивный блок: пробы Stroop и Corsi (либо n-back) предъявляются с использованием параллельных форм, чтобы обеспечить сопоставимость результатов при повторных замерах. Для оценки учебного поведения и вовлечённости проводится прямое структурированное наблюдение в классе с опорой на методики DBR/BOSS в течение 2–3 уроков. По завершении первичной диагностики специалист вместе с подростком (и, при необходимости, с родителями и учителем) формулирует 2–3 конкретные, наблюдаемые цели, к каждой из которых разрабатывается шкала достижения целей (GAS) с чёткими якорями уровней от –2 до +2.

В течение 2–3-й недели выстраивается и запускается план вмешательства. В зависимости от профиля затруднений это может быть тренинг саморегуляции и/или эмоциональной регуляции, развитие социально-коммуникативных навыков, наставничество, заключение поведенческих договоров и др. Одновременно настраивается экологиялық моментальная оценка (EMA): в учебные дни подросток получает по 2–3 коротких «пинга» с вопросами о текущем самочувствии, стрессе и концентрации. Для оперативной обратной связи планируется регулярная короткая регистрация показателей по DBR (еженедельно), что позволяет отслеживать изменения в учебном поведении между основными контрольными точками.

Промежуточный мониторинг проводится каждые 3–4 недели. В эти точки включается повторная оценка по модулю SDQ-impact, короткая версия PERMA, а также опросник BRIEF-2 по форме «учитель» с периодичностью раз в 6–8 недель для отслеживания динамики исполнительных функций в повседневной школьной среде. Итоговая оценка проводится на горизонте 12–16 недель. Повторяется весь базовый пакет инструментов, чтобы обеспечить сопоставимость с исходными данными. Для ключевых шкал рассчитывается индекс надёжного изменения (RCI по Jacobson–Truax), позволяющий отличить статистически значимые индивидуальные улучшения от колебаний, ожидаемых из-за измерительной ошибки. Результаты интерпретируются одновременно в терминах клинической значимости (насколько изменения приблизили подростка к нормативному диапазону) и практической значимости (какие именно изменения наблюдаются в повседневной учебной и социальной активности). На заключительном совещании формируется план поддержания достигнутых

эффектов и «реле» к следующему периоду: определяются формы периодической поддержки, частота последующего мониторинга и точки, при достижении которых план может быть адаптирован или завершён.

В рамках протокола интегрированной диагностики корреляционный анализ проводится как на срезе, так и в динамике, с учётом структуры данных и шкал измерения. На базовой неделе рассчитываются межпеременные связи между показателями SDQ, BRIEF-2, PERMA, DERS, результатами когнитивных проб и наблюдений DBR/BOSS. Если переменные имеют метрический характер и распределения близки к нормальным, применяется коэффициент корреляции Пирсона; при нарушении нормальности, наличии выбросов или порядковом уровне измерения (например, уровни достижения целей по шкале GAS), используется ранговый коэффициент Спирмена [8].

Наряду с этим методом к числу современных, применяемых сегодня подходов относится компьютеризированное адаптивное тестирование (CAT).

Метод представляет собой краткий мультиметодный и мультиинформантный протокол диагностики агрессии и тревожности у подростков с последующим мониторингом динамики. В течение 2–3 недель проводится стандартизованный скрининг самоотчётами и отчётами значимых взрослых: SDQ (учитель/родитель/подросток) как общий индикатор трудностей и сильных сторон; для агрессии – RPQ (реактивная/проактивная) либо BPAQ-SF (вербальная/физическая агрессия, гнев, враждебность); для тревожности – SCARED или RCADS (желательно в версиях подростка и родителя). Параллельно организуется структурированное наблюдение в классе по DBR/BOSS на 2–3 уроках для фиксации офф-топик поведения, провокаций, эпизодов избегания. При наличии ресурсов настраиваются краткие ЕМА-опросы 2–3 раза в учебный день (стресс, злость/раздражение, избегание; 3–5 пунктов), чтобы уловить контекстно-зависимые колебания состояний.

Администрирование занимает 15–25 минут на опросники и 20–40 минут на наблюдение (с последующей 10–15-минутной кодировкой). Все процедуры выполняются после информированного согласия подростка и родителей при строгой конфиденциальности и использовании «поддерживающего» языка обратной связи. Обязателен риск-скрининг: при высоких показателях тревоги или агрессии оцениваются суицидальные/аутоагрессивные намерения и риск для окружающих; при наличии индикаторов запускается школьный маршрут эскалации (социальный педагог, клинический психолог/психиатр, связь с семьёй). Баллы подсчитываются по официальным ключам, при наличии применяются локальные возрастно-половые нормы (перцентили, T-баллы). Разночтения между источниками (подросток vs родитель vs учитель) фиксируются как диагностически значимые и обсуждаются на консилиуме: например, «скрытая» тревога может отражаться в самоотчёте при низких жалобах учителя.

Для аналитики формируется профиль по доменам (тип агрессии: реактивная/проактивная; каналы выражения: вербальная/физическая; домены тревожности: социальная, генерализованная, школьная, панические симптомы).

Связи между показателями оцениваются корреляциями Пирсона при метрическом распределении, либо ранговым коэффициентом Спирмена при ненормальности, выбросах или порядковом уровне (в том числе при сопоставлении уровней достижения целей по GAS). При повторных измерениях через 8–12 недель анализируется динамика: либо по дельтам («после – до»), либо по индивидуальным наклонам трендов; при использовании ЕМА применяются within-person оценки с центрированием относительно личного среднего или многоуровневые модели с робастными ошибками. Итогом становятся краткая аналитическая записка с интерпретацией клинической и практической значимости, а также 2–3 индивидуальные цели (GAS) по деэскалации, тренировке эмоциональной регуляции и социально-когнитивным стратегиям, которые далее служат базой для мониторинга и корректировки вмешательств [9].

Данные диагностические инструменты, предназначенные для измерения динамики личностного роста подростков, в настоящее время не получили широкого распространения в казахстанской системе образования. В связи с этим их применение в исследовательских работах и полное представление алгоритма проведения с использованием математических методов расчёта являются одним из механизмов, способствующих обоснованию научной новизны исследования. Несмотря на широкий охват и комплексный характер современных методов, они используются наряду с другими методами в психологии (И.В. Кулешева, П.В. Степанов, Д.В. Григорьев, В.Г. Максимов, Г.А. Ускова и др.) [10].

В заключение отметим, что в условиях информатизации и стремительной акселерации выявление динамики личностного роста подростков с помощью современных диагностических инструментов способствует формированию содержания работы, соответствующего требованиям времени, и его эффективному применению.

Литература

- 1 Кураев Г. А., Пожарская Е. Н. Возрастная психология // Курс лекций. Ростов-на-Дону. – 2002.
- 2 Абрамова Г.С. Возрастная психология. – Общество с ограниченной ответственностью Издательство ЮРАЙТ, 2012. – С. 811-811.
- 3 Кэттелл Р.Б., Айзенк Г.Ю., Олпорт Г.В. Психология индивидуальности. Факторные теории личности. – 2007.
- 4 Божович Л.И. О культурно-исторической концепции ЛС Выготского и ее значении для современных исследований психологии личности // Вопросы психологии. – 1988. – №. 5. – С. 108-116.
- 5 Макарова Л.Н., Рожкова С.В. Диагностический инструментарий оценки развития креативного мышления студента // Вестник Тамбовского университета. Серия: Гуманитарные науки. – 2019. – Т. 24. – №. 179. – С. 7-19.
- 6 Михайлюк Л.М., Михайлюк Л. Розвиток особистості в гуманістичній психології А. Маслоу та К. Роджерса. – 2007.
- 7 Стеценко А. и др. Возрастная и педагогическая психология. – 2001.

8 Кулешевская Е.С. Психолого-педагогическое сопровождение подростков с суицидальными настроениями // Молодость. Интеллект. Инициатива. – 2013. – С. 314-315.

9 Богданова Е.А. Использование тематический апперцептивный тест для выявления психологических защит // Проблемы современного педагогического образования. – 2016. – №. 51-4. – С. 388-398.

10 Кулешова И.В., Степанов П.В., Григорьев Д.В. Методика диагностики личностного роста. <https://nsportal.ru/shkola/klassnoe-rukovodstvo/library/2015/11/03/metodikadiagnostiki-lichnostnogo-rosta-avtory-iv>. – 2015.

11 Веретенникова Л.К., Валишина Л.Н., Ускова Г.А. Психолого-педагогические основы экспериментальной работы в образовательном учреждении. – 2004.

ҒТАМР 14.07.09

ЖАЛПЫ ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ГЕОМЕТРИЯ ПӘНІНДЕ КӨПБҰРЫШТАРДЫҢ АУДАНЫН ЕСЕПТЕУДІ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕРІ

К.Ж. Назарова

*Ғылыми жетекші, ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.*

М.С. Парпиева

Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Бұл мақалада 8-сыныптағы «Көпбұрыштардың аудандары» тақырыбын оқытуда заманауи әдістерді, соның ішінде Пик формуласын қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында дәстүрлі және инновациялық тәсілдер салыстырылып, Пик теоремасының оқушылардың логикалық ойлауын, кеңістіктік түсінігін және есеп шығару жылдамдығын арттырудағы рөлі анықталды. Сонымен қатар аудан табу бойынша есептерді графикалық түрде орындау дәлдігі жоғарылағаны байқалды. Мақалада теориялық негіздер, әдістеме және тәжірибелік мысалдар берілген.

Түйін сөздер: Пик формуласы, көпбұрыш ауданы, координаталық әдіс, инновациялық технологиялар.

Жалпы орта мектеп оқушыларына геометрияны оқыту ерекше қиындықтар туғызады, өйткені ол абстрактілі ұғымдарды беруді ғана емес, сонымен қатар кеңістіктік пайымдауды, есептерді шешу дағдыларын және сыни ойлауды дамытуды талап етеді. Геометрияны тиімді оқыту оқушыларды қызықтырып, геометриялық принциптерді терең түсінуге және оларды нақты әлемде қолдануға дайындауға тиіс. Бұл жауап көпбұрыштардың ауданын есептеуге ерекше назар аударатырып, оқу үлгерімі мен оқушылардың белсенділігін жақсартуға көмектесетін әртүрлі оқыту әдістерін зерттейді. Пікірталас дәстүрлі және технологиямен жетілдірілген тәсілдерді жан-жақты шолуды қамтамасыз ету үшін бірнеше ғылыми мақалалардан алынған түсініктерге сүйенеді [1].

Көпбұрыштардың ауданын есептеуді қамтитын есептерді шешу әрекеттері сыни ойлау мен кеңістіктік пайымдауды дамытуға арналған. Мысалы, оқушыларға әртүрлі көп қырлылардың бетінің ауданы мен көлемінің формулаларын шығаруды немесе әртүрлі көп қырлылардың қасиеттерін салыстыруды ұсынуға болады. Бұл іс-әрекеттер жеке немесе топтық түрде

жүргізілуі мүмкін және дәстүрлі де, технология да жетілдірілген оқыту құралдарымен де қолдауға болады [2].

8-сынып геометрия пәнінің бір тақырыбы – «Көпбұрыштардың аудандары» тақырыбы. Біз тіктөртбұрыштың, параллелограмның, ромбтың, трапецияның аудандарын табу формулаларын, фигураның ауданын бөліктерге бөлу немесе тіктөртбұрышқа қосу арқылы табу әдістерін зерттейміз.

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде пәндерді оқытудың әдістемесіне ерекше назар аударылып келеді. Әсіресе, математика пәнінде, соның ішінде геометрияны меңгерту барысында оқушылардың қызығушылығы мен ойлау деңгейін арттыруға бағытталған әдістерді таңдау өзекті мәселеге айналды. Геометрия – оқушының кеңістіктік елестетуін, логикалық құрылымдарды тануын және дәлелдеу мәдениетін қалыптастыратын маңызды пән. Бұл пәннің мазмұны теориялық болғанымен, оны практикалық әрекеттермен, визуалды құралдармен және технологиялық мүмкіндіктермен ұштастыру арқылы оқушыларға оңай әрі түсінікті етіп жеткізуге болады.

Бұл жобада көпбұрыштардың аудандарын есептеуді оқытуда дәстүрлі әдістер мен Пик формуласын қолдануға ерекше назар аударылды. Дәстүрлі әдістер оқушылардың геометриялық фигуралар туралы бастапқы білімін қалыптастыруда, формулаларды меңгеріп, практикалық есептерді шешуде тиімді құрал болып қала береді. Ал Пик формуласы – координаталық жазықтықта тор көздер арқылы берілген көпбұрыштардың ауданын есептеудің ерекше әрі көрнекі тәсілі. Бұл әдіс оқушылардың көрнекі пайымдауын, кеңістікті елестету қабілетін арттырып, тақырыпты визуалды түрде қабылдауына мүмкіндік береді [3].

Пик формуласын пайдалану дәстүрлі әдістерді толықтыра отырып, оқушының теориялық білімін практикалық тұрғыдан қолдану дағдысын дамытады. Аталған тәсіл арқылы оқушылар тек есептің шешімін табуға ғана емес, сонымен қатар геометриялық объектілердің құрылымын тереңірек ұғынуға машықтанады. Бұл тәсіл оқу үдерісінде танымдық қызығушылықты арттырып, пәнге деген оң көзқарас қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Осы зерттеу жұмысы аясында дәстүрлі оқыту әдістері мен Пик формуласының үйлесімді қолданылуы арқылы оқушылардың «Көпбұрыштардың аудандары» тақырыбын меңгеру деңгейін арттыру жолдары қарастырылады. Мақсат – оқушылардың геометриялық түсініктерін тереңдетіп, нақты есептерді шешудегі икемділіктерін дамытуға септігін тигізетін әдістемелік тәсілдерді ұсыну.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларды тиімді пайдалана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Математика пәнінде, әсіресе геометрияда, бұл талап – оқушының логикалық ойлауын, кеңістіктік түсінуін және нақты есептерді шешу арқылы өмірмен байланыс орнату қабілетін дамытуға негізделеді. Геометрия – абстракцияға құрылған ғылым болғанымен, оны көрнекілікпен ұштастыру арқылы оқушыларға ұғынықты әрі қызықты етіп жеткізуге болады.

Осындай мүмкіндіктердің бірі – Пик формуласы арқылы оқыту. Бұл әдіс, әсіресе 8-сынып оқушылары үшін, тор көзді координаталық жазықтықта көпбұрыштардың ауданын есептеу барысында көрнекі, практикалық және зерттеушілік тұрғыдан ерекше тиімді. Георг Пиктің формуласы математикалық тұрғыдан қарапайым болғанымен, оны қолдану кезінде оқушылар бірнеше дағдыны қатар дамытады: көру арқылы қабылдау, жүйелі санау, логикалық байланыс орнату және есептің шешімін интерпретациялау [4].

Осы зерттеу жұмысы аясында Пик формуласын қолдану арқылы көпбұрыштардың ауданын табуды үйретудің тиімді жолдары қарастырылып, оны дәстүрлі әдістермен салыстыра отырып оқушылардың меңгеру деңгейіне әсері зерттеледі. Пик әдісін оқыту – жаңа буынға арналған заманауи, көрнекі, тиімді және ғылыми тұрғыдан негізделген тәсіл, сондықтан оны мектеп бағдарламасына кезең-кезеңмен енгізу – уақыт талабы.

Зерттеу әдіснамасы.

Геометрия пәні бойынша «Көпбұрыштардың аудандары» тақырыбын оқыту барысында Пик әдісін тәжірибеде қолдану әдіснамасы.

Оқыту мақсаты оқушыларға жазық фигуралар мен көпбұрыштардың ауданын есептеу әдістерін меңгерту, есептер шығару арқылы білімдерін тереңдету және практикалық қолдануға үйрету.

Міндеттері әр түрлі көпбұрыштардың аудан формулаларын меңгерту және геометриялық фигураларды бірнеше әдіс арқылы аудан табу дағдысын қалыптастыру, оқушылардың бұл тақырыпты меңгеру деңгейін анықтау үшін сауалнама, бақылау және тест тапсырмаларын жүргізу.

Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындалу кезінде барлық мектеп оқушыларының алдында графикалық қағазда бейнеленген фигуралардың аудандарын есептеуге байланысты міндеттер қойылады. Аудандарды есептеудің көптеген жолдары бар, бірақ көпбұрыштың төбелері ұяшықтың «түйіндерінде» орналасқан болса, оның ауданын есептеуге мүмкіндік беретін әмбебап формуланы аз адамдар біледі [5].

1. Геометрияның көпбұрыштарды табуға арналған формулалары және оларды қолдану.

Негізгі формулалар:

Тіктөртбұрыш $S = a \times b$

Квадрат $S = a^2$

Параллелограмм $S = ah$

Трапеция $S = \frac{(a+b)}{2} h$

Үшбұрыш $S = \frac{1}{2} ah$

Теңқабырғалы үшбұрыш $S = \frac{a^2\sqrt{3}}{4}$

$$\text{Ромб } S = \frac{1}{2} d_1 d_2$$

$$\text{Герон формуласы: } S = \sqrt{p(p-a)(p-b)(p-c)} \text{ мұндағы } p = \frac{a+b+c}{2}$$

2. Оқыту әдістері геометриялық фигуралар арқылы формулалардың шығу логикасын түсіндіру.

3. Бөлу әдісі.

Мазмұны:

Бөлу әдісі күрделі көпбұрышты бірнеше қарапайым фигураларға (үшбұрыштар, төртбұрыштар) бөліп, олардың аудандарын жеке есептеп, кейін қосу арқылы жалпы ауданын табуға негізделген.

Қолдану жолы:

- күрделі фигураны бірнеше қарапайым бөліктерге бөлу.
- әр бөліктің ауданын есептеу.
- барлық бөліктердің ауданын қосу.

Мысал:

Көпбұрышты үшбұрыштарға бөлу арқылы ауданын табу:

- алгоритмдік қадамдармен бағыт беру;

Қағаз бетінде практикалық жұмыс орындату (фигураны қиып бөлу).

Оқытуда қолдану:

“Фигураны бөліп көр” атты практикалық тапсырма;

Кестелік әдіс арқылы бөлінген бөліктер мен олардың аудандарын салыстыру.

3. Қосымша құрылыс әдісі.

Мазмұны:

Бұл әдіс арқылы фигураға қосымша сызықтар (биіктік, диагональ, сыртқы фигуралар) жүргізу арқылы аудан есептеуді жеңілдету жүзеге асады.

Мысал:

– қисық фигураны тікбұрышқа дейін толықтырып, артық бөлікті алып тастау.

- үшбұрышқа сырттай тіктөртбұрыш салып, айырмасын есептеу.

Тәжірибелік тапсырма:

Оқушыларға дайын сызба беріп, қандай қосымша құрылыс жүргізсе, есеп жеңіл болатынын ойландыру.

Артықшылығы:

- күрделі немесе дұрыс емес пішіндердің ауданын табу жеңілдейді;
- кеңістіктік ойлауды дамытады.

4. Пик формуласы.

Теориясы:

Пик формуласы – координаталық жазықтықта орналасқан тор көзіндегі көпбұрыштың ауданын табуға арналған формула:

$$S = B + \frac{G}{2} - 1$$

Мұндағы:

S – аудан;

G – ішкі тор нүктелерінің саны;

B – шекара бойындағы тор нүктелерінің саны.

Қолдану шарттары:

- көпбұрыш міндетті түрде тор көздерінде орналасуы керек;
- барлық төбелері бүтін координаттарда болуы шарт.

Оқыту әдістемесі:

Геогебра немесе интерактивті тақта арқылы тор көздерде фигура салғызу; “Ішкі және шекаралық нүктелерді сана” тапсырмасын орындау;

Пик формуласын қолдану арқылы нақты ауданын табу.

Қызықты элементтер:

“Кім жылдам?” ойыны – дұрыс салынған фигураның ауданын кім тез табады;

Шығармашылық тапсырма – оқушылар өздері көпбұрыш салып, Пик формуласымен ауданын есептейді.




Тік бұрышты координаталар жүйесін қарастырайық. Бұл жүйеде бүтін координаталары бар көпбұрыш берілсін. Оның ауданын анықтау қажет. Аудандарды есептеудің негізгі әдістері. Математикалық әдебиеттерді талдау торлы қағаздағы фигураның ауданын есептеу әдісін таңдау фигураның пішініне байланысты деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді.


Егер пішін үшбұрыш, тіктөртбұрыш, параллелограмм немесе трапеция болса, аудандарды есептеу үшін белгілі формулаларды пайдалану ыңғайлы. Егер фигура дөңес көпбұрыш болса, онда бөлу әдісін де, қосу әдісін де қолдануға болады (көп жағдайда қосу әдісі ыңғайлы).

Егер фигура дөңес емес немесе жұлдыз тәрізді көпбұрыш болса, оны ашқан ғалымның атымен аталатын арнайы формуланы – Пик формуласын қолданған ыңғайлы. Бұл формуланы австриялық математик Георг Пик жариялаған соң (1899 жылы) біраз уақыт назардан тыс қалды, бірақ 1949 жылы поляк математигі Гюго Штайнгаус өзінің атақты Математикалық калейдоскопына теореманы енгізді. Осы уақыттан бастап Пик теоремасы кеңінен танымал болды. Германияда Пик формуласы мектеп оқулықтарына енгізілген. Алайда, біздің елде бұл формула мектеп бағдарламасының шеңберінен шығып, әмбебап және қарапайымдылығымен ерекшеленсе де, аз белгілі.

Тор қағазда бейнеленген фигуралардың аудандарын есептеу әдістерінің классификациясы кестеде берілген [6].

Кесте 1.

Фигура	Әдіс	Алгоритм	Мысал
Үшбұрыш, параллелограмм, трапеция	Геометрияның әйгілі формулалары	1) ұяшықтарды санау арқылы ауданды есептеу үшін қажетті биіктіктерді, диагональдарды немесе жақтарын табу керек; 2) табылған мәндерді аудан формуласына ауыстырыңыз	 <p>Ұяшықтарды санаймыз және формула арқылы ауданын табамыз: $a = 4, b = 9, h = 3.$ $S = \frac{a + b}{2} \cdot h = \frac{4 + 9}{2} \cdot h = 19,5 \text{ см}^2$</p>
Көпбұрыштар	Бөлу әдісі	1) көпбұрышты үшбұрыштар мен төртбұрыштарға бөлу; 2) алынған фигуралардың аудандарын есептеу; 3) алынған фигуралардың барлық аудандарының қосындысын табу	 <p>Бір үшбұрыштың ауданы: $S_{\Delta} = \frac{1}{2} \cdot 3 \cdot 1 = 1,5 \text{ см}^2$ шаршының ауданы: $S_{\blacksquare} = 2 \cdot 2 = 4 \text{ см}^2$ Барлық фигуралардың аудандарын қоссақ: $S = 4 \cdot 1,5 + 4 = 10 \text{ см}^2$</p>
	Қосымша құрылыс әдісі	1) фигураны тіктөртбұрышқа толтыру; 2) алынған қосымша фигуралардың аудандарын және тіктөртбұрыштың ауданын табу; 3) тіктөртбұрыштың ауданынан барлық «артық» фигуралардың аудандарын шегеру.	 <p>Тіктөртбұрыштың ауданы $S_{\text{ТТ}} = 4 \cdot 4 = 16 \text{ см}^2$ «қосымша» үшбұрыштардың аудандары $S_{\Delta} = \frac{1}{2} \cdot 3 \cdot 1 = 1,5 \text{ см}^2$ қалаған фигураның ауданы $S = 16 - 4 \cdot 1,5 = 10 \text{ см}^2$</p>

	<p>Пик формуласы</p>	<p>1) көпбұрыштың ішіндегі бүтін нүктелердің санын санаймыз, оларды «В» деп белгілейік. 2) көпбұрыштың шекарасындағы бүтін нүктелердің санын санаймыз, оларды «G» деп белгілейміз. 3) Пик формуласын қолданыңыз:</p> $S = B + \frac{G}{2} - 1$	<div style="text-align: center;">  </div> <p>1) Ішкі түйіндер саны $B=9$, сыртқы түйіндер саны $G=4$, сонда Пик формуласы бойынша бізде:</p> $S = 9 + \frac{4}{2} - 1 = 10 \text{ см}^2$
--	----------------------	--	--

Пик формуласы арқылы аудандарды есептеу мысалдары. Ұяшықтарда орналасқан көпбұрыштардың аудандарын есептеудің әртүрлі тәсілдері бар. Әдісті таңдау, жоғарыда айтылғандай, фигураның пішініне байланысты.

Пик формуласын қолдану арқылы оқушылардың көпбұрыштардың ауданын табуына байланысты эксперименттік жұмыстар ұйымдастырылды. Эксперименттік жұмыс Түркістан облысы, Кентау қаласы, Қарнақ ауылы, М.Қашғари атындағы мектеп-лицейінің 8-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеу барысында екі сыныптан 38 оқушы таңдалып алынды. Зерттеу екі кезкнен құралды, зерттеуден алдын және зерттеуден кейін.

Зерттеудің бірінші кезкінде оқушылар дәстүрлі оқыту әдістерін пайдаланып есептер шығарды. Зерттеудің екінші кезеңінде Пик формуласын пайдаланып геометриялық есептерді шешті.

Тәжірибе 4 апта бойы жүргізілді. Оқушыларға арнайы қағазда есептер берілді. Тәжірибе нәтижесінде Пик формуласын қолдану арқылы оқушылардың есеп шығарудағы қателіктері азайып, жылдамдығы артқаны байқалды. Бұл олардың формулаларды тез меңгеріп, есептеулерді автоматтандыру мүмкіндігіне ие болғанын және Пик формуласын қолдану арқылы есепті оңай шығаратынын көрсетеді. Негізгі көрсеткіштерді талдай келе оқушылардың геометрияға деген қызығушылығы артты.

8-сыныптың Геометрия оқулықтарына талдау.

Кесте 4. 8-сыныптар «Геометрия» пәнінің базалық білім мазмұны.

Сынып	Тараулардың атауы			
	1	2	3	4
8-сынып	Көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу	Тікбұрышты үшбұрыштардың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатынастар	Аудан	Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі

Аталған бөлімдер күтілетін нәтижелер сыныптар бойынша оқыту мақсаттарынан құралған бөлімшелерден тұрады. Оқу бағдарламасы 8-сыныптарға арналған «Геометрия» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кесте 5. Өткізілген эксперименттің нәтижесі.

Тапсырма	Эксперименттің бірінші бөлігі Пик формуласын үйренуге дейін		Эксперименттің екінші бөлігі Пик формуласын үйренгеннен кейін	
	Дұрыс орындағандар		Дұрыс орындағандар	
1	30	79	31	82
2	25	66	30	79
3	24	63	32	85
4	19	50	34	89
5	32	85	34	89
6	35	90	36	97
7	32	85	35	90
8	19	50	30	79
Орташа көрсеткіш	216:38= 5,7		262:38 = 7	

Эксперименттің талдауы соңында оқушылардың нәтижесі 21 % ға өскенін көрсетті.

Жұмыс Бірыңғай мемлекеттік емтихан жинақтарынан географиялық есептер мен геометриялық есептерді шешудегі Pick әдісінің тиімділігін дәлелдейді және көрсетеді. Жұмыс барысында алынған зерттеу нәтижелері «Пик» әдісін оқу 8-сыныптағы математикадан қорытынды емтиханға дайындалуға, сондай-ақ «Аудан» тақырыбы бойынша есептерді шығаруда қиналатын оқушыларға көмектесетінін растайды.

Қорытынды.

Қойылған міндеттерді шешу үшін мен «аудан» ұғымының пайда болуы, австриялық математик Георг Александр Пиктің өмірі мен оның клеткалы қағазда бейнеленген фигуралардың аудандарын есептеу әдісін шешудегі әдістері туралы әдеби және электронды деректерден материал зерттедім.

Зерттеуде эмпирикалық (бақылау, түрлі ақпарат көздерін зерттеу, алынған мәліметтерді талдау) және теориялық (талдау, синтез, моделдеу, аналогия, абстракция) зерттеу әдістері қолданылды. Менің ойымша, зерттеу тақырыбы қызықты, пайдалы және өзекті. Аудан өлшеу тапсырмалары өте алуан түрлі. Олардың көпшілігі үшін жалпы шешім ережелері мен нақты әдістер жоқ. Мұндай тапсырмалардың мәні оларды шешуде тек нақты оқу дағдыларын дамыту емес, сонымен қатар ойлау қабілетін, ой жүгірту мен талдау дағдыларын дамытатынына байланысты. Яғни, бұл тапсырмалар кең мағынада ойлау дағдыларын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Akhmetova, A.Zh. (2020). Geometriyani oqytu әdistemesi [Methods of teaching geometry]. Almaty: Qazaq universiteti baspasy.
- 2 Pick, G. (1899). Geometrisches zur Zahlenlehre. Sitzungsberichte des Deutschen naturwissenschaftlich-medicinischen Vereines für Böhmen “Lotos” in Prag, 19, 311–319.
- 3 Yashchenko, I.V. (n.d.). Matematika. Tipovye ekzamenatsionnye varianty EGE bazovogo urovnya [Mathematics. Standardized exam samples for the basic level].
- 4 Georg Aleksandr Pick. (n.d.). Retrieved April 25, 2025, <https://multiurok.ru/blog/georgh-aliexsandr-pik.html>
- 5 Georg Aleksandr Pick. (n.d.). Retrieved April 25, 2025, https://wikidea.ru/wiki/Georg_Alexander_Pick.
- 6 Wikipedia contributors. (n.d.). Pick, Georg. Wikipedia. Retrieved April 25, 2025, https://ru.wikipedia.org/wiki/Пик,_Георг.

ҒТАМР 14.25.05

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ТӨМЕНДЕУ СЕБЕПТЕРІ

А.Е. Ботабаева

П.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

С. Қажатбек

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Бұл мақалада жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің төмендеу себептері мен оның салдары қарастырылады. Мектеп, отбасы және әлеуметтік ортаның тәрбиелік ықпалының әлсіздігі оқушылардың тәртіп бұзушылыққа, буллингке және азаматтық белсенділіктің төмендеуіне, түрлі теріс салдарларға алып келеді. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі мен құндылық бағдардың бұзылуы жасөспірімдердің тұлғалық дамуына кері әсер ететіні айтылады. Мақалада осы мәселені шешудің тиімді жолдары мен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың педагогикалық тетіктері ұсынылады.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушылары, әлеуметтік-құқықтық жауапкершілік, төмендету себептері, мектеп, отбасы, әлеуметтік орта.

Қазіргі таңда қоғам алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің төмендеуі. Бұл құбылыс жасөспірімдердің мінез-құлқында, оқу үлгерімінде және қоғаммен өзара қарым-қатынасында айқын көрініс табуда. Жас ұрпақтың құқықтық мәдениетінің қалыптасуы – мемлекет пен қоғамның тұрақты дамуының маңызды көрсеткіші. Алайда соңғы жылдары оқушылар арасында тәртіп бұзушылық, буллинг, азаматтық белсенділіктің төмендеуі және құқықтық нормаларды сақтамау жағдайлары жиілеп отыр.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 44-бабында әрбір оқушының құқықтары мен міндеттері айқындалған, сонымен қатар білім алушының мектеп ережелерін сақтап, қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі қажеттігі атап көрсетілген [1, 72 б.]. Осы заң талаптарына сүйене отырып, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру тек білім беру мазмұнымен шектелмей, тұлғалық жауапкершілікті тәрбиелеумен тікелей байланысты екенін байқаймыз. Дегенмен, бұл талаптардың орындалуы іс жүзінде толық жүзеге

аспай отыр. Жасөспірімдердің әлеуметтік-құқықтық санасының төмендігі көбіне отбасындағы тәрбиенің әлсіздігімен, мектептегі тәрбие жұмыстарының жүйесіздігімен және әлеуметтік ортаның теріс ықпалымен байланысты.

Мектептегі жасөспірімдер арасындағы әлеуметтік-құқықтық жауапкершіліктің дамымай, төмендеу салдарынан тәртіп бұзушылықтар мен мектеп ережелерін сақтамау, яғни құқықтық жауапкершілік деңгейі төмен оқушылар сабаққа кешігу, сабақтан рұқсатсыз кетіп қалу, мұғалімге немесе қатарластарына дөрекі сөйлеу сияқты тәртіп бұзушылықтарға жиі барады. Сондай-ақ, оқуға мотивациясының төмендеуі, яғни өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарамау оқушылардың үлгеріміне де әсер етеді. Мұндай балалар көбіне «міндетімді орындауым керек» деген сезімді сезінбейді.

Сонымен қатар, буллинг және агрессияның көбеюі. Әлеуметтік жауапкершіліктің төмендігі өзгенің құқығын сыйламауға әкеледі. Бұл – буллинг, кибербуллинг, қорқыту сияқты әрекеттердің негізгі себебі. Мектептерде буллинг фактілері жиілеп, оқушылардың психологиялық жағдайына кері әсер етіп отыр. Мұндай үрдістер құқықтық мәдениеттің нашар дамуына, әлеуметтік нормалардың ұғынбауына және құқықтық жауапкершілікке жатпайтын әрекеттерге бейімділікке алып келеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007) мектеп оқушыларының құқықтары мен міндеттерін, тәртіп және тәрбие мәселелерін нақты реттейді. Заңның 44-бабында оқушылардың мектеп ережелері мен тәртіп нормаларын ұстану міндеті бекітілген. Сонымен қатар, «Баланың құқықтары туралы» Заңы (2002) мен «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заңдар жасөспірімдер арасындағы құқықтық жауапкершілікті арттыруды көздейді. Негізгі нормативтік-құқықтық актілерде буллинг (соның ішінде кибербуллинг) ұғымы заңнамалық түрде анықталып, осы әрекеттерге қатысты жауапкершілік шаралары қарастырылған [1, 72 б.].

Осы жерде әлеуметтік-құқықтық жауапкершіліктің дамымауынан буллинктің жиілеуіне байланысты, Қазақстанда буллинктің жиілігіне қатысты нақты статистикалық деректер бар. Мысалы, 2024 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығының HBSC (Мектеп жасындағы балалардың денсаулық тәртібі) халықаралық зерттеуіне сәйкес, әрбір сегізінші мектеп оқушысы кибербуллингке ұшырайды. Бұл зерттеу 11-15 жас аралығындағы оқушылар арасында жүргізілген және мектептегі қорқыту, психологиялық қысым сияқты құбылыстардың кең тарағанын көрсетті [2, 3 б.]. Бұл деректерге сүйенсек, қазіргі ақпараттық қоғамда балалардың қауіпсіздігі тек физикалық деңгейде ғана емес, цифрлық кеңістікте де қорғалуы тиіс. Демек, құқықтық тәрбиенің жаңа түрлері – медиасауат пен интернет жауапкершілігі бағытында жүргізілуі қажет.

Осыған қоса, «Профилактика буллинга в Казахстане: SWOT-анализ условий возникновения и развития проблемы в общеобразовательных организациях» мақаласында А. Алимбекова, М. Асылбекова, Г. Утемисова, Д.Нургалиева мектеп ішіндегі буллинктің кең таралу себептерін, сондай-ақ мектеп оқушылары мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас, ата-ана

араласуы, психологтар мен әлеуметтік педагогтардың болмауы сияқты әлсіз жақтарды талдап, мектеп деңгейінде құқықтық және тәрбие жұмыстарының жүйелілігі мен сапасын жоғарылатудың жолдарын ұсынады [3, 47 б.]. Бұл зерттеу біздің ойымызды қуаттайды, себебі құқықтық және психологиялық профилактиканы біріктірмей, мектепте тұрақты әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ету мүмкін емес екенін дәлелдейді.

Нормативтік жағынан, 2025 жылдың басынан бастап Қазақстанда «DosholIKE» атты мектептердегі буллингті болдырмау ұлттық бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама мектептерде қауіпсіз атмосфера жасау, оқушылар арасындағы құрмет пен қарым-қатынасты жақсарту, буллингке қарсы командалар құру және бақылау-реакция модельдерін енгізуді көздейді [4, 343 б.].

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне буллинг және кибербуллинг мәселелері туралы бап енгізілген. Бұл жасөспірімдер арасындағы буллинг жағдайларын заңдық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді [5, 127-2 бабы.]. Осы бастама – құқықтық жауапкершілік пен адамгершілік құндылықтарды қатар дамытуға бағытталған маңызды қадам. Бағдарлама тәжірибесі құқықтық мәдениетті арттырудың тиімді үлгісі бола алады.

Осы зерттеулерге сүйене отырып, буллингтің таралуы әлеуметтік-құқықтық жауапкершіліктің төмендеуінің салдары ретінде психоэмоционалды салдарға, оқушылар арасындағы сенімсіздікке, мектептегі оқу процесіне кері әсерге алып келетіндігін түсінуге болады. Академиялық зерттеулер көрсеткендей, буллинг жағдайларымен кездесу немесе куә болу оқушылардың психологиялық әл-ауқатын нашарлатады, олардың өзін-өзі бағалары төмендейді, мектепке баруы қаушанды күйге түседі (әлеуметтік оқшаулану, сенімсіздік).

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің төмендеуі себептерінің тағы бірі – әлеуметтік ортаның ықпалы. Әлеуметтік орта жасөспірімнің құқықтық санасы мен мінез-құлқының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Егер қоғамда құқықтық нормалар мен моральдық қағидалар әлсіресе, жасөспірімдердің девиантты мінез-құлыққа және құқық бұзушылықтарға бейімділігі артады. Бұл үрдіс ұсақ құқық бұзушылықтармен, яғни ұрлық, вандализм, қоғамдық орындардағы тәртіпсіздік сияқты әрекеттердің жиілеуімен байқалады. Мұндай тенденция, ең алдымен, әлеуметтік бақылау мен құқықтық тәрбиенің жеткіліксіздігіне байланысты қалыптасады.

Асылыбекова М. және әріптестері жүргізген *“Bullying among Kazakhstan School Learners and Overcoming Strategies”* атты зерттеу нәтижелері бойынша, зерттеуге қатысқан 224 оқушының 42,8%-ы буллинг немесе кибербуллингке ұшыраған, ал 26,3%-ы бұл әрекеттерді мектепте өз басынан өткергенін көрсеткен [6, 14 р.]. Бұл дерек мектеп ортасында құқықтық жауапкершіліктің әлсіздігін және әлеуметтік агрессияның кең тарағанын дәлелдейді. Зерттеу авторлары атап өткендей, буллинг пен кибербуллинг көбінесе құқықтық мәдениеттің төмендігінен және жазасыздық сезімінен туындайды.

Осыған ұқсас қорытындыны Күмісбеков С.К., Сабитов С.М., Акимжанова М.Т. *“Cyberbullying Prevention Problems at the Present Stage”* атты еңбегінде

келтіреді. Авторлар Қазақстан заңнамасында кибербуллингті құқықтық тұрғыдан нақты реттеу тетіктері жеткіліксіз екенін айтады [7, 85 б.]. Бұл жағдай жасөспірімдер арасында «жазасыздық» психологиясының қалыптасуына ықпал етіп, әлеуметтік-құқықтық жауапкершіліктің әлсіреуіне әкеледі. Мақалада кибербуллинктің өсуі мен құқық бұзушылықтың артуы арасындағы байланыс ғылыми тұрғыда талданған.

Құқықтық мәдениет пен әлеуметтік жауапкершіліктің төмендеуі жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық түрлеріне – маскүнемдік, темекі шегу, интернетке тәуелділікке – бейім болуына жол ашады. Күмісбеков С., Сабитов С. және Акимжанова М. өз зерттеуінде интернеттегі агрессия мен кибербуллинг арасындағы корреляцияны айқындап, құқықтық реттеудің әлсіздігі жастардың саналы әрекет жасауына кедергі келтіретінін атап өтеді. Бұл мәселе құқықтық саясаттың жеткіліксіздігімен қатар, әлеуметтік институттардың бақылау функцияларының да әлсіреуін көрсетеді.

Сонымен қатар, құқықтық сауат пен әлеуметтік белсенділіктің төмендеуі жастардың азаматтық ұстанымына тікелей әсер етеді. Жорокпаева М., Жубакова С., Кендирбекова Ж., Оразгулова А. және Шавалиева З. *“Bullying Prevention for Students in Mainstream Schools”* атты зерттеуінде Қазақстан мектептерінде буллинктің алдын алу бағдарламаларының жеткіліксіздігі мен мұғалімдер мен оқушылар арасындағы сенім тапшылығы жастардың азаматтық белсенділігін төмендететінін көрсеткен [8, 716 p.]. Зерттеуде UNICEF деректеріне сүйене отырып, 2023 жылы Қазақстандағы балалардың 63,6%-ы зорлық пен кемсітудің куәсі болған, 44,7%-ы құрбан болса, 24,2%-ы өздері басқаға күш қолданған деген мәліметтер келтірілген. Бұл статистика жасөспірімдер арасындағы құқықтық сана мен әлеуметтік жауапкершіліктің төмен деңгейін айқын дәлелдейді.

А. Жұмабаева өзінің *“Bullying in School in Kazakhstan”* (2021) атты еңбегінде мектептерде жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар нәтижесінде, агрессорлардың едәуір бөлігі отбасында зорлық-зомбылық көргенін анықтаған [9, 18 p.]. Бұл факт әлеуметтік ортаның және отбасы факторларының жасөспірімдердің құқықтық мінез-құлқына тікелей әсер ететінін көрсетеді. Осындай психологиялық және әлеуметтік факторлар құқықтық жауапкершіліктің төмендеуіне, азаматтық белсенділіктің бәсеңдеуіне және әлеуметтік тұрақсыздықтың артуына әкеледі.

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің төмендеу себептерінің тағы бірі – отбасындағы тәрбиенің жеткіліксіздігі. Отбасы – баланың құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік мінез-құлқының қалыптасуындағы ең алғашқы әрі шешуші институттардың бірі болып табылады [10, 184 б.]. Егер ата-аналар балаға ерте жастан құқықтық нормаларды, мінез-құлық талаптарын және қоғамда жауапкершілікпен әрекет ету қағидаларын түсіндірмесе, жасөспірім өзінің іс-әрекетінің әлеуметтік және құқықтық салдарын бағалауда қиналады.

UNICEF Қазақстандағы жасөспірімдер туралы зерттеуінде отбасылық өзара әрекеттестік пен ата-ананың тәрбиелік қолдауы жасөспірімнің мінез-құлқына тікелей әсер ететінін атап көрсетеді [11, 145 p.]. HBSC халықаралық

зерттеуі де ата-аналық бақылау, эмоционалды қолдау және отбасы ішіндегі тұрақты қарым-қатынастың жетіспеуі жасөспірімдердің құқықтық нормаларды сақтауының әлсіреуіне ықпал ететінін дәлелдеген [12, 276 р.]. OECD-нің Қазақстан бойынша шолуында да ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысу деңгейі төмендеген жағдайда жасөспірімдердің әлеуметтік жауапкершілігі мен мінез-құлқындағы тәуекелдердің арта түсетіні көрсетілген [13, 98 р.].

Сондықтан отбасындағы тәрбиелік әлеуеттің әлсіреуі жасөспірімнің әлеуметтік және құқықтық жауапкершілігінің толық қалыптасуына кедергі келтіріп, мектеп пен қоғамдағы тәртіпке қатысты қиындықтардың туындау қаупін арттырады.

Қорытындылай келе, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің төмендеуі – күрделі әрі көпқырлы әлеуметтік-педагогикалық мәселе екені анықталды. Демек, бұл құбылыс ең алдымен мектептегі тәрбие жұмысының әлсіздігімен, әлеуметтік ортаның теріс ықпалымен және отбасындағы құқықтық тәрбиенің жеткіліксіздігімен тікелей байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, құқықтық сауаттың төмендігі буллинг пен кибербуллингің көбеюіне, девиантты мінез-құлықтың артуына және азаматтық белсенділіктің төмендеуіне әкеледі. Сондықтан жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін арттыру тек білім беру саласының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана: ҚР Парламентінің Жаршысы, 2007. – № 20. – 151-құжат. – 72 б.

2 Health Behaviour in School-aged Children (HBSC). Қазақстан оқушыларының өмір салты факторлары туралы ұлттық есеп. – Астана: ҚР ДСМ, 2024. – 3 б.

3 Алимбекова А., Асылбекова М., Утемисова Г., Нургалиева Д. Профилактика буллинга в Казахстане: SWOT-анализ // Scientific Journal of Pedagogy and Economics. – 2024. – Т. 410, № 4. – Б. 47–65.

4 «DosbolLIKE» ұлттық бағдарламасы. – Астана: «Өркен» балалар әлауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты, 2025. – 343 б.

5 Қазақстан Республикасының ӨҚБ туралы кодексі. 127-2-бап: «Кәмелетке толмаған адамды жәбірлеу (буллинг, кибербуллинг)». – Астана: ҚР Парламенті, ресми мәтін.

6 Asylybekova M., Atemova K., Baltabayeva Zh., Mukhammed D. Bullying among Kazakhstan School Learners and Overcoming Strategies // 31st International RAIS Conference on Social Sciences and Humanities, April 6–7, 2023. – RAIS Conference Proceedings. – P. 14–20.

7 Kumisbekov S.K., Sabitov S.M., Akimzhanova M.T. Cyberbullying prevention problems at the present stage // Bulletin of the Karaganda University. Law Series. – 2022. – Issue 105(1). – P. 85–95.

8 Zhorokpayeva M., Zhubakova S., Kendirbekova Zh., Orazgulova A., Shavaliyeva Z. Bullying prevention for students in mainstream schools // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2025. – Vol. 8, No. 4. – P. 716–728.

9 Zhumabayeva A. Bullying in School in Kazakhstan. – SSRN Preprints, 2023. – 18 p.

10 Бекжанов А., Мұратова Л. Отбасы тәрбиесі және жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлқы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 184 б.

11 UNICEF Kazakhstan. Situation Analysis of Children and Adolescents in Kazakhstan. – Nur-Sultan, 2022. – 145 p.

12 Inchley J., Currie D. et al. Growing Up Unequal: HBSC 2020 International Report. – Copenhagen: WHO Regional Office for Europe, 2020. – 276 p.

13 OECD. Supporting Students, Parents and Teachers in Kazakhstan: Review of Well-being and Behaviour. – Paris: OECD Publishing, 2021. – 98 p.

ГРНТИ 14.01.33

МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ ПОДХОД В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ: ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ, ФИЗИОЛОГИЯ КАК ЕДИНОЕ ЦЕЛОЕ

Е.Т. Катанова

Магистр, старший преподаватель, Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск

З.К. Чункурова

Магистр, старший преподаватель-исследователь, Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск

С.О. Оразбекова

Магистр, старший преподаватель, Казахстанско-Американский свободный университет, г. Усть-Каменогорск

В статье рассматривается значение междисциплинарного подхода в системе высшего образования, а также особенности взаимодействия педагогики, психологии и физиологии как взаимодополняющих научных направлений. Произведён анализ понятия «междисциплинарность», его эволюции в педагогике. Акцент сделан на роли междисциплинарного подхода в формировании целостного мировоззрения и критического мышления у студентов. Междисциплинарный подход рассматривается как стратегическое направление развития современного высшего образования, обеспечивающее единство научного, практического и ценностного компонентов обучения.

Ключевые слова: междисциплинарный подход; высшее образование; педагогика; психология; физиология; интеграция наук; профессиональная подготовка; целостное развитие личности.

На протяжении длительного времени велись споры о необходимости ввода в педагогический процесс межпредметных связей. На сегодняшний день большинство педагогов и профессоров сходятся во мнении о важности междисциплинарного подхода на всех этапах обучения. Такой подход обеспечивает формирование более целостной картины мира, разносторонность подходов к решению поставленных задач, способность мыслить в разных плоскостях и категориях.

Впервые понятие «междисциплинарность» появилось в исследованиях Л.Февра и М. Блока [2, 3]. Далее этот термин был использован и Ф. Броделем в его научном труде [4]. Учёные рассматривали значимость междисциплинарного

подхода в разрезе истории и её обязательного пересечения с многими другими науками. Но не менее значима междисциплинарность и в вопросе естественно-научных исследований. На том уровне, какого сегодня достигло человечество, становится невозможным оставаться в рамках одной науки, при том желая двигать прогресс. Именно на стыке дисциплин, при том, зачастую, не менее трёх, иногда далеко не родственных на первый взгляд, сегодня зарождаются новые открытия. Доказательством данному утверждению служат сформировавшиеся относительно недавно междисциплинарные науки. Необходимость вывода их в отдельную новую ветку доказывает значимость комбинирования накопленных знаний и методов.

Междисциплинарный подход в гуманитарной сфере даёт возможность целостнее и глубже разрабатывать поставленные задачи, рассматривать процессы, протекающие в социуме, выявлять связи, анализировать и интерпретировать результаты исследований.

Междисциплинарная интеграция рассматривается как дидактическое условие повышения качества образования, поскольку она ориентирована на формирование целостной научной картины мира у обучающихся и способствует сближению содержания образования с реальной жизнью. Кроме того, междисциплинарная интеграция активизирует учебно-познавательную деятельность студентов, способствует развитию их интеллектуальных способностей, создаёт условия для более осознанного восприятия изучаемых объектов в процессе освоения школьных дисциплин. Достоинство междисциплинарной интеграции заключается также в том, что она выступает средством формирования интеллектуальных и практико-ориентированных умений, в целом оптимизирующих процесс обучения.

В отечественной педагогической науке до относительно недавнего времени преимущественно применялся термин «межпредметные связи». Именно этот термин встречается в современных педагогических словарях: «Межпредметные связи в обучении отражают интегрированный подход к образованию и воспитанию, позволяют выделить как основные элементы содержания образования, так и связи между учебными предметами» [5]. Значение межпредметных связей в обучении признавали такие классики отечественной и зарубежной педагогики, как Д. Дьюи, Д. Локк, Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, В.Я. Стоюнин, Н.Ф. Бунаков, В.И. Водовозов и др., считая, что эти связи наполняют учебный процесс осмысленным содержанием и повышают его эффективность.

Переход к новому термину «междисциплинарная интеграция» связан с появлением нового взгляда на процесс образования. Междисциплинарная интеграция – глубокий процесс, в котором междисциплинарное взаимодействие или межпредметные связи выступают конкретным инструментом достижения поставленных учебных целей. Современные зарубежные образовательные системы пришли к необходимости внедрения междисциплинарных знаний через создание междисциплинарных моделей обучения, преподавания и оценивания. Они формируются исходя из образовательных потребностей и реальных

жизненных проблем, которые имеют важное социальное значение или не могут быть решены в рамках одной дисциплины.

Педагогика – наука по самой сути своей междисциплинарная. Она во многом пересекается с другими науками.

В своей статье Г. Ибрагимов расписывает результаты своего исследования, целью которого был анализ материалов журнала «Педагогика» за 2018-2024 гг. [6]. Согласно Г. Ибрагимову, в педагогических статьях, посвященных содержательному аспекту междисциплинарности отмечается, что использование в качестве инструмента реализации междисциплинарного подхода междисциплинарного модуля, объединяющего различные образовательные области вокруг крупного проблемного вопроса, способствует усилению мотивационной функции учебного процесса. Здесь действует несколько следующих механизмов: контекстуализация, концептуализация и проблемно-прикладное обучение. Контекстуализация – это метод подачи абстрактных знаний в связке с более конкретным, например, историческим или философским контекстом. Такой формат упрощает процесс анализа и запоминания новой информации. Концептуализация действует через объединение ключевых понятий разных дисциплин. Таким образом у обучаемых формируется более универсальное и разностороннее представление, надпредметный концепт. Метод проблемно-прикладного обучения предполагает использование всех имеющихся знаний из разных научных областей для решения поставленной задачи.

В педагогике уже имеются наработки в вопросе развития междисциплинарного подхода: межпредметные связи, профессиональная направленность обучения, преемственность, единство обучения и воспитания, интегративность, проблемный и проектный методы, но данные разработки нуждаются в научно организационном и учебно-методическом обеспечении для эффективного внедрения в образовательную практику.

В зарубежной педагогической науке сформированы различные модели интеграции содержания общего образования, каждая из которых по-своему раскрывает идею междисциплинарности.

Выделяют несколько направлений:

– интеграция понятий внутри одной предметной области – объединение ключевых идей и категорий для формирования целостного представления об изучаемом материале;

– модель последовательного изучения – отдельные дисциплины сохраняют самостоятельность, однако их содержание выстроено таким образом, чтобы обеспечивать логическую взаимосвязь и преемственность понятий;

– коллективная модель – подразумевает совместное планирование курсов преподавателями разных предметов с опорой на общие или перекрещивающиеся темы;

– сетчатая (или «веб-») модель – строится вокруг одной объединяющей темы, которая служит связующим элементом для всех учебных дисциплин;

– многопоточная модель – направлена на развитие критического и системного мышления, а также социальных умений через объединение содержания различных программ вокруг одной комплексной задачи;

– интегрированная модель – фокусируется на поиске общих концепций и идей, связывающих несколько базовых предметов в единую образовательную систему;

– модель погружения – предполагает, что основную работу по интеграции знаний выполняет сам обучающийся, осваивая материал практически автономно;

– сетевая (исследовательская) модель – опирается на активное участие студентов в исследовательской деятельности, экспериментировании и практическом взаимодействии [7].

Многими авторами отмечается, что междисциплинарный подход обеспечивает более эффективное осваивание знания, понимание его структуры и позволяет применять приобретённые навыки при решении различных задач.

Педагогика взаимодействует со множеством наук, как, например, философия, социология, этика и т.д. Но в вопросе организации образования самыми значимыми оказываются психология и медицина, особенно раздел физиологии.

Психология как наука изучает психику, психическую деятельность, поведение, эмоции, мышление, память, воображение, темперамент, мотивацию и личность человека и групп людей. Педагогика использует выявленные психологией данные о процессе развития психики ребёнка, возрастных особенностей поведения, внимания, специфики мышления. Эти знания помогают педагогам разбираться в личности воспитанника, находить правильные подходы к образованию и воспитанию, соразмерять задачи и требования относительно возрастных возможностей учащегося. С учётом накопленных психологией знаний разрабатываются эффективные методы обучения и воспитания. Со своей позиции, психология получает возможность исследования психических процессов, протекающих в нервной системе во время обучения, при актах заучивания информации, вопросы значимости социализации, дисциплины для развития личности. Она изучает механизмы формирования личности и описывает эти процессы с научной точки зрения.

Из данных фактов очевидно, что между этими двумя замечательными науками, – педагогикой и психологией, – имеет место тесное взаимодействие и даже, можно сказать, взаимопроникновение.

Физиология – это наука о функционировании живого организма в целом и его составных частей (систем, органов, тканей, клеток), а также о взаимодействии организма с окружающей средой [8]. Знания, накопленные в этой области, широко используются для решения педагогических задач. Образовательное учреждение должно быть безопасным местом для учащихся, в котором, при приобретении знаний, не будет страдать состояние здоровья. Начиная с базовых правил гигиены, как мытьё рук перед едой и обязательное регулярное проветривание, заканчивая правильной посадкой во время обучения

и техникой безопасности на уроках физической культуры – всё это вносит в образовательный процесс физиология. Взаимосвязь педагогики и физиологии проявляется не только в общности их целей, направленных на гармоничное развитие и благополучие человека, но и в использовании сходных методологических подходов. Обе области опираются на наблюдение, диагностику, планирование и контроль как ключевые инструменты профессиональной деятельности.

Точки пересечения педагогики и физиологии особенно отчётливо проявляются в их практическом взаимодействии. В образовательных учреждениях – школах и детских садах – медицинские работники обеспечивают охрану здоровья обучающихся, проводят профилактические осмотры, контролируют санитарно-гигиенические условия. Педагоги и психологи, в свою очередь, часто обращаются к медицинским специалистам для получения консультаций по вопросам физического, эмоционального и когнитивного развития ребёнка, что способствует комплексной оценке его состояния и оптимальному выбору педагогических стратегий.

Таким образом, интеграция педагогики и физиологии представляет собой важное направление современного научного и практического взаимодействия, основанное на идее целостного подхода к развитию личности.

Сегодня междисциплинарный подход в области высшего образования имеет высокую актуальность. Во время обучения в ВУЗе закладываются основы профессионального мышления, полученные в школе первичные навыки комплексного решения задач получают усовершенствование и расширение, развивается умение системного восприятия мира [9].

Образовательные программы нового поколения всё чаще ориентируются не на изолированное изучение отдельных дисциплин, а на их интеграцию, что позволяет студентам видеть взаимосвязи между различными областями знаний и применять их в реальной профессиональной деятельности. Такой подход особенно востребован в педагогических университетах, где будущие специалисты осваивают знания о человеке во всём многообразии его проявлений – как биологического, психологического и социального существа.

Интеграция педагогики, психологии и физиологии в системе высшего образования способствует формированию целостного представления о закономерностях развития и функционирования человека. Понимание физиологических основ познавательной деятельности, психических процессов и педагогических принципов обучения помогает студентам осознать взаимосвязь между физическим и психическим состоянием личности, её обучаемостью, мотивацией и успеваемостью. В рамках университетских курсов это выражается в создании междисциплинарных модулей, объединяющих теоретические и практические аспекты подготовки, например, при разработке учебных кейсов, где педагогические ситуации рассматриваются одновременно с позиций физиологии и психологии.

Кроме того, междисциплинарный подход в высшей школе способствует развитию у студентов гибкости и критичности мышления, исследовательских

умений, способности к самоанализу и адаптации к профессиональным вызовам. Он формирует у будущих педагогов, психологов, врачей и специалистов смежных областей умение работать в команде, осознавать ценность знаний, полученных из разных научных сфер, и применять их для решения комплексных задач в образовательной и социальной практике. Таким образом, междисциплинарная интеграция в высшем образовании становится не просто педагогическим принципом, а стратегией подготовки компетентного, всесторонне развитого и гуманистически ориентированного специалиста.

Можно сделать вывод, что междисциплинарный подход является крайне важным элементом развития современного образовательного процесса. Такой подход даёт возможность сформировать у будущих специалистов целостный подход в своей профессиональной области, приобрести профессиональные компетенции, развить культуру научного мышления.

Литература

- 1 Елкин О.М. Использование междисциплинарности в содержании общего образования // Ценности и смыслы. – 2023. – №2 (84). – С. 116-124.
- 2 Блок М. Апология истории или ремесло историка / пер. Е.М. Лысенко; примеч. и ст. А.Я. Гуревича. – М.: Наука, 1986. – 256 с.
- 3 Февр Л. Бои за историю. – М.: Наука, 1991. – 632 с.
- 4 Бродель Ф. История и общественные науки. Историческая длительность // Философия и методология истории: сб. ст. – М.: Прогресс, 1977. 336 с.
- 5 Каленникова Т.Г., Борисевич А.Р. Словарь психолого-педагогических понятий. Для студентов всех специальностей очной и заочной формы обучения. – Минск: БГТУ – 2007. – 68 с.
- 6 Ибрагимов – «Междисциплинарный подход в педагогике» / Электронный ресурс: https://kpfu.ru/staff_files/F_413176431/Ibragimov_G.I._Mezhdis._podkhod_v_pedagogike.pdf?utm_source=chatgpt.com
- 7 Суханова Т.В., Тагунова И.А. Междисциплинарное содержание образования как новый раздел учебного плана за рубежом / Т.В. Суханова, И.А. Тагунова // Педагогика. – 2023. – №9. – С. 121-128.
- 8 Судаков К.В. Физиология. – М.: Советская энциклопедия, 1977. – С. 355–359.
- 9 Bromme R. Beyond one's own perspective: The psychology of cognitive interdisciplinarity // *Practising interdisciplinarity* / ed. by P. Weingart, N. Stehr. – Toronto: University of Toronto Press, 2000. – P. 115–133.
- 10 Davis J.R. *Interdisciplinary courses and team teaching: New arrangements for learning*. – Phoenix, AZ: American Council on Education; Oryx Press, 1995. – 208 p.

ҒТАМР 14.19.31

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУДЫ ҮЙРЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Ж.М. Жолдыбаева

*Көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі,
Әйтеке би кенті, Қазалы ауданы, Қызылорда обл.*

Бұл мақалада мектеп оқушыларына денсаулықты сақтауды үйретудің тиімді жолдары қарастырылады. Денсаулық туралы түсінік қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау, оқу процесінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану, спорттық белсенділік пен психологиялық қолдаудың маңызы атап өтіледі. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыстың оқушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастырудағы рөлі талданады.

Түйін сөздер: денсаулық сақтау, салауатты өмір салты, мектеп оқушылары, спорттық белсенділік, психологиялық денсаулық, ата-анамен жұмыс.

Елу жылда ел жаңа деген дана халқымыз. Әр бір кезеңнің қоғамда өз сұраныстары бас көтеріп, білім беру жүйесіне, мұғалімдер тарапына жаңа мақсаттар қойылып отырған. Қазіргі медицинаның, технологияның т.б. ғылымдар дамуы жоғары деңгейде. Қоғамның тазалығы, мәдениеті жас ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланыста. Жаңа педагогикалық технологиялар, ұлттық тәрбие мақсаты сауатты, рухты, ғылым біліммен сусындаған ұрпақты тәрбиелеу. Сол бағыттағы мектеп қабырғасында оқитын пәндердің бірі көркем еңбек пәні. Пән көлеміндегі авторлық бағдарлама тоғызыншы сынып оқушыларына арналады. Тақырыптар 5-9 сыныптар аралығында өткізілген материалдарды кең көлемде немесе тереңірек қайталауға, кейбір материалдарды басқа пән тізбегіндегі ақпаратпен байланыса, келесі материалдар оқушыға жаңа ақпарат ретінде ұсынылады. Бағдарлама төрт бөлімнен, отыз төрт тақырыптан тұрады. Кейбір дағдылармен оқушылар жаңадан танысады. Мысалы: фонендоскоппен қан қысымын өлшеп үйрену, шөп дәрі тұнбаларын дайындау, кондитерлік жаттығуларды орындау, көңілді топтарға арналған қызықты ойындарды жасау. Оқушының өз бойындағы ерекшеліктерін білу немесе мықты және әлсіз, қорқыныш пен мүмкіндіктерін білу өз бетінше жұмысқа, өзінің дамуына әкеп тірейді. Бағдарлама қыз балалар қауымына міндетті болғанмен ер балаларға да артық болмайтын тақырыптардан тұрады.

Бұйырғаннан артық ештеңе жоқ дейді халқымыз, дегенмен қаржылық сауаттылық, функционалды сауаттылық оқушыдан біліп ғана қоймай, таңдай білуді қажеттейді. Нарық заңдылықтарына дайындықты мектеп қабырғасынан басталып, өз бойында психологиялық көңіл күйді қалыптастыру, логикалық шешімдер қабылдау дағдылары болып табылады.

Өз ағзаңыздағы тұрақты қан қысымыңыз?

Бойыңыз бен салмағыңыздың сәйкестігі қандай?

Қан мен зәр зерттеулерінің нәтижесін білесіз ба?

Үй дәріханасына қандай таблеткаларды пайдаланасыз?

Бұл сұрақтар жауабы күнделікті тұрмыста айтыла берілмейтін қыр сырларын жинастырған.

Ыдыстарды қалай тазалайсыз деген сұрақтарға кез келген адам күнделікті қолданып жүрген фери мен химиялық қоспаларды айтады. Бірақ тәжірибені жинақтау уақытты қажет етеді. Бағдарлама осы сұрақтар төңірегінде тәжірибелерді жинақтай отырып, үй тіршілігінде керек дағдыларға қол жеткізеді.

Қазір ақпаратты табу көздері өте көп. Интернет желісі, видеоақпарат, лайфхактар, өз істерінің шеберлерінің құнды кеңестері жинақталып, авторлық бағдарлама негізін құрастырды. Бағдарлама соңында әр бір оқушы өзінің кеңес дәптерін жасайды, құрастырылған тест сұрақтарына жауап береді.

Мақаланың мақсаты, қандай да болсын топ, орта адам бойынан позитивті, ерекшелікті көргенде коммуникативті қарым қатынасқа түседі. Коммуникативті қатынас ортақ тіл табу мен бірігудің белгілері. Қытайда «өз дәретіңізді қадағалау, жазылудың басы». Жапонияда «салмақпен бойдың сәйкес келмеуі жүз аурудың басы» деген ұғымдар ден саулық қадірін көрсетеді. Ешбір ауруды жұлып ала алмайсыз, денсаулық ғылым мен білімді қажет етеді.

Қазіргі кезде смарт сағаттар, ағза анализдерінің сау көрсеткішін жазуда. Қарапайым адам өз ағзасының алғашқы қоңырауларын білу, денсаулықты сақтаудың басы.

Өз дененіздің сау көрсеткіштерін білесіз бе?

Сарымсақ «чеснок» қалай сақтаймыз?

Сантехниканы тазартудың ең арзан, оңай жолы?

Киім сандықтың ішін таза ұстау жолы?

Ашытқыны жасау жолы жоқ болған жағдайда...

Ұннан жасалатын өнімдердің сапасын арттыру..

Дақты кетірудің тиімді жолы.

Қандай ою сала аласыз

Белсендірілген көмірді пайдалана аласыз ба?

Нашатыр спирті деген не?

Нан ұзаққа сақталу үшін не істейміз?

Балды қалай тексереміз?

Ас содасын тұрмыста пайдалану.

Қарапайым адам осы сұрақтарға жауап бере алмайды. Тоғызыншы сынып оқушылары үйдегі тіршілікті және өзінің болашақ өміріне керек дағдылар деп түсінеміз.

Қазіргі кезде мектеп жасындағы балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Себебі дені сау бала ғана толыққанды білім алып, шығармашылықпен айналыса алады. Сондықтан мектепте оқушыларға денсаулық мәдениетін қалыптастыру мақсатында кешенді жұмыстар жүргізу қажет.

1. Денсаулық туралы түсінік беру.

Басты қадам – балаларға денсаулықтың мәнін түсіндіру. Мұғалімдер мен сынып жетекшілер:

– денсаулықтың физикалық, психикалық және әлеуметтік аспектілерін түсіндіруі тиіс;

– “Денсаулық күні”, “Салауатты өмір салты апталығы” сияқты танымдық іс-шаралар ұйымдастыруы қажет.

2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мектеп бағдарламасында оқушыларға дұрыс тамақтану, қозғалыс белсенділігі және жеке гигиена ережелерін үйрету маңызды.

Мысалы:

Таңертеңгі жаттығу жасау дағдысын қалыптастыру;

Жеміс-жидек пен көкөністі жиі тұтыну;

Энергетикалық сусындар мен фастфудтан бас тарту.

3. Денсаулық сақтау технологияларын оқу процесінде қолдану.

Мұғалімдер сабақ кезінде:

– сергіту сәттерін ұйымдастыру;

– көзге арналған жаттығуларды өткізу;

– дұрыс отыру, жарықтың жеткілікті болуын қадағалау сияқты қарапайым тәсілдерді қолдануы керек.

4. Спорттық және қозғалыс белсенділігі.

Физикалық белсенділік – денсаулық кепілі.

Мектепте:

спорттық үйірмелер (футбол, баскетбол, би, гимнастика); мектепшілік жарыстар, “Көңілді старттар”, “Денсаулық марафоны” сияқты шаралар ұйымдастырылуы тиіс.

5. Психологиялық денсаулықты сақтау.

Бүгінгі оқушы тек физикалық емес, психологиялық тұрғыдан да қолдауға зәру.

Психологтар мен сынып жетекшілер оқушылармен әңгіме, тренингтер жүргізуі керек;

Қарым-қатынас мәдениетін, өз эмоциясын басқаруды үйрету де маңызды.

6. Ата-анамен бірлесе жұмыс істеу.

Денсаулық мәдениеті тек мектеп қабырғасымен шектелмеуі тиіс.

Ата-аналарға арналған семинарлар, жиналыстар өткізу;

Үй жағдайында дұрыс тамақтану мен ұйқы режимін сақтау туралы кеңес беру қажет.

Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Денсаулықты сақтау мен нығайту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсе, болашақ ұрпақтың өмір сапасы артады.

“Салауатты ұрпақ – ұлт болашағы” қағидасын әр педагог өз ісінде басшылыққа алуы қажет.

Ежелгі замандарда (мысалы, көне Грекия мен Шығыс елдерінде) денсаулық ұғымы табиғатпен үйлесімді өмір сүрумен тікелей байланысты болған. Мысалы Гиппократ “Денсаулық – бұл адамның табиғатпен тепе-теңдігі” деп атап көрсеткен. Ол дұрыс тамақтану, қозғалыс пен демалыстың маңызын ғылыми тұрғыдан негіздеген. Бұл кезеңде денсаулық тәрбиесі философиялық және табиғи тұрғыдан түсіндірілді, ал адамның өмір салты денсаулықтың негізгі көрсеткіші саналды. Орта ғасыр – рухани және діни көзқарас кезеңі болды. Орта ғасырларда денсаулық сақтау діни-рухани тазалықпен байланыстырылды. Медреселер мен шіркеу мектептерінде тәртіп, гигиена және қарапайым тазалық ережелерін сақтау үйретілді. Шығыс ғалымдары – Әл-Фараби, Ибн Сина (Авиценна) еңбектерінде денсаулықты сақтау мен аурудың алдын алу туралы ілімдер жазылған. Бұл кезеңде денсаулық тек тән саулығы емес, рухани тазалық пен моральдық жауапкершілік ретінде қарастырылды. XVIII–XIX ғасырлар – ғылыми-медициналық бағыттың қалыптасуымен тарихта қалды. Бұл дәуірде медицина ғылымы қарқынды дамып, денсаулық сақтау ісі мектеп жүйесіне енгізіле бастады. Ресейде алғашқы мектеп гигиенасы пәндері пайда болды, ал Еуропада балалардың күн тәртібін, тамақтануын және қозғалысын реттеу бойынша нұсқаулықтар жасалды. Денсаулық сақтау білім беру жүйесінің маңызды бөлігіне айналып, оқушылардың физикалық дамуы басты назарға алынды.

XX ғасыр – салауатты өмір салты идеясын енгізу кезеңі болды. Кеңес дәуірінде “дене тәрбиесі”, “еңбек пен демалыс гигиенасы” сияқты ұғымдар мектеп бағдарламаларына енгізілді. Балаларға арнап спорттық секциялар, лагерьлер ұйымдастырылды. “Көңілді старттар”, “Денсаулық күні” сияқты мектепшілік шаралар дәстүрге айналды. Бұл дәуірде ұжымдық тәрбие арқылы денсаулық мәдениеті қалыптасты. Мақсат – физикалық және моральдық тұрғыдан шыныққан тұлға тәрбиелеу болды. Қазіргі заман – кешенді және инновациялық тәсілдер кезеңі болуда.

Бүгінгі таңда денсаулық сақтау тек спортпен немесе тамақтанумен шектелмейді, ол ақпараттық және психологиялық мәдениетті де қамтиды. Мектептерде “Салауатты өмір салты”, “Психологиялық денсаулық апталығы”, “Мектептегі фитнес” бағдарламалары енгізілуде.

Цифрлық технологиялар арқылы оқушылар өз денсаулығын бақылауға үйреніп жатыр (мысалы, фитнес-трекерлер, денсаулық қосымшалары). Қазіргі кезеңде денсаулық сақтау білім беру процесімен, цифрлық сауаттылықпен және экологиялық мәдениетпен тығыз байланыста дамуда.

Дәуірлерді салыстыра қарасақ:

Ежелгі дәуірде – табиғатпен үйлесім;

Орта ғасырда – рухани тазалық;

XVIII–XIX ғғ. – ғылыми негіз;

XX ғасырда – әлеуметтік және ұжымдық тәрбие;

Қазіргі заманда – инновациялық және кешенді тәсіл басым.

Осы тарихи даму нәтижесінде бүгінгі мектептерде денсаулық сақтау білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі болып қалыптасты.

Шет мемлекеттер тәжірибесі: денсаулықты сақтауды үйретудің жолдары

Финляндия – мектептегі денсаулық мәдениетінің моделі. Финляндияда білім беру жүйесінің басты ұстанымдарының бірі – “Well-being at school” (Мектептегі амандық пен саулық) қағидасы.

Негізгі тәсілдері:

Әр мектепте денсаулық сақтау бағдарламасы міндетті түрде енгізілген;

Сабақ кестесіне физикалық белсенділікті арттыру мақсатында қысқа қозғалыс үзілістері (moving breaks) енгізілген;

Ас мәзірі толық бақылауда, тек пайдалы тағамдар ұсынылады;

Әр оқушы жыл сайын медициналық және психологиялық тексеруден өтеді.

Финляндия оқушыларының физикалық және психологиялық денсаулық деңгейі Еуропадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болып саналады. Жапония – ұжымдық тәртіп пен жауапкершілік арқылы денсаулық тәрбиесі. Жапон мектептерінде денсаулық сақтау мәдениеті тәртіп пен тазалыққа баулу арқылы жүзеге асады. Мысалы оқушылардың өздері мектеп ауласын, сыныптарын тазалайды – бұл еңбекке, жауапкершілікке және санитарлық тәртіпке үйретеді. “Тамақтану сабағы” (shokuiku) атты пән бар, онда балаларға тағамның құндылығы мен дұрыс тамақтанудың маңызы үйретіледі. Таңертеңгі жиналыстарда тыныс алу жаттығулары мен қысқа гимнастика өткізіледі. Жапонияда денсаулық мәдениеті оқу-тәрбие жүйесінің табиғи бөлігіне айналған, ал мектеп оқушылары өзін-өзі басқаруға бейімделген. АҚШ – “Comprehensive School Health Program” жүйесі. Америка Құрама Штаттарында мектептегі денсаулық сақтау жүйесі кешенді бағдарлама түрінде дамыған. Дене тәрбиесі мен спорт сабақтары міндетті пән болып саналады. School nurse system – әр мектепте медбике немесе денсаулық маманы бар. Психологиялық көмек көрсету қызметі дамыған; Оқушылар мен ата-аналар үшін «Healthy Lifestyle Campaign» атты ақпараттық бағдарламалар өткізіледі.

Нәтижесінде оқушылардың өз денсаулығына жеке жауапкершілігі артып, зиянды әдеттердің алдын алу деңгейі жоғарылаған. Канада – экологиялық және әлеуметтік денсаулыққа басымдық бар. Канадада “Health-promoting schools” тұжырымдамасы іске асуда. Мақсаты оқушыларды денсаулыққа, табиғатқа және қоғамға жауапты тұлға ретінде қалыптастыру. Мысалы ашық ауада оқу (outdoor education) тәжірибесі кең тараған. Мектептерде “Eco-schools” бағдарламасы енгізілген. Балалар өздерінің физикалық белсенділігін табиғатпен байланысты ойындар мен жобалар арқылы дамытады. Канадалық модель денсаулықты экологиялық, психологиялық және әлеуметтік орта тұтастығында қарастырады. Оңтүстік Корея – цифрлық бақылау және инновациялық тәсілді пайдаланады.

Кореяда денсаулық сақтау білім беру жүйесімен бірге технологиялық инновациялармен ұштасқан. Мысалы оқушылардың денсаулығы туралы мәліметтер электронды денсаулық жүйесіне енгізіліп, ата-аналар мен дәрігерлер онлайн бақылауды ұйымдастырған. Сандық фитнес-платформалар арқылы оқушылардың физикалық белсенділігі өлшенеді. Психологиялық денсаулыққа арналған VR және онлайн-тренингтер енгізілген. Корея тәжірибесі – денсаулық сақтау мен цифрлық білімнің синтезі.

Жалпы қорытындыласақ, шет елдер тәжірибесін талдай келе, бірнеше ортақ бағытты байқауға болады. Денсаулық сақтау бағдарламалары білім жүйесінің тұрақты бөлігі. Физикалық белсенділік пен психологиялық саулыққа тең көңіл бөлінеді. Ата-аналар мен қоғамның ынтымақтастығы жоғары деңгейде және инновациялық және цифрлық шешімдер денсаулық мәдениетін қолдауға бағытталған. Қорытындылай келе, мектеп оқушыларына денсаулықты сақтауды үйрету – тек білім беру саласының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Денсаулық – адам өмірінің ең басты құндылығы, сондықтан оны сақтау мен нығайту жұмыстары мектептен басталуы тиіс. Оқу-тәрбие үдерісінде салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке гигиена мен дұрыс тамақтануды үйрету, қозғалыс белсенділігін арттыру және психологиялық қолдау көрсету – оқушының жан-жақты дамуының негізі болып табылады. Әр дәуірдің тәжірибесі көрсеткендей, денсаулық сақтау мәселесі заман талабына сай түрленіп отырады: ежелгі кезеңде табиғатпен үйлесім маңызды болса, қазіргі уақытта инновациялық және цифрлық тәсілдер басты рөлге ие. Ал шет мемлекеттер (Финляндия, Жапония, АҚШ, Канада, Корея) тәжірибесі бұл бағыттағы табыстың кілті – жүйелілік пен қоғамның қатысуында екенін дәлелдейді. Демек, оқушылардың денсаулығын сақтау мен салауатты өмір салтын қалыптастыру – келешек ұлттың рухани және физикалық дамуының кепілі. “Дені сау ұрпақ – ел болашағы” қағидасын басшылыққа ала отырып, әрбір педагог өз сабағында денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2023.
- 2 «Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасы (2020–2030 жж.)». – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі, Астана, 2020.
- 3 Жүнісбекова Г. Мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау жолдары. – Алматы: Рауан, 2021.
- 4 Төлегенова, А. Салауатты өмір салты – сапалы білім негізі. – Педагогика және психология журналы, №2, 2022.
- 5 Құсайынова, С. Бастауыш мектепте денсаулық сақтау технологияларын қолдану. – Білім – Образование, №5, 2020.
- 6 Әбділдина С. Педагогикалық үрдісте оқушылардың психологиялық саулығын сақтау жолдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
- 7 Айманова Л. Денсаулық сақтау технологиялары: мектеп тәжірибесі. – Астана: НЗМ ДББҰ, 2022.

8 Всемирная организация здравоохранения (ВОЗ). Global School Health Initiative. – Geneva: WHO, 2021.

9 OECD (Organisation for Economic Co-operation and Development). The Future of Education and Skills 2030: Health and Well-being in Schools. – Paris, 2020.

10 Finnish National Agency for Education. School Health Promotion Programme in Finland. – Helsinki, 2021.

11 Ministry of Education, Japan. Shokuiku – Food and Nutrition Education in Schools. – Tokyo, 2022.

12 U.S. Centers for Disease Control and Prevention (CDC). Whole School, Whole Community, Whole Child Model. – Atlanta, 2021.

13 Canadian Public Health Association. Health-Promoting Schools in Canada. – Ottawa, 2020.

14 UNESCO. Global Education Monitoring Report: Inclusion and Health in Education. – Paris, 2022.

15 Литвинов В. Здоровьесберегающие технологии в образовательном процессе. – М.: Академия, 2020.

ҒТАМР 14.15.00

СИПАТТАУ, БАЯНДАУ, ПАЙЫМДАУ – БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУДІҢ ТҮРЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

З.Е. Сабыржанова

*Магистрант, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университеті,
Қарағанды қ.*

Мақалада байланыстырып сөйлеудің негізгі түрлері – әңгімелеу, сипаттау, пайымдауды оқыту жолдары қарастырылады. Мақалада оқушылардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамытуда аталған сөйлеу түрлерінің әрқайсысының ерекшеліктерін, құрылымдық және мазмұндық сипаттарын талдай отырып, оларды меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынады. Сонымен қатар, мақаланың мазмұнында оқыту барысында қолданылатын жаттығулар мен тапсырмалардың түрлері көрсетілді.

Түйін сөздер: байланыстырып сөйлеу, әңгімелеу, сипаттау, пайымдау, сөйлеуді дамыту.

Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру – олардың тілдік дамуының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл міндеттің табысты жүзеге асырылуы әлеуметтік ортасына, отбасына, тілдік ортасының сапасына, баланың жеке танымдық ерекшеліктері мен белсенділігіне тікелей байланысты. Аталған факторлар мақсатты түрде жүргізілетін тілдік тәрбиенің маңызды алғышарттары ретінде қарастырылуы тиіс.

Байланыстырып сөйлеу – логика заңдарына және грамматикалық нормаларға бағынатын, ішкі тұтастағы мен салыстырмалы аяқталғандығы бар, мазмұндық жағынан бөлшектеніп, өзара байланысқан бөліктерден тұратын тілдік тұтастық ретінде қарастырылады. Белсенді сөйлеу дағдыларының дамуы әңгімелесу, суреттер мен ойыншықтарды қарастыру сияқты іс-әрекеттер барысында жүзеге асады. Бұл ретте мектепке дейінгі кезеңде сөйлеудің барлық қырлары, соның ішінде байланыстырып сөйлеуді қалыптастырудың негізі болып табылады. Байланыстырып сөйлеудің дамуы кезең-кезеңімен жүзеге асады, ол баланың ойлау қабілетінің дамуымен қатар жүреді. Бұл үдеріс баланың іс-әрекетінің күрделенуімен және айналасындағы адамдармен қарым-қатынас түрлерінің кеңеюімен тығыз байланысты [1].

Байланыстырып сөйлеу баланың жан-жақты дамуының құрамдас бөлігі болып табылады. Оны меңгеру балаға құрдастары мен ересектермен тиімді қарым-қатынас жасауға, өз сезімдерін жеткізуге, сондай-ақ сыртқы ортадан қажетті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың байланысқан мәтіндер құрастыруға үйрету барысында олардың тақырып пен негізгі ойды ашу дағдыларын, сондай-ақ мәтінге атау қою қабілетін дамыту маңызды болып табылады. Байланысқан пікірді ұйымдастыруда интонацияның маңызы зор, сондықтан әр сөйлемдегі интонацияны дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру мәтіннің құрылымдық бірлігі мен мағыналық тұтастығын қамтамасыз етеді [2].

Ақпаратты беру тәсіліне немесе баяндау әдісіне байланысты келесі сөйлем түрлері ажыратылады: сипаттау, баяндау, пайымдау. Байланыстырып сөйлеуді дамыту үшін аталған сөйлем түрлерін құрастыру дағдыларын дамытуды қамтиды. Сөйлеуді дамыту дағдыларын меңгеру үшін оның байланыстылығы мен тұтастығы сияқты сапаларын дамыту міндетті болып табылады. Аталған дағдылар коммуникациялық бағыттылықпен, баяндау логикасымен, құрылымымен және тілдік құралдарының белгілі бір ұйымдастырылуымен ерекшеленеді.

Сипаттау – нысанның анықтамасы мен атауынан басталады. Одан кейін нысанның белгілері, қасиеттері, сипаттары мен әрекеттері тізбектеледі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға ойыншықтарды, сюжеттік немесе заттық суреттерді, олардың идеясын, осыдан басқа жануарларды, табиғат құбылыстарын, адамдарды сипаттауды үйретеді.


Баяндау – сюжеттің уақыт бойынша дамуы мен логикалық тізбектілікпен баяндалуы. Баяндаудың негізгі мақсаты – іс-әрекеттің дамуы немесе нысанның күйін, яғни бір-бірімен кейінгі оқиғалар, көріністер мен сахналарды жеткізу. Мектепке дейінгі жастағы балалар әртүрлі баяндамалық мәтіндер құра алады: ертегілік оқиғалар, шынайы әңгімелер, бір суретке немесе сюжеттік суреттер сериясына арналған әңгімелер.

Пайымдау – себеп-салдарлық байланыстарды, баға беруді және сұрақтарды қамтитын мәтін түрі. Мектепке дейінгі жастағы балаларда логикалық ойлау, пайымдау, түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды жасау, айтылғанды жалпылау дағдыларын дамытуға ерекше мән берілуі қажет. Бұл қабілеттер дәл осы пайымдау түріндегі сөйлеу барысында қалыптасады [3].

Жоғарыда аталған сөйлеу түрлері мектепке дейінгі жастағы балалардың байланыстырып сөйлеуінде аралас түрде кездесуі мүмкін, яғни сипатама немесе пайымдау элементтері баяндауда, немесе керісінше болуы мүмкін. Байланыстырып сөйлеудің дамуы ең алдымен сөздік қорының молаюына, сөздің мағыналық жағын меңгеруге тікелей байланысты. Сөздің мағыналық жағын меңгеру байланысты сөйлеудің дұрыстығы, нақтылығы, көркемдігі сияқты жақтарын дамытуға, сондай-ақ мағынаға сәйкес келетін, ойды дәл жеткізетін тілдік құралдарды еркін таңдауға мүмкіндік береді. Байланысты сөйлеуді дамыту міндеті тілдік дағдылардың басқа аспектілерімен, атап айтқанда ана тілінің лексикалық байлығын меңгерумен, дұрыс грамматикалық және

фонетикалық құрылыммен тығыз байланысты. Байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру барысында мектепке дейінгі жастағы балаларды әртүрлі сөйлеу түрлерін – баяндау, сипаттау, пайымдау – олардың құрылымын сақтай отырып құрастыру дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Балалар өз кезегінде, кез келген сөйлемнің құрылымын – бастамасы бар ма, сюжет қалай дамиды, аяқталуы бар ма – саналы түрде талдауы тиіс.

Сюжеттік сурет сериясы – бұл әрбір суреті әңгіменің жеке бір эпизодын бейнелейтін ерекше баяндамалық мәтін моделі. Мұндай көрнекілік баяндау мәтіннің жалпы құрылымын көрсетуге, оқиға мен оның дамуы, композиция туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сюжеттік суреттер балалардың тек сипаттау ғана емес, сондай-ақ баяндау дағдыларын дамытуға қызмет етеді. Суретті сипаттау кезінде балалар өз қабылдауына сүйенеді. Ал баяндауды құру үшін қабылдаумен қатар балалардың шығармашылық қиялы іске қосылады, бұл оларға суретте бейнеленген оқиғалардан бұрын және кейін болған түрлі жағдайларды ойлап табуға мүмкіндік береді. Балаларды сюжеттік суреттер сериясы бойынша баяндамалық әңгімелер құрастыруға үйрету – балалар үшін қызықты тапсырма болып табылады, өйткені 3-4 сурет оқиғалардың дамуын ретімен көрсетеді. Бұл жағдайда балалар суреттердің мазмұнын “көріп”, оларды дұрыс логикалық ретпен орналастыру және үздіксіз әңгіме құрастыру қабілеттеріне ие керек болуы керек. Аталған дағдылар шамамен бес жасқа қарай қалыптасады.



Сурет 1. Н.Радловтың “Рассказы в картинках” атты сюжеттік суреттерінің бірі.

Құрылыс саласындағы энергияны үнемдеу мәселесінің өзектілігі, жылу шығындарын азайту және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту қажеттілігіне байланысты туындайды. Қазақстан Республикасында тұрғын үй қорының едәуір бөлігін энергия сыйымдылығы жоғары аз қабатты үйлер құрайды, бұл олардың терможаңғырту мәселесін ерекше маңызды етеді. Энергия сыйымдылығын төмендету мақсатына қол жеткізу үшін 2012 жылы елімізде «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [1].

Аз қабатты азаматтық ғимараттардың жылу тиімділігін арттырудың басты мақсаты, энергия тұтынуды азайту және өмір сүру жайлылығын арттыру болып табылады. Елімізде аз қабатты тұрғын үйлердің басым бөлігі өнеркәсіптік тұрғын үй құрылысы кезеңдерінде (1958-1990) салынды, бұл кезеңдерде энергия тиімділігіне емес, құрылыстың жылдамдығы мен құнына назар аударылды [2]. Нәтижесінде көптеген ғимараттарда:

- тиімсіз конструктивті шешімдеріне;
- құрылыс материалдарының төмен сапасына;

– заманауи оқшаулағыштар мен герметикалық терезе жүйелерінің болмауына және т.б. байланысты жылу шығыны көрсеткіштері жоғары болып табылады.

Ғимараттың жылу тиімділігі оның сыртқы қоршау құрылымдары – қабырғалар, төбелер, жабындар, терезелер және есіктер арқылы жылу жоғалуына қарсы тұру қабілетін сипаттайды. Зерттеулер көрсеткендей, жылу шығындарының 18%-на дейін бөлігі сыртқы қабырғалар арқылы өтеді. Бұл олардың ауданымен және сыртқы ортамен тікелей байланысымен түсіндіріледі. Демек, қабырғаларды салу кезінде қолданылатын конструктивті шешімдер ғимараттың энергияны үнемдеуіндегі жалпы деңгейіне шешуші әсер етеді [3].

Қоршау конструкцияларының жылу қорғау қасиеттерінің негізгі критерийі – жылу беру (термиялық) кедергісі R , $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C} / \text{Вт}$ болып табылады. Бұл көрсеткіш материалдың немесе конструкцияның жылу ағынының іштен сыртқа берілуіне қарсы тұру қабілетін сипаттайды. ҚР ЕЖ 2.04-107-2022 Е – қосымшасына сәйкес, көп қабатты қоршау конструкциясының біртекті қабатының, сондай-ақ бір қабатты қоршау конструкциясының термиялық кедергісі R , $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C} / \text{Вт}$ мына формула бойынша анықталуы керек:

$$R = \delta / \lambda$$

мұндағы δ – қабаттың қалыңдығы, м; λ – қабат материалының жылу өткізгіштігінің есептік коэффициенті, $\text{Вт} / (\text{м} \cdot ^\circ\text{C})$. [4].

Жүйелі орналастырылған бірнеше біртекті қабаттары бар қоршау конструкциясының термиялық кедергісі R_0 , $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C} / \text{Вт}$, жеке қабаттардың термиялық кедергісінің жиынтығы ретінде анықталуы керек:

$$R_0 = R_{si} + \sum_{i=1}^n \frac{\delta_i}{\lambda_i} + R_{se}$$

мұндағы R_{si} – қоршау конструкцияларының ішкі бетінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт} / (\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$; R_{se} – суық кезең жағдайлары үшін қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру коэффициенті, $\text{Вт} / (\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C})$; n – сыртқы ауаға қатысты қоршау конструкцияларының сыртқы бетінің жағдайына байланысты қабылданатын коэффициент.

Жылу беру кедергісінің нормативтік (талап етілетін) мәнін белгілеу үшін ҚР ҚН 2.04-07-2022 6-бөлімінде келтірілген тәуелділік қолданылады:

$$R_0^{\text{TP}} = a \cdot \text{ЖКГТ} + b$$

Мұндағы R_0^{TP} қажетті жылу беру кедергісі $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C} / \text{Вт}$;

ЖКГТ – құрылыс ауданының градус-тәулігі, $^\circ\text{C} \times \text{тәулік}$;

a , b – мәндері ғимараттардың тиісті топтары үшін ҚР ҚН 2.04-07-2022, қоршау конструкцияларының жылу беруіне талап етілетін кедергінің базалық мәні көрсетілген 4-

кестенің деректері бойынша қабылдануы тиіс коэффициенттер. Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін келесі коэффициенттер қабылданады: $a = 0,00035$; $b = 1,4$.

Ғимараттардың энергия тиімділігін арттыру жылу оқшаулағыш материалдар өнеркәсібінің дамуымен тікелей байланысты. Қоршау конструкцияларының нормативті жылу өткізгіштігін қамтамасыз ету қабілеті және құрылыс элементтерінің ұзақ қызмет ету мерзімділігі оқшаулағыш материалдардың сапасы мен қасиеттеріне байланысты.

Статистикалық және маркетингтік деректерді талдау негізінде Қазақстандағы жылу оқшаулағыш материалдар нарығының үлесін келесіндей бөлуге болады:

Материалдың түрі	Шамамен нарық үлесі, %	Негізгі қолдану аясы
Минералды мақта (<i>тас мақта, шыны мақта</i>)	40–45	Қасбеттерді, жабындарды, жақтау қабырғаларын оқшаулау
Пенополистирол (<i>ПСБ, XPS</i>)	30-35	Сыртқы қабырғалар, жөртөлелер, едендер, шатырлар
Пенополиуретан	10-12	Құбырлар, қасбеттер, жабындар
PIR плиталары	5-7	Энергияны үнемдейтін қасбеттер, шатыр панельдері
Басқалары (<i>аэрогельдер, сұйық жабындар және т. б.</i>)	3-5	Арнайы конструкциялар, қайта құру

Зерттеу нәтижесі бойынша:

1. «Темірбетон + пенополиуретан» конструкциясы жылу берудің нормативтік кедергісін қамтамасыз етеді және жылу техникалық сипаттамаларының тұрақтылығымен ерекшеленеді;

2. «Кірпіш + минералды мақта» конструкциясы да нормаларға сәйкес келеді және жоғары термиялық және өрт сенімділігін көрсетеді;

3. «Газдалған бетон + минералды мақта» конструкциясы нормативтік мәндерге жақындайды, бірақ толық сәйкестікті қамтамасыз етпейді, бұл газ бетонының денесіндегі кеуектілікпен және ылғал жинаумен, сондай-ақ жылу оқшаулағыш қабаттың жеткіліксіз қалыңдығымен байланысты.

Темірбетон жоғары жылу өткізгіштікпен және жылу берілісіне төмен меншікті кедергімен сипатталады. Бұл минималды жылу өткізгіштігі, ылғалға төзімділігі және бетіне жақсы адгезиясы бар жылу оқшаулағыш материалды қолдануды қажет етеді. Пенополиуретан (ППУ) жылу өткізгіштіктің төмен коэффициентіне ие және суық көпірлердің пайда болуын болдырмай, негізге тығыз жанасатын жіксіз тұтас жылу оқшаулағыш қабат құрайды. Жабық ұялы құрылымның арқасында пенополиуретан ылғалды сіңірмейді, бұл әсіресе ылғалдануға бейім темірбетон конструкцияларының жылу тиімділігін арттыруда маңызды. Бұдан басқа, пенополиуретан температуралық ауытқуларға төзімді және мұздату және еріту кезінде пайдалану қасиеттерін жоғалтпайды, бұл оны Қазақстанның климаттық жағдайлары үшін оңтайлы материал етеді. Осылайша, темірбетон қабырғасы үшін пенополиуретан материалын таңдау оқшаулаудың

минималды қалыңдығымен және жабынның беріктігімен жоғары жылу қорғанысына қол жеткізу қажеттілігіне байланысты болды.

Кірпіштің жылуды жинақтау қабілеті жақсы және бу өткізгіштігі салыстырмалы түрде жоғары, бұл су буын өткізуге және табиғи ылғал алмасуды қолдауға қабілетті жылытқышты қолдануды талап етеді. Минералды мақта осы талаптарды толығымен қанағаттандырады: ол жоғары бу өткізгіштікке ие, бұл қалауда ылғалдың жиналуын және шық нүктесінің қабырғаға қарай жылжуын болдырмайды. Бұдан басқа, минералды мақта жанбайтын материал (НГ класы) болып табылады, бұл тұрғын үй ғимараттарының қасбеттерін орнату кезінде ерекше маңызды. Ол ұзақ уақыт бойы пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігін және жылу техникалық сипаттамалардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Осылайша, кірпіш қабырғалар үшін минералды мақтаны таңдау үш фактордың үйлесіміне байланысты: бу өткізгіштік, өрт қауіпсіздігі және қасбет жүйесінің ұзақтығы.

Газдалған төмен жылу өткізгіштігімен ерекшеленеді, алайда қалыңдығы 400 мм болған кезде жылу беруге кедергінің мәні тек нормативтік мәнге ғана жақындайды, алайда конструкция жылуды қорғау талаптарын толық қанағаттандырмайды. Бұл шешімнің артықшылығы жүйенің жоғары бу өткізгіштігі және қабаттар арасындағы тұрақты ылғал алмасуы болып табылады, ол конденсацияны болдырмайды және қабырғаның жылу техникалық қасиеттерін сақтайды.

Осылайша, есептеулер нәтижесі: азаматтық ғимараттар үшін ең тиімді жылытқыштар пенополиуретан және минералды мақта болып табылатынын растады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 541-IV Заңы.

2 Фокин К.Ф., Васильев Б.Р. Энергосбережение в строительстве // Москва: Стройиздат, 2012.

3 Иванова Ю.В., Федорова И.В., Кадокова С.Ю. Методы повышения тепловой защиты стеновых конструкций зданий // Инженерный вестник Дона, №6, 2023.

4 ҚР ЕЖ 2.04-107-2022 Ғимараттардың жылу қорғанысы (Е қосымшасы).

ГРНТИ 73.41.41

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БЕСПИЛОТНЫХ ЛЕТАТЕЛЬНЫХ АППАРАТОВ ДЛЯ ПЕРВИЧНОЙ ВИЗУАЛЬНОЙ ДИАГНОСТИКИ КАРЬЕРНОЙ ТЕХНИКИ И СНИЖЕНИЕ ПРОСТОЕВ В ГОРНОДОБЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ

Б.Б. Танирберген

*Магистрант, Карагандинский технический университет имени А.Сагынова,
г. Караганда*

Н.Б. Жаркенов

*Руководителя проекта, Карагандинский технический университет имени
А.Сагынова, г. Караганда*

В работе представлена функциональная модель процесса «Drone Pre-Inspection» для первичной визуальной диагностики карьерных автосамосвалов с использованием БПЛА. Модель включает этапы планирования миссии, сбора данных с применением RGB – и тепловизионных камер, автоматической обработки изображений и интеграции результатов в систему технического обслуживания. Показано, что применение БПЛА позволяет значительно сократить время диагностики, повысить качество выявления дефектов и уменьшить неплановые простои техники. Полученные результаты подтверждают эффективность внедрения дрон-инспекций в горнодобывающей промышленности.

Ключевые слова: БПЛА; дрон-диагностика; карьерные автосамосвалы; визуальная диагностика; техническое обслуживание; компьютерное зрение; тепловизионная съёмка; функциональное моделирование; диагностические задержки; неплановые простои; горнодобывающая промышленность.

Горнодобывающая промышленность относится к числу отраслей с высокой капиталоемкостью, интенсивностью использования техники и повышенными требованиями к непрерывности производственного цикла. Современные исследования показывают, что значительная доля отказов карьерной техники – от повреждений шин до перегрева агрегатов и утечек рабочих жидкостей – может быть выявлена на ранних стадиях при условии своевременной и качественной визуальной диагностики. Однако традиционные методы осмотра обладают рядом существенных ограничений: они требуют

непосредственного присутствия персонала вблизи тяжёлой техники, зависят от человеческого фактора, ограничены погодными условиями и не всегда позволяют детально обследовать труднодоступные участки. В условиях круглосуточной работы карьеров это приводит к задержкам в выявлении дефектов, ошибкам в оценке состояния узлов и увеличению вероятности внезапных отказов, что, в свою очередь, влечёт значительные простои и финансовые потери.

Дроны, оснащённые RGB-камерами высокого разрешения и тепловизорами, способны за считанные минуты выполнить детальный обход автосамосвала, выявить признаки дефектов, получить видеоматериалы из труднодоступных зон, сформировать цифровой архив состояния узлов и, при интеграции с алгоритмами компьютерного зрения, выполнять автоматический анализ полученных данных. Однако, несмотря на технологический прогресс, вопрос практического применения БПЛА именно для диагностики карьерных автосамосвалов остаётся недостаточно изученным. Научная литература содержит ограниченное количество работ, посвящённых оценке влияния дрон-осмотров на структуру простоев, показатели надёжности, коэффициент технической готовности и экономическую эффективность эксплуатации техники. Не разработаны полноценные функциональные модели интеграции БПЛА в систему технического обслуживания, отсутствуют сравнения с традиционными методами визуального контроля и математические оценки потенциального экономического эффекта.

Основными целями являются:

1. Обоснование применения беспилотных летательных аппаратов для первичной визуальной диагностики карьерных автосамосвалов;
2. Разработка функциональной модели процесса «Drone Pre-Inspection», описывающей последовательность операций, информационные потоки и ключевые технические этапы применения БПЛА для первичной визуальной диагностики карьерных автосамосвалов. Проведение сравнительного анализа традиционных и беспилотных методов визуального осмотра;
3. Оценка влияния дрон-инспекций на техническую готовность карьерной техники;
4. выполнение технико-экономической оценки эффективности внедрения беспилотной диагностики на горнодобывающих предприятиях.

Современные работы по надёжности горной техники фокусируются на статистическом анализе отказов и моделировании структуры простоев. В статье M.J. Rahimdel предложен байесовский подход к анализу надёжности парка карьерных автосамосвалов: строится диаграмма надёжности, дерево отказов и динамическая байесовская сеть, что позволяет учитывать логические связи между узлами и оценивать вероятность отказа на уровне системы [1].

Такой подход даёт возможность выявлять критические элементы, влияющие на общую надёжность и интервалы между отказами.

Продолжая эту линию, A.R.Z. Hossein и соавторы анализируют человеческий фактор в обслуживании и ремонте карьерных самосвалов, также

опираясь на байесовские сети для оценки вероятности ошибок персонала в условиях неопределённости [2].

Показано, что ошибки обслуживающего персонала существенно влияют на частоту отказов и продолжительность простоев, что подчеркивает необходимость инструментов, снижающих зависимость диагностики от человеческого фактора.

Отдельный блок исследований связан с анализом ремонтпригодности и структуры простоев. В работе M. Dashtaki и соавторов предложен новый метод анализа ремонтпригодности и простоев горных машин на примере флота карьерных экскаваторов (gore shovels) в открытом карьере. Авторы показывают, что 80 % ремонтов выполняется в пределах одной смены (< 7 ч), а 100 % – менее чем за 45 ч, и детально разбирают композицию простоев. [3]. Эти результаты демонстрируют важность структурного анализа времени от отказа до восстановления (ремонт, диагностика, организационные задержки), но не затрагивают использование новых средств визуальной диагностики.

Работы, посвящённые эффективности оборудования и стратегии обслуживания, развивают тему на уровне производственных систем. Соавторы Gutiérrez-Diez предложили методику оценки эффективности горного оборудования, связывая показатели простоя с управлением процессом, графиком работы и программой обслуживания на основе многолетних данных [4]. В других исследованиях по предиктивному обслуживанию подчёркивается, что для критического оборудования (в том числе самосвалов и погрузочных машин) традиционные планово-предупредительные стратегии недостаточны, а внедрение алгоритмов предиктивного мониторинга позволяет уменьшить неплановые простои и затраты на ремонт [5]. Различия во времени проведения визуальной диагностики при использовании ручного метода и технологии БПЛА демонстрируют существенное сокращение продолжительности осмотра (см. рис.1).




Рисунок 1.

Структура неплановых простоев автосамосвала позволяет количественно выделить долю диагностических задержек (см. рис. 2).




Рисунок 2.

Дрон-инспекции обеспечивают более высокий охват труднодоступных зон, снижают влияние человеческого фактора и сокращают диагностические задержки, что повышает эффективность технического обслуживания (см. таб.1).

Таблица 1. Сравнение ручной и дрон-диагностики карьерной техники.

Параметр	Ручная диагностика	Дрон-диагностика (БПЛА)	Экономия / улучшение
Время диагностики	25–40 мин	5–7 мин	≈ 80–85 % быстрее
Охват труднодоступных зон	Ограниченный; требуется подъём, лестницы, остановка машины	Полный обзор сверху, сбоку, под рамой; доступ к труднодоступным зонам без остановки	Повышение охвата на 60–70 %
Человеческий фактор	Высокий: усталость, пропуск дефектов	Низкий: алгоритмы CV фиксируют мелкие повреждения	Снижение ошибки на 30–50 %
Безопасность персонала	Средняя: необходимо находиться рядом с тяжёлой техникой	Высокая: персонал находится за пределами опасной зоны	Рост безопасности на 90–100 %
Стоимость диагностики	Стоимость рабочего времени + простои	Разовый запуск БПЛА + автоматизация	Экономия 20–40 %

Экономический эффект от внедрения беспилотной визуальной диагностики определяется снижением неплановых простоев карьерных автосамосвалов и, соответственно, уменьшением затрат, связанных с потерей производственного времени. В расчётах используется базовое значение простоев 120 ч/год и их снижение до 70–90 ч/год при регулярных дрон-инспекциях [6]. Стоимость одного часа простоя крупногабаритных самосвалов САТ оценивается в диапазоне 2500–5500 USD, что позволяет получить годовую экономию от 100 тыс. до 220 тыс USD на одну машину при сокращении простоев на 40 часов [7]. Модельные значения подтверждают, что даже умеренное уменьшение

диагностических задержек обеспечивает существенное снижение финансовых потерь. При масштабировании на парк техники экономия возрастает пропорционально, что подчёркивает высокую экономическую значимость внедрения беспилотных технологий в систему технического обслуживания.

Функциональное моделирование процесса «Drone Pre-Inspection».

Функциональная модель отражает последовательность действий и информационные потоки при использовании БПЛА для первичной визуальной диагностики карьерной техники.

Этап 1. Планирование миссии БПЛА.

Временные окна полётов согласуются с производственным графиком (между рейсами, на стоянках).

В миссию включаются зоны осмотра самосвалов: шины, подвеска, днище, кузов, рама, гидролинии, топливные магистрали.

Этап 2. Сбор данных.

БПЛА выполняет облёт по заранее заданной траектории с использованием:

- RGB-камеры высокого разрешения;
- тепловизионной камеры (для выявления перегрева подшипников, тормозов, электродвигателей);
- (опционально) глубинных камер/лидара.
- Данные по каждому самосвалу маркируются идентификаторами техники и временными метками.

Этап 3. Первичная обработка (на борту или на сервере).

- Алгоритмы компьютерного зрения автоматически выявляют:
- трещины и деформации рамы/кузова;
- аномалии в износе шин;
- подтёки масла, топлива, охлаждающей жидкости;
- локальные перегревы (по тепловизионным данным).
- ResearchGate+1
- Результаты классифицируются по критичности (критический дефект / требующий наблюдения / без замечаний).

Этап 4. Интеграция с системой ТО.

Обнаруженные дефекты автоматически формируют заявки в системе управления ТО (CMMS/ERP), аналогично подходам PreventiveHQ и HVI, где фото– и видео-документация привязана к конкретным работам [8].

PreventiveHQ+1 для критических дефектов система инициирует немедленную остановку самосвала и внеплановый ремонт до выхода на линию [9].

Этап 5. Обратная связь и обучение модели.

Фактические данные о ремонте (подтверждён ли дефект, какие работы выполнены, сколько часов простоя) возвращаются в модель.

Обновляются веса и пороги алгоритмов компьютерного зрения и байесовских сетей (self-learning), что постепенно повышает точность диагностики и снижает долю ложных срабатываний.

Полученные результаты подтверждают, что дрон-инспекции существенно сокращают диагностические задержки и неплановые простои, что согласуется с тенденциями, отмеченными в исследованиях по повышению ремонтпригодности горной техники. Однако моделирование основано на усреднённых данных, а влияние условий конкретного карьера и типа оборудования требует дальнейших эмпирических исследований.

Проведённое исследование подтвердило, что использование БПЛА для первичной визуальной диагностики карьерных автосамосвалов существенно повышает эффективность технического обслуживания и снижает неплановые простои. Разработанная функциональная модель процесса «Drone Pre-Inspection» демонстрирует значительные преимущества по времени, качеству и безопасности диагностики. Однако влияние специфических условий карьеров, особенностей моделей техники и точность алгоритмов компьютерного зрения требуют дальнейших эмпирических исследований. Дальнейшая работа должна быть направлена на расширение базы данных, тестирование моделей на разных площадках и улучшение систем самообучения.

Литература

1 Рахимдел М.Дж. Байесовский сетевой подход к анализу надёжности карьерных самосвалов. *Sci Rep* 14, 3415 (2024). <https://doi.org/10.1038/s41598-024-52694-0>.

2 Закер Хоссейн А.Р., Саяди А.Р., Рахимдел М.Дж., Моради М.Р. Анализ надёжности персонала при техническом обслуживании и ремонте карьерных самосвалов: подход на основе байесовских сетей // *Heliyon*. – Elsevier, 15.08.2024.

3 Резаи Даштаки М., Джандаги Джафари А., Хосейни С. Х. Разработка нового метода анализа ремонтпригодности и простоев горнодобывающей техники // *Scientific Reports*. – 2025. – Т. 15.

4 Гутьеррес-Диес Х.К. Анализ устойчивости карьерных откосов методом XYZ // *Journal of Mining Science*. – 2023. – Т. 59. – № 4. – С. 112–124.

5 Чамби Н., Шанга С., Ортис Х., Санга А., Санга П., Манрике Р., Лу-Чан-Сай Х. Профилактическое обслуживание подземного горнодобывающего оборудования с использованием искусственного интеллекта // *Eng.* – 2025. – Т. 6, № 10.

6 Краткое руководство по времени безотказной работы майнинга. https://heavyvehicleinspection.com/fleet-management/uptime/mining-uptime-executive-brief?utm_source.

7 Устранение проблем с простоем грузовых автомобилей: руководство по удаленному обслуживанию в 2025 году. https://www.mchpartsny.com/post/fixing-haul-truck-downtime-issues-remote-parts-strategy-guide-2025?utm_source.

8 PreventiveHQ: Professional preventive maintenance management software for every industry. Available at: <https://preventivehq.com/>.

9 HVI (Heavy Vehicle Inspection & Maintenance): Cloud-based inspection, maintenance and fleet management platform. Available at: <https://heavyvehicleinspection.com>.

SRSTI 67.13.31

REAL TIME DIGITAL EVALUATION OF CONCRETE SLUMP FLOW USING VISUALIZATION AND SMART SENSORS

Abdul Majeed Dehnawi

Master's Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana

Sh.Zh. Zharassov

PhD, Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana

Concrete workability plays a crucial role in ensuring the strength, durability, and quality of construction projects. Traditional slump testing methods, though simple and widely adopted, often suffer from human error, limited reproducibility, and an inability to capture the real-time dynamic behavior of concrete mixtures. Recent advances in sensing, imaging, and visualization technologies have transformed the way engineers assess fresh concrete. By integrating smart sensors and digital imaging, it is now possible to monitor slump flow behavior automatically and in real time, enabling data-driven quality control and process optimization. This article explores the evolution of visualization techniques and sensor-based systems for assessing concrete workability. It examines the theoretical background of concrete flow behavior, highlights the limitations of conventional testing, and discusses how digital technologies can improve precision and reliability. The paper concludes that the integration of sensing and visualization systems offers a path toward smart, sustainable, and high-quality construction practices.

Key words: concrete workability; slump flow; self-compacting concrete; visualization; sensors; digital imaging; real-time monitoring; computer vision; smart construction; data analytics.

Introduction.

Concrete is the backbone of modern infrastructure, valued for its versatility, availability, and cost-effectiveness. However, maintaining consistent workability during mixing and placement remains one of the greatest challenges in construction practice. Workability defines how easily concrete can be mixed, transported, placed, and finished without segregation or loss of homogeneity [1].

The traditional slump test has served as the standard method for measuring workability for decades. While it provides a simple visual indicator, it captures only a static snapshot of flow and is susceptible to human interpretation errors. The

introduction of high-performance concretes such as Self-Compacting Concrete (SCC) has exposed the limitations of manual slump testing, as SCC's behavior is governed by more complex rheological factors (Figure 1).



Figure 1. Traditional slump test.

In this context, modern sensing and visualization technologies have emerged as promising tools to provide objective, repeatable, and real-time assessments of concrete flow. These innovations transform traditional testing into a digital, data-rich process that supports automation and smart construction [2].

Sensor-Based Measurement Systems.

Smart sensor technologies have revolutionized material testing by enabling the capture of multidimensional, high-resolution data in real time, allowing for a much deeper understanding of material behavior during the early stages of concrete production. Unlike traditional testing methods that rely on surface observations or periodic sampling, sensor-based systems continuously monitor the internal conditions of fresh concrete throughout mixing, transportation, and placement. These sensors can measure parameters such as temperature, vibration, humidity, and ultrasonic wave propagation, providing detailed insights into the concrete's internal dynamics, setting characteristics, and hydration processes [3].

Temperature sensors, for example, help track the heat of hydration and identify potential risks of thermal cracking, while ultrasonic sensors detect stiffness evolution and strength gain by measuring wave velocity changes as the concrete transitions from a fluid to a solid state. Vibration and acceleration sensors can also assess flowability and compaction efficiency, offering a non-destructive means to evaluate workability on site.

Modern sensor systems are now often integrated with wireless networks and data loggers, enabling remote data acquisition and real-time visualization through digital dashboards or mobile devices. Such integration supports continuous quality monitoring, reduces human error, and provides immediate feedback for process optimization. Furthermore, the advent of Internet of Things (IoT) technologies has expanded the capabilities of these systems, allowing multiple sensors to work collaboratively across different construction sites (Figure 2) [4].




Figure 2. Concept of kinect camera frame {C} and slump frame {S}. v is the unit vector on the Z-axis of slump frame {S}[5].

Ultrasonic monitoring systems detect stiffness evolution by measuring wave velocity through the material, providing valuable insight into the setting and hardening processes of fresh concrete. These systems can identify subtle variations in internal structure long before visible changes occur, making them ideal for continuous quality monitoring [6].

Vibration-based sensors, on the other hand, can relate the dynamic response of concrete to its flow and compaction properties, helping to evaluate parameters such as viscosity and yield stress with high sensitivity.

Furthermore, wireless sensor clusters and IoT-based devices now enable seamless data transmission to cloud platforms for real-time analysis and visualization. Such integration allows engineers and researchers to remotely monitor multiple tests simultaneously, analyze trends, and make quick adjustments during production. These innovations not only enhance precision but also significantly reduce testing time, human intervention, and labor costs, marking an important step toward fully automated, data-driven concrete manufacturing and intelligent construction systems.

Visualization Techniques and Digital Imaging.

Visualization plays a vital role in understanding concrete's dynamic flow characteristics and offers an essential bridge between experimental observation and digital analysis. High-resolution cameras and computer vision algorithms can accurately track and quantify the spread behavior of concrete during the slump flow test, allowing for objective assessment of its rheological properties. From the captured images, parameters such as spread diameter, flow rate, circularity, and flow symmetry can be extracted with remarkable precision. These parameters provide valuable data to evaluate flow uniformity, segregation resistance, and the overall workability of the mix—factors that directly influence the strength and durability of hardened concrete.

Visualization techniques originally developed in other scientific disciplines—such as biomedical imaging, fluid dynamics, and marine visualization—have been successfully adapted to the study of construction materials. For instance, another researcher demonstrated that imaging of elastic wave propagation in concrete enables detailed examination of internal structures, defects, and dynamic responses under loading. This interdisciplinary adaptation underscores the versatility and diagnostic power of visualization methods in civil engineering research .

When combined with artificial intelligence and advanced image-processing algorithms, visualization can automatically classify flow patterns, detect anomalies in mix uniformity, and predict potential segregation or bleeding. Machine learning models trained on image datasets can correlate visual flow parameters with key mixture properties, such as water-to-cement ratio and admixture content, enabling automated optimization of mix design. Such AI-enhanced visualization systems support real-time decision-making and ensure consistent workability across batches, paving the way toward intelligent, adaptive, and sustainable concrete production [2], [3].

Integration of Sensors and Digital Information Systems.

Integrating sensors with digital visualization systems provides a comprehensive framework for evaluating and controlling concrete quality. Modern digital systems combine sensor data, imaging, and computational analytics to deliver real-time insights on slump flow and mix performance.

Artificial intelligence algorithms can analyze visual and sensor data simultaneously, identifying trends and optimizing water-cement ratios. Integration with Building Information Modeling (BIM) and cloud platforms further enhances this process by linking laboratory measurements to field operations (Figure 3).




Figure 3 . Experimental setup: (a) Kinect with camera mounting frame; (b) Slump cone in an inverted position; (c) Kinect and laptop computer running the 4D slump test program.

Such integration supports a closed-loop control system in which feedback from real-time monitoring is used to continuously adjust production parameters—paving the way for smart, adaptive concrete manufacturing.

Applications and Future Perspectives.

The use of visualization and sensor-based testing systems opens new frontiers for innovation in the construction industry. Key applications include:

- Automated slump detection and flow analysis through computer vision.
- 3D visualization for identifying flow uniformity and segregation zones.
- Wireless sensor networks for real-time field quality control.
- Predictive modeling for optimizing admixture design and material performance.

These digital advancements align closely with sustainability goals by reducing waste, conserving materials, and enhancing long-term durability (Reddy & Jagadish, 2014). Future research should focus on developing standardized calibration protocols,

enhancing the portability of digital equipment, and expanding interoperability between different sensor platforms

Conclusion.

Visualization and sensor-based systems represent a major step forward in the modernization of concrete technology, marking the transition from traditional empirical testing toward intelligent, data-driven quality control. By integrating imaging, sensing, and data analytics, engineers can achieve objective, repeatable, and real-time assessments of concrete workability throughout the entire production and placement process. These technologies allow for continuous monitoring of parameters such as flow rate, viscosity, and homogeneity, which are critical for ensuring optimal performance and durability of concrete structures.

The combination of digital imaging and smart sensors minimizes the impact of human error and subjectivity that often accompany manual testing methods. Automated data collection and analysis not only increase accuracy and reliability but also enable rapid adjustments during mixing or placement, ensuring consistent quality across different batches and environmental conditions. Moreover, the integration of visualization systems with Internet of Things (IoT) networks and cloud-based data management enables remote supervision, predictive maintenance, and the establishment of comprehensive construction quality databases.

As digital technologies continue to evolve, their application in concrete testing and production will further enhance the efficiency, transparency, and sustainability of construction practices. Future systems may incorporate artificial intelligence and machine learning algorithms capable of predicting material performance, optimizing mix designs in real time, and reducing waste through precise resource allocation. Ultimately, the convergence of visualization, sensing, and analytics will redefine modern construction as a smart, adaptive, and sustainable industry focused on long-term performance and resilience.

References

1 E.P. Koehler and D.W. Fowler, “Summary of Concrete Workability Test Methods”, Aug. 2003, Accessed: Oct. 30, 2025. [Online]. Available: <http://hdl.handle.net/2152/35335>.

2 P. Catti, N. Nikolakis, M. Ntoulmperis, V. Lakkas-Pyknsis, and K. Alexopoulos, “Real-Time Concrete Workability Estimation in Transit via an IoT-Enabled Cyber-Physical System”, *Electronics*, vol. 14, no. 16, p. 3289, Aug. 2025, doi: 10.3390/electronics14163289.

3 S.-K. Choi, N. Tareen, J. Kim, S. Park, and I. Park, “Real-Time Strength Monitoring for Concrete Structures Using EMI Technique Incorporating with Fuzzy Logic”, *Applied Sciences*, vol. 8, no. 1, p. 75, Jan. 2018, doi: 10.3390/app8010075.

4 Y. Zhang, X. Liu, J. Wang, and Y. Gao, “Recognition of the free slump in dry concrete mix: A 3D-digital image correlation test and the spatiotemporal variability”, *Cement and Concrete Composites*, vol. 160, p. 106012, July 2025, doi: 10.1016/j.cemconcomp.2025.106012.

5 J.-H. Kim and M. Park, “Visualization of Concrete Slump Flow Using the Kinect Sensor”, *Sensors*, vol. 18, no. 3, p. 771, Mar. 2018, doi: 10.3390/s18030771.

6 J. Yang and S.-H. Kim, “Factorial effects of mix design variables on the coefficient of thermal expansion of concrete mixtures”, *Road Materials and Pavement Design*, vol. 15, no. 4, pp. 942–952, Oct. 2014, doi: 10.1080/14680629.2014.920272.

ҒТАМР 67.11.59

КӨП ҚАБАТТЫ ҒИМАРАТТАРДЫҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ АУТРИГЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРДІ МОДЕЛЬДЕУ

А.А. Брянцев

Т.ғ.к., доцент, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Алматы қ.

Ж.Н. Қожа-Ахмет

Магистрант, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Алматы қ.

Биіктіктің артуы дәстүрлі қаңқалық схемаларды тиімсіз етеді, сондықтан аутригерлер (көлденең қатаңдық белдеулері) ұсынылады. Бұл жүйелер орталық қатаңдық өзегін сыртқы бағандармен байланыстырып, көлденең ығысуларды азайтады және күштерді тиімді қайта бөледі. ЛИРА-САПР бағдарламалық кешенінде 20 қабатты ғимараттың үш схемасы (базалық, темірбетонды және болат аутригерлі) сандық үлгіленді. Салыстырмалы талдау аутригерлік жүйелердің тербеліс жиіліктерін арттырып, ығысуларды азайтатынын көрсетті, бұл олардың ғимараттың қатаңдығына оң әсерін дәлелдейді.

Түйін сөздер: Аутригерлік жүйелер, сейсмикалық тұрақтылық, көп қабатты ғимараттар, сандық үлгілеу, ЛИРА-САПР, көлденең ығысулар, қатаңдық, тербеліс периодтары.

Ғимараттардың қабаттылығының артуы олардың кеңістіктік қатаңдығы мен орнықтылығын қамтамасыз етуде күрделі мәселелер туғызады. Бұл әсіресе сейсмикалық әсерлер [4] және қатты жел жүктемелері сияқты айтарлықтай көлденең жүктемелер кезінде өзекті.

Жобалау кезінде ғимараттың берілген жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін жұмыс сипаттамалары бойынша жобалау (performance-based design) тұжырымдамасы қолданылады. Жобалау нормаларындағы талаптарды орындау үшін дәстүрлі қатаңдық элементтерімен қатар, сейсмикалық энергияны сіңіретін және ішкі күштерді тиімді қайта бөлетін аутригерлік жүйелер қолданылады [3].

Биік және көпқабатты ғимараттарды салу кезінде қатаңдық өзегінен, тіректерден (колонналардан) және жабындардан тұратын конструкциялық сұлба, әдетте, тиімсіз болып қалады, себебі ғимараттың қатаңдығын қамтамасыз ету үшін материал шығынын арттыру қажет болады.

Ең тиімді шешім – бұл көлденең қатандық белдеулерін (немесе оларды аутригерлер деп те атайды) қолдану, мұның арқасында ғимарат каркасының сыртқы тіректері (колонналары) жұмысқа қосылады.

Биік ғимараттар құрылысының дамуына қарай, аутригерлік жүйелер ең танымал жүйелердің біріне айналды. Ол аударылу моментін азайту есебінен бүйірлік ығысуларды бақылауға мүмкіндік береді.

Аутригерлік жүйелер орталық қатандық өзегін ғимараттың шеткі бағандарымен байланыстыратын массивті арқалықтар немесе фермалар түрінде орындалады. Аутригерлер көлденең жүктемелердің әсерінен болатын иілуге қарсы тұрады және күштерді сыртқы бағандарға қайта бөлу арқылы ішкі кернеулерді азайтады, көлденең ығысуларды төмендету үшін қызмет етеді [1].


Көп қабатты ғимараттардың сейсмотұрақтылығын зерттеуде сандық үлгілеу негізгі рөл атқарады. Бұл зерттеудегі есептеулер мен талдаулар шектеулі элементтер әдісін іске асыратын ЛИРА-САПР сияқты заманауи бағдарламалық кешендерді қолдану арқылы жүзеге асырылады [2].

Аутригерлік жүйелерді қосудың әсерін зерттеу ғимараттың динамикалық сипаттамаларына негізделеді, атап айтқанда, тербеліс жиіліктері мен периодтарына мән беріледі. Тиімді конструктивті шешімдер бастапқы модельмен салыстырғанда жоғары жиіліктермен және қысқа тербеліс периодтарымен сипатталады, ал жиіліктің артуы ғимараттың қатандығын көрсетеді. Сонымен қатар, сейсмикалық әсердің маңызды көрсеткіші болып табылатын көлденең ығысулар зерттеледі, себебі аутригерлік жүйелерді қолдану оларды айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, кернеулі-деформацияланған жағдайды бағалау жүргізіледі, өйткені сандық үлгілеу бағандар мен арқалықтардағы ішкі күштердің аутригерлер арқылы қайта бөлінуін бағалауға мүмкіндік береді.


ЛИРА-САПР бағдарламасында көпқабатты темірбетонды қаңқалық ғимараттың үш түрлі конструктивті схемасы қарастырылды:

1. Қатандық элементтері жоқ бастапқы қаңқа.
2. Темірбетонды аутригері бар қаңқа.
3. Болат аутригері бар қаңқа.


Мақалада ЛИРА-САПР бағдарламалық кешенінде 20 қабатты ғимаратқа талдау жүргізілді. Аутригерлік жүйелер оныншы және ең жоғарғы (немесе техникалық) қабаттарда орналастырылды.



Сурет 1. Сейсмикалық қорғау жүйелері жоқ базалық модель:
a – кеңістіктік моделі, *b* – *X* осі бойынша орын ауыстыру мозаикасы: максималды мәні (20,1 м), *c* – *Y* осі бойынша орын ауыстыру мозаикасы: максималды мәні (16,2 м).



Сурет 2. Темірбетон аутригері бар ғимарат:
a – кеңістіктік моделі, *b* – *X* осі бойынша орын ауыстыру мозаикасы: максималды мәні (17,6 м), *c* – *Y* осі бойынша орын ауыстыру мозаикасы: максималды мәні (15,2 м).



Сурет 3. Болат аутригері бар ғимарат:

a – кеңістіктік моделі, *b* – *X* осі бойынша орын ауыстыру мозаикасы: максималды мәні (17,7 м), *c* – *Y* осі бойынша орын ауыстыру мозаикасы: максималды мәні (15,2 м).

Қарастырылған схемалардың салыстырмалы талдауы көрсеткендей, қатандық элементтері бар схемалар бастапқы қаңқамен салыстырғанда көлденең ығысуларды және тербеліс периодтарын азайтты. Аутригерлік жүйе көлденең ығысуды азайтып, жоғары меншікті тербеліс жиілігін көрсетті. Бұл аутригерлік жүйенің ғимараттың кеңістіктік қатандығына айтарлықтай оң әсер ететінін растайды [2, 3].

Аутригерлі қабаттарды ұтымды орналастыру ғимарат қаңқасының табиғи тербелістерінің жиілік спектрін жақсартуға және тірек конструкцияларындағы сейсмикалық жүктемелерден туындаған күштерді азайтуға әкеледі.

Кесте 1. *x*, *y* осьтері бойынша ығысуы.

№	Модель	<i>x</i>	<i>y</i>
1	Базалық модель	20,1	16,2
2	Темірбетон аутригерлік жүйесі	17,6	15,2
3	Болат аутригерлік жүйесі	17,7	15,2

Берілген мәліметтерге сүйене отырып, құрылымды сейсмикалық жүктемелерге төзімділігін арттыру үшін әртүрлі әдістерді салыстыруға болады. Кестеде құрылымның әрбір моделі үшін *X* және *Y* осьтері бойынша ығысу көрсеткіштері көрсетілген.

– Базалық модель (күшейткішсіз): Ең үлкен ығысуды көрсетеді ($X=20,1$ мм, $Y=16,2$ мм). Бұл модельдің сейсмикалық тұрғыдан ең осал екенін көрсетеді.

– Темірбетон аутригерлік жүйесі және Болат аутригерлік жүйесі: Ығысу көрсеткіштері бір-біріне жақын (шамамен $X=17,6-17,7$ мм, $Y=15,2$ мм). Аутригерлер базалық модельге қарағанда жақсырақ нәтиже көрсетеді.

Есептеулер ғимараттың сейсмикалық жүйесінің түріне байланысты бірінші және кейінгі тербеліс формаларының өзгеретінін көрсетті. Тербеліс формаларының жиіліктері неғұрлым жоғары болса, жүйе соғұрлым қатаң болады.

– Базалық модель ең төменгі жиіліктерге және ең ұзақ тербеліс кезеңдеріне ие. Бұл үлкен резонанстық эффектілердің ықтималдығын көрсетеді.

– Аутригерлік жүйелер жиіліктерді айтарлықтай арттырды, бұл оның қатаңдығының жоғары екенін дәлелдейді.

Үдеулердің мәндері тікелей тербеліс жиіліктерімен байланысты. Жиілік неғұрлым жоғары болса, ғимараттың жоғарғы қабаттарындағы үдеулер соғұрлым төмен болады, бұл пайдаланушылардың қауіпсіздігі мен жабдықтың сақталуы үшін маңызды.

Ғимараттардағы дәстүрлі қаңқалық схема (қатаңдық өзегі, бағандар және жабындар) биіктік артқан сайын (біздің жағдайымызда 20 қабат) сейсмикалық әсерлер кезінде тиімсіз бола бастайды, өйткені қажетті қатаңдықты жасау үшін материал шығынын арттыру керек. Осыған байланысты, аутригерлерді енгізу сыртқы бағандарды жұмысқа қосу арқылы ғимарат қаңқасының жалпы қатаңдығын күрт арттырады. Бұл көлденең жүктемелердің әсерінен болатын иілуді азайтып, күштерді тиімді түрде қайта бөлуге мүмкіндік береді [1, 3].

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Малыгин А.Б. Применение аутригерных этажей в высотном строительстве // Инженерный вестник Дона. – 2022. – №4. – URL: ivdon.ru/magazine/archive/n4y2022/7585. – 5-8 б.

2 Agakhanov E., Kravchenko G., Trufanova E., Agakhanov M. Digital modeling of seismic impact on the frame of multi-storey buildings with outrigger systems // E3S Web of Conferences. – 2023. – Vol. 381, 02012. – DOI: 10.1051/e3sconf/202338102012. – P. 1-6.

3 Кравченко Г. М., Труфанова Е. В., Высоковский Д. А. Влияние аутригерных систем на пространственную жесткость объекта параметрической архитектуры // Modern Trends in Construction, Urban and Territorial Planning 2022. – 2022. – Vol. 1, No. 4. – С. 44–51.

4 Немчинов Ю. И. Сейсмостойкость высотных зданий. Международные достижения и украинский опыт // Строительство уникальных зданий и сооружений. – 2019. – № 3. – 2-5 б.

5 Веселова Е.А., Комшин С.В. Конструктивные системы жилых высотных зданий: монография. – Н. Новгород: ННГАСУ, 2022. – 141 с.

ҒТАМР 67.01.11

ҚҰРЫЛЫС ЖОБАЛАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ: PRIMAVERA P6 БАҒДАРЛАМАСЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

А.А. Брянцев

Т.ғ.к., доцент, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Алматы қ.

С.М. Дастанбек

Магистрант, Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясы, Алматы қ.

Жобаларды басқару құрылыс саласында маңызды мәселелердің бірі болып саналады, себебі жобаны жүзеге асырудағы шығындар, мерзімдер және сапа оның басқару деңгейіне тікелей байланысты. Заманауи бағдарламалардың даму арқасында шығындардың алдын алуға болатынына көз жеткіземіз. Бұл мақалада құрылыс жобаларын басқаруда заманауи бағдарламалардың рөлі мен маңызы қарастырылады. Солардың бірі Primavera P6 бағдарламасының функционалдық мүмкіндіктері талданып, оның күрделі құрылыс жобаларындағы тиімділігі көрсетіледі. Зерттеу Астана қаласындағы әкімшілік және өндірістік ғимаратының құрылысына негізделген. Primavera P6 жүйесінде жобаның құрылымдық иерархиясы (WBS), уақыттық жоспарлау, ресурстық жүктеме және сыни жол (Critical Path) есептелді. Зерттеу нәтижесі Primavera P6 бағдарламасының көпдеңгейлі және ұзақ мерзімді жобаларды басқаруда жоғары тиімді екенін дәлелдейді.

Түйін сөздер: Жобаларды басқару, Primavera P6, тиімді басқару, тиімділік, жоспарлау, ресурстық жүктеме, заманауи бағдарлама.

Қазіргі таңда құрылыс саласы қарқынды дамып, жобаларды күрделілігі артып келеді. Мұндай жағдайда жобаларды тиімді басқару заманауи бағдарламалық жүйелердің қолдануын талап етеді. Уақыт, ресурстар және шығындар арасындағы тепе-теңдікті сақтау, алынған жобаны өз мерзімінде және жоспарланған бюджетте аяқтау үшін қатаң бақылау және автоматтандырылған болуы қажет.

Primavera P6 – әлемдегі ең қуатты жобалық басқару жүйелерінің бірі де бірегейі. Ол көп деңгейлі құрылымдары, ресурстық талдауы және сыни жолды есептеу мүмкіндігі арқылы күрделі және ұзақ мерзімді жобаларға арналған тиімді құрал болып табылады. Қазақстанда бұл бағдарлама ірі құрылыс және өнеркәсіп жобаларында кеңінен қолдану бастау алуда.

Негізгі бөлім.

Primavera P6 бағдарламасының жалпы сипаттамасы.

Primavera P6 – Oracle компаниясының көпфункционалы жоба басқару платформасы. Бағдарлама жүздеген немесе мыңдаған тапсырмалары бар кешенді жобаларды басқаруға мүмкіндік береді. Оның негізгі мүмкіндіктері:

- Жобаның көп деңгейлі құрылымын (WBS) құру;
- Жұмыстар арасындағы логикалық байланыстарды анықтау;
- Жұмыс кестесін күн, апта, ай бойынша жоспарлау;
- Ресурстарды (жұмыс күші, техника, материалдар) бөлу және бақылау;
- Тәуекелді талдау;
- Сыни жолды есептеу (Critical Path Method);
- Жобаның орындалуын нақты уақытта қадағалау.

Осы функционалдық ерекшеліктер Primavera P6 бағдарламасын күрделі құрылыс жобаларын басқаруда таптырмас құрал етеді.

Астана қаласындағы әкімшілік және өндірістік ғимараты жобасының сипаттамасы.


Зерттеуге негіз болған нысан – Астана қаласында орналасқан әкімшілік және өндірістік ғимарат. Жоба келесі ерекшеліктерге ие:

- Жоба басталуы: 21.04.2025ж
- Аяқталуы: 08.09.2026ж
- Жалпы ұзақтығы: 507күн
- Жұмыс көлемі: бірнеше бөлімнен тұратын күрделі құрылыс-монтаж жұмыстары


- Жобаның негізгі кезеңдері:
- жер жұмыстары;
- іргетас;
- металл және қаңқа монтажы;
- қабырғалар мен жабын;
- инженерлік жүйелер;
- әрлеу жұмыстары;
- абаттандыру.

Бұл деректер Primavera P6 бағдарламасына енгізіліп, толық жоспарлау жүргізілді.

Priority directions of science and education development



Сурет 1. Әкімшілік және өндірістік жұба бойынша жалпы жоспар.



Сурет 2. Әкімшілік және өндірістік жұба бойынша жалпы жоспар.

Primavera P6 жүйесінде жобаның құрылымдық иерархиясын(WBS) құру. Жоба WBS құрылымы бойынша бірнеше деңгейге бөлінеді. Әрбір деңгей нақты жұмыс блогын білдіреді.

Мұндай иерархиялық құрылым:

- жұмысты жүйелі жоспарлауға;
- жауапты орындаушыларды нақты анықтауға;
- мерзімдерді бақылауды жеңілдетуге;
- есептілікті автоматтандыруға мүмкіндік береді.

KOMATSU жобасында WBS құрылымының деңгейлері төмендегідей болды:

1. Жобаның жалпы деңгейі.
2. Құрылыс кезеңдері.
3. Жұмыс топтары.
4. Жеке тапсырмалар.

Бұл құрылым жобаның басқару тиімділігін арттырды.

Primavera P6 негізінде уақыттық жоспарлау және сыни жолды анықтау.

Жобаның барлық тапсырмалары өзара логикалық байланыспен біріктірілді. Нәтижесінде жобаның сыни жолы нақты анықталды.

Әкімшілік және өндірістік жобасының сыни жолына кіретін басты жұмыстар:

- Жер жұмыстары.
- Іргетас.
- Қаңқа монтажы.
- Инженерлік жүйелер.
- Ішкі әрлеу.
- Объектіні тапсыру алдындағы тексеру.

Сыни жолдың жалпы ұзақтығы – 507 күн.

Primavera P6 жүйесі тәуекелдерді ескеріп, барлық жұмыстардың әсерін автоматты түрде қайта есептеп отырады. Бұл жобаның кешігуіне жол бермеуге мүмкіндік береді.

Ресурстарды басқару және олардың жүктемесін талдау.

Primavera P6 ресурстарды үш топқа бөліп есептеді:

- Жұмыс күші (labor);
- Техника (equipment);
- Материалдар (materials).

Жұмыс кестесіне сүйене отырып, бағдарлама ресурстық жүктемені автоматты түрде есептеп, артық жүктеме байқалған кезеңдерді көрсетті. Бұл менеджерге ресурстарды қайта бөлуге, жұмыс қарқынын үйлестіруге мүмкіндік берді.

Нәтижесінде жобада:

- ресурстардың шамадан тыс жүктемесі болмады;
- жұмысшылар саны әр кезеңге сәйкес оптималды бөлінді;
- уақыт пен шығын тиімділігінде 3–5% үнем байқалды.

Primavera P6 нәтижелерінің тиімділікке әсері.

Зерттеу нәтижесінде Primavera P6 бағдарламасы жоба басқаруда келесі артықшылықтарды көрсетті:

Жоспарлау дәлдігі – 98%.

Бюджеттік тәртіп – 97,8%.

Ресурстарды оңтайлы бөлу – 95%.

Жобаның орындалуын бақылау – нақты уақыт режимінде.

Кешігулерді алдын ала анықтау – автоматты есептеулер арқылы.

